

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЖОҒЫРА ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІ ПЕДАГОГ ЖӘНЕ БАСШЫ КАДРЛАРДЫ  
ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ  
НЕГІЗГІ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ**

**ТАШКЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТИ  
ҚҰРАМЫНДАҒЫ ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ  
ОЛАРДЫҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ ТАРМАҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ білім бағыты**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ ДАМУ  
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР  
модулы бойынша**

**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН**

**Ташкент-2018**

**Бұл оқу-әдістемелік кешен Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің 2018 жыл “27” “март” дағы “274” санды бұйрығымен бекітілген оқу жоспары және бағдарламасы негізінде істеп шығылған.**

Түзушілер: Е.Абдувалитов – Низами атындағы ТМПУ,  
“Орыс әдебиеті және оны оқыту әдістемесі”  
кафедрасы профессоры, п.ғ.к.

Н.Абдувалитов – Низами атындағы ТМПУ,  
“Орыс әдебиеті және оны оқыту әдістемесі”  
кафедрасы аға оқытушысы

Пікір жазған: А.Қалдыбекова – Низами атындағы ТМПУ,  
“Жалпы педагогика” кафедрасы профессоры, п.ғ.к.

**Оқу-әдістемелік кешен Ташкент мемлекеттік педагогика университеті Кеңесінің 2017 жыл “28” “декабр”дағы 5/4.13- санды қаулысымен баспаға ұсынылған.**

## МАЗМҰНЫ

<b>I. ЖҰМЫСТЫҚ БАҒДАРЛАМА.....</b>	<b>4</b>
<b>II. МОДУЛДІ ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕР.....</b>	<b>16</b>
<b>III. ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУ МАТЕРИАЛДАРЫ .....</b>	<b>22</b>
<b>IV. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МАЗМҰНЫ .....</b>	<b>97</b>
<b>V. ОҚУ МОДУЛІ БОЙЫНША КЕЙС ҮЛГІСІ.....</b>	<b>104</b>
<b>VI. ӨЗІНДІК БІЛІМДІ ТАҚЫРЫПТАРЫ.....</b>	<b>108</b>
<b>VII. ГЛОСАРИЙ.....</b>	<b>109</b>
<b>VIII. ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....</b>	<b>112</b>

# **I. ЖҰМЫСТЫҚ БАҒДАРЛАМА**

## **КІРІСПЕ**

Бұл жұмыстық бағдарлама Өзбекстан Республикасы Президентінің 2015 жыл, 12 июндегі “Жоғары білім мекемелерінің және педагог кадрларды қайта даярлау және білімін жетілдіру жүйесін одан ары дамыту іс-шаралары туралы” ПЖ-4732-санды, 2017 жыл 7 февралдағы “Өзбекстан Республикасын одан ары дамыту бойынша Әрекеттер стратегиясы туралы” ПЖ-4997-санды Жарлықтары, сондай-ақ 2017 жыл, 20-апрелдегі “ Жоғары білім жүйесін одан ары дамыту іс-шаралары туралы” ПҚ–2909-санды қаулысында белгіленген үстем міндеттер мазмұнына сай түрде істеп шығылған болып, бағдарлама заманауи талаптар негізінде қайта даярлау және білім жетілдіру үдерістерінің мазмұнын одан ары дамыту, сондай-ақ жоғары білім мекемелері педагог кадрлардың кәсіби компетенциясын жүйелі түрде қалыптастыруды көздейді.

Жұмыстық бағдарламада “Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің даму тенденциялары және инновациялар” модулі бойынша оқыту басқыштарында алып барылатын сабақ түрлері, оның оқытудың түрлі заманауи әдіс-тәсілдерін пайдалану ұсынылады.

### **Модулдің мақсаты мен міндеттері:**

**“Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің даму тенденциялары және инновациялар” модулінің мақсаты:**

тыңдаушыларда оқытудың ең қолайлы заманауи әдіс-тәсілдерінен оқытудың түрлі басқыштарында пайдалана алу бойынша кәсіби қызметі туралы алғашқы білімдермен қаруландыру, ептілік және дағдыны қалыптастыру.

**“Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің даму тенденциялары және инновациялар” модулінің міндеттері:**

- тыңдаушыға қазақ тілі және әдебиетін оқытудың инновациялық технологиялардың озат жетістіктерін, оқыту үдерісін бағалаудың заманауи жүйелерін, көркем шығарманы талдауды, сондай-ақ сабақтың ғылыми-теориялық негіздерін үйрену;

- қазақ тілі және әдебиеті пәніне тиісті сынып және сыныптан тыс жаттығуларды ұйымдастырудың теориялық-әдістемелік негіздерін үйрену;

- ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстарын дамыту жолдары туралы мәлімет беру, оларда алғашқы кәсіби-педагогикалық және әдістемелік ептілік және дағдыларды қалыптастыру;

- қазақ тілі және әдебиет сабақтарының тәрбиелік әсерін асыру, көркем шығармаларды лингвистикалық және әдеби талдаудың ғылыми-теориялық негіздерін үйрену;

- қазақ тілі және әдебиет пәнін оқытудың өзіндік ерекшеліктерін айқындау, сабақта қолдану қажет болған көренкілік құралдардан пайдалану, өзіндік және шығармашылық тапсырмалар негізінде шығармашылық қабілетін дамыту, кітап оқу мәдениетін қалыптастырудан тұрады.

### **Модул бойынша тыңдаушылардың білім, ептілік, дағды және компетенцияларына қойылатын талаптар.**

#### **Тыңдаушы:**

- бұл оқу предметтің теориялық негіздерін білуі, көркем шығармаларды лингвистикалық талдау және бағалау мөлшерін білуі;

- инновациялық технологиялардың маңызын, олардың ұқсас және ерекшеліктерін айқындау және педагогикалық мүмкіндіктерін білуі;

- оқытудың барлық әдістерінен өнімді пайдалану, жаңа оқу мазмұнын ескі әдіспен алып болмайтынын аңғару және жаңа принциптер негізінде әдеби шығармаларды үйрену;

- тыңдаушы өзіндік пікірге ие тұлға, қазақ тілі және әдебиетін оқытуда студенттердің ауызша және жазбаша тіл ұстарту жұмыстарын дамыту;

- сабақ үдерісіне қосымша әдебиттерді, жаңа ақпарат және түрлі технологиялар туралы **білімге ие** болуы керек;

- қазақ тілі және әдебиеті пәндерінен оқу бағдарламаларын істеп шығу, теориялық және практикалық жаттығулар үшін материалдар жинау және оларды саралау, практикалық жаттығулар үшін дидактикалық материалдар жинау және оқу тапсырмалары түрлерін анықтау және әістеп шығу;

- шығармашылық тапсырмалар үшін қазақ тілі және әдебиеті пәндері бойынша ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау үшін сынақ тапсырмаларын дайындауға креативті жандасу;

- лекция жаттығулары үшін мәтіннің визуал құрал-жабдықтарынан пайдалану (оқу материалларының графикалық: схема, кесте, диаграмма, бейнелеу және т.б.) көріністе болу **дағдыларын игеру**;

- лекция және практикалық жаттығулар, сондай-ақ рейтинг бақылау үшін кейстер және стандартты және стандартты емес тест жинақтарын істеп шығу;

- оқу құралдарына қарап әдіс таңдай алу, қазақ тілі және әдебиеті сабақтарында ұлттық идеология және тәуелсіздік идеясын сіңіре алу **іскерлігін игеруі**;

- оқу процесінің түрлі басқыштарында қазақ тілі және әдебиеті пәні бойынша үлгілі сабақ өту, түрлі шараларды өткізу, заман талабына сай сабақтарды ұйымдастыра алу **компетенцияларына ие болуы керек**.

### **Модулді ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсыныстар.**

**“Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің даму тенденциялары және инновациялар” модулін оқыту процесінде:**

- оқытудың заманауи әдістері, педагогикалық технологиялары және ақпарат-коммуникациялық технологияларды қолдану көзде тұтылған;
- лекция сабақтарында заманауи компьютер технологиялар жәрдемінде презентациялық және электрон-дидактикалық технологиялардан;
- практикалық жаттығуларда техникалық құралдардан, экспресс-сұрақтардан, тест сұрақтары, ақыл шабуылы, кіші топтармен жұмыс істеу, коллоквиум өткізу және басқа интербелседі оқыту әдістерін қолдану көзде тұтылады.

**Модулдің оқу жоспарындағы басқа модулдермен байланысы және үздіксіздігі.**

“Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің даму тенденциялары және инновациялар” модулі бойынша оқу жоспарындағы “Олий таълим жараёнини бошқаришда тизимли таҳлил ва бошқарув қарорларини қабул қилиш”, “Фанларни ўқитишда илғор хорижий тажрибалар”, “Олий таълим дидактикаси” ва “Педагогик квалиметрия” субмодуллерімен үздіксіз байланыста алып барылады.

**Модулдің жоғары оқу орындарындағы орны.**

“Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің даму тенденциялары және инновациялар” модулі тіл білімі және әдебиеттану негіздерін үйренуде педагогикалық технологиялардан пайдалану көзде тұтылады. Модулді меңгеру арқылы тыңдаушылар қазақ тілі және әдебиеті пәнін үйретуде заманауи оқыту әдістерінен іс жүзінде қолдану, жетістіктері мен мүмкіндіктеріне сай мәселелерді бағалауға тиісті кәсіби компетенцияға ие болады.

**Модул бойынша ажратылған сағаттар жүктемесі**

№	Модул тақырыптары	Тыңдаушының оқу жүктемесі, сағаты					
		Барлығы	Аудиториядағы оқу жүктемесі				Өзіндік білім
			жалпы	Теориялық	Практикалық	Аудиторияда н тыс	
1.	Қазақ тілі және әдебиет пәнінің даму бағыттары	6	6	2	4		
2.	Қазақ тілінің теориялық мәселелеріне жаңаша жандасулар	6	6	2	4		

3.	Қазақ тілін оқытуда заманауи жандасулар: тілді коммуникативті және компетенциялық жандасулар негізінде оқыту	8	6	2	4		2
4.	Инновация ұғымының білім беру саласындағы орны	2	2	2			
5.	Қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқытуда инновациялық технологиялар	6	6	2	4		
6.	Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар мен әдістер	4	2	2			2
7.	Қазақ әдеби сынының бүгінгі жай-күйі	6	6	2	4		
8.	Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиетінің жанрлық тұрғыдан дамуы	6	6	2	4		
<b>Жалпы:</b>		<b>44</b>	<b>40</b>	<b>16</b>	<b>24</b>		<b>4</b>

## ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МАЗМҰНЫ

### 1-тақырып: Қазақ тілі және әдебиет пәнінің даму бағыттары.

Сөз мәдениетін экологиялық аспекті тұрғысынан қарастыру мәселесі өте көкейкесті. Сөз экология дегеніміз – ойлау-сөйлеу мәдениеті, сөйлеу тәртібі, лингвистикалық дәстүрге тәрбиелеу, ұлттық тілді қорғау және “тазалау”, ұлттық тілді меңгеру, сөз сапасын арттыру, функционалды стильдердегі баланстарды сақтау, сөз эстетикасының жолдарын анықтау деген ұғым түсініктердің кешенді мәселелерін қарастырады. Сөз мәдениеті мәдениет экологиясының ең маңызды бөлігін құрайды. Мәдениет – өнер, ғылым, ағарту саласының жетістіктерінің жиынтығы болса, онда ол тіл мен сөзге қатысты ғана анықталады. Қазақ тілінің бүгінгі хал-жағдайын бағдарлайтын жаңа бағыттағы ғылым-білімнің негізгі бастаулары жалпы білім беретін мектептерде, жоғары оқу орындарында оқытылуға тиіс. Осы тұрғыдан бұл мәселе мемлекеттік орындарда арнайы мемлекеттік тапсырысқа алынып, осы саланың басшыларының назарына ілінуі керек. Лингвоэкологияда қарастырылатын мәселелердің бірі – тілдік ортаның сөз тазалығы. *Дөрекі, былапыт, боқтық* сөздер – қоғамның, жеке адамның рухани саламаттылығына зиянын тигізетін дерттің бірі. Әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы жаңа мәселелері. Қазақ әдебиетіндегі ақтаңдақ кезең келбеті және оның қазіргі тұрғыдан зерттелу сипаты. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі көркемдік әдіс мәселесінің қайта қаралуы. Қазіргі ғылыми-зерттеу әдіснамасы туралы әдебиеттегі жаңа бағыт, соңғы сарындар, ұлттық рухтың қазақ әдебиетінде жаңаша көріну сипаттары. Көркем әдебиет және цензура. Сөз бостандығының көркем шығармашылықтағы көріністері. Қазіргі ғылыми-техникалық дамудың жеке адам мен қоғамдық санаға ықпал-әсері. Әлемдік әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістердің мәні мен маңызы, бағдары мен бағыттары. Отаршылдық

кезең мен кеңес дәуіріндегі тоталитарлық жүйенің көркем әдебиетте реалистік тұрғыда бейнеленуі. Дәстүрлі, классикалық, эстетикалық көзқарастар сипатындағы әлемдік өзгерістер.

## **2-тақырып: Қазақ тілінің теориялық мәселелеріне жаңаша жандасулар.**

Қазіргі тіл біліміндегі жаңа ағымдардың ішінде – мәтін лингвистикасы да бар. Мәтін – шығу тегі араб сөзі. Текст шығу тегі латын сөзі *textum*. (*байланысқан, қосылған, біріккен, тоғысқан, тоқыма*). Мәтін тікелей құрылымдылық – жүйелі және антропоцентрикалық парадигмалармен байланысты: бүгінде мәтін сол екі лингвистикалық ғылымдар білімі парадигмаларының синтездік көзқарасымен зерттеледі (екінішісінің басмыдылығымен).

Антропоцентрикалық парадигма толық қалыптаспай тұрған кезінде мәтін құрылымдылық парадигманың ұғымдары, ұстанымдары, әдістері негізінде зерттелген.

Қазір мәтін лингвистикасы лингвосаясат (саяси лингвистика), когнитивтік лингвистика т.б. сияқты, тіл білімінің арнайы бөлімі (ағыны) болып қалыптасты, яғни ғылыми автономияға ие болды.

Қазір мәтінді зерттеушілер формалды түрде екіге бөлінеді: 1) мәтіннің дәстүрлі зерттеушілері (құрылымдылық парадигма негізінде); 2) мәтіннің жаңашыл зерттеушілері (антропоцентрикалық парадигма негізінде, құрылымдылық парадигманың жетістіктерін қоса пайдаланып).

Егер адамның ойлау қабілетінің жаңа менталдық кеңістіктерді жасайтын мүмкіншілігі болмағанда, онда ол күнделікті әлем көрінісінің ішкі дүниесіне кіре алмас еді.

Шынайы әлем мәтінде дәл өзіндей көрсетілмейді, оның мәтіндегі көрінісі адам жасаған интерпретация. Интерпретацияның қандай екендігі (қай деңгейде жасалғандығы) – адамның ғылыми зерттеу, я көркем жазу объектісін түсіну деңгейіне, мәтін жасау ұстанымдарының ерекшеліктеріне тәуелді. Себебі әр ғылыми я көркем мәтін жасаушының мұндай мүмкіншіліктері әр түрлі. Сондықтан адам жасаған мәтін екі жағдайды түсінуге мүмкіншілік береді: 1) адамның ойлау қабілетінің мүмкіншілігінің деңгейін, 2) оның ойлау қабілетінің тіл арқылы жариялану деңгейін.

Қазіргі жалпы тіл білімінде және мәтін лингвистикасында мәтіннің диапозонды, нақты анықтамасы жоқ, себебі мәтін көп қырлы дүние, сондықтан ол көпжақтама зерттеледі. Мысалы, дәстүрлі тіл білімінде мәтіннің негізгі зерттеу нысаны, қисыны жүйелі мәтін жасау ережелерін сол ережелер арқылы көрініс (айтылым, жазылым) табатын категориялар болса, бүгінгі мәтін лингвистикасында мәтіннің зерттелу нысаны кеңейді, әртүрлі болды. Мәтін әлеуметтік-тілдесімдік шығарма ретінде зерттеле басталды. Мәтінді зерттеуге тіл білімі ғылымының семантикасының, тілдесім акттар теориясының, функционалдық стилистикасының және жеке бірақ тектес ғылымдардың ұстанымдары, ұғымдары ендіріледі (психолингвистиканың, семиотиканың, әдебиеттанудың, информатиканың, логиканың, психологияның, т.б.). Сонымен



мәтін лингвистикасының анықталуы бүгінге дейін шешімін таппады. Бұл мәселе үлкен дискуссиялық мәселе болып тұр.

### **3-тақырып: Қазақ тілін оқытуда заманауи жандасулар: тілді коммуникативті және компетенциялық жандасулар негізінде оқыту.**

Тіл – қоғамдық құбылыс. Сондықтан оның тарихы мен дамуы қоғамның тарихы мен дамуына байланысты болады.

Қоғам пайда болғаннан бері тіл қоғамға қатынас құралы ретінде қызмет етіп, оның дамуымен бірге дамып келеді. Қоғамның және оның дамуы тілдің дамуына әсер етпей тұра алмайды. Солай бола тұрса да тілдің дамуы қоғамның даму заңдары бойынша емес, өз заңдары бойынша дамиды.

Тілдердің өзара әсері екі түрлі жолмен болады. Бір жолы-тоғысу түрінде, екінші жолы – тілдік элементтердің (дыбыстардың морфемалардың, сөздердің, сөйлем құрылысының) енуі түрінде.

Тілдердің тоғысуы (этникалық топтардың бірігуі) процесінде субстрат, суперстрат, адстрат деп аталатын құбылыстар пайда болады.

Тіл білімінің зерттеу әдістері тілдің маңызды жақтарын зерттеудің жолы, тәсілі, солардың жиынтығы. Тіл ғылымының тарихында жаңа бетбұрыс кезеңдер, мәнді теориялық жаңалықтар ашылумен қатар, тілдің белгілі бір жағына айрықша көңіл бөлініп, оны зерттеудің әдістері де өзгеріп отырған. Жаңа теорияның пайда болуымен бұрынғы теорияларда пайдаланылған әдістер жоқ болып кетпейді, олар тілді зерттеудің жеке арнайы әдістері болып қала береді. Сөйтіп, даму барысында тілді зерттеудің әдістері де толығып отырған.

Когнитивті лингвистиканы жоғары оқу орындарында оқыту бүгінгі таңдағы заман талабынан, қоғам қажеттілігінен туындап отырған көкейтесті мәселелердің бірі. Когнитивті лингвистиканы жеке пән ретінде оқытудың басты мақсаты – тіл білімінің барлық салаларынан жан-жақты хабары бар, әсіресе дәстүрлі ғылымдардың бірнешеуінің басын біріктіретін лингвистикадағы жаңа ғылыми бағыттардың теориялық негіздерімен қаруланған тілші мамандар даярлаудан туындайды. Когнитивті лингвистика тіл арқылы қоршаған ортаны, адамзат қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып-білудің ғылыми-теориялық негіздерін қарастырады. Сондықтан когнитивті лингвистика тіл білімінің танымдық бағыттары мен аспектілерін әр түрлі қырынан ғылыми негіздейді және адамның таным процесіне қатысты білімін тереңдетіп, тәжірибесін молайтады. Когнитивті лингвистика пәнінің мақсаты – тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми негіздерін меңгерту, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары арқылы студенттердің ой өрісін кеңейту.

### **4-тақырып: Инновация ұғымының білім беру саласындағы орны.**

Қазақ тілін оқытуда инновациялық технология әдіс-тәсілдері студенттердің тілге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз ізденістері мен шығармашылық деңгейлерін дамытуға жол ашу болып табылады. Қазақ тілін оқыту үрдісінде жаңа технологияларды енгізу төрт кезеңнен тұрады:

I. Тілге қатысты жаңа идеяны іздеу; Инновацияларды ұйымдастыру, жаңалықтарды іздестіру.

II. Жаңалықтарды ұйымдастыру;

III. Жаңалықтарды енгізу, яғни жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану;

IV. Жаңалықтарды бекіту.

Инновациялық технология беретін нәтижелері: түрлі әдістерді пайдаланумен мемлекеттік тілді үйренудің нақты мәнін терең ашуға көмектеседі; студенттердің барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туды; олардың әрқайсының деңгейін анықтауға; студенттерді бағалау мүмкіндіктері мол; студенттерді өз бетінше жұмыс істеуге үйретеді; студенттердің қабілеттері, ұйымшылдықтары, шығармашылық белсенділігі, лексикалық қоры артады; жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзінің болашақ кәсібіне сенімі, қызығушылығы арта түседі.

Ғылыми тұрғыда «технология» ұғымы өндірістік және әлеуметтік технология деп талатын үлкен екі бағытқа жіктеледі. *Әлеуметтік технология* – өндірістік технологиядан әлдеқайда ауқымды, жүзеге асыру жағынан күрделі, қалыптасу, даму жағынан ұзақ мерзімді қажет ететін үрдіс. Білім берудегі педагогикалық технологиялар қызмет ету сипаты тұрғысынан әлеуметтік технологияларға біршама жақын.

### **5-тақырып: Қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқытуда инновациялық технологиялар.**

Қазақ тілін оқыту – қиын да қызық жұмыс. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру. Олардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау, оқытушының жеке басының интелектісін, оқу әрекетін, өтетін тақырып мазмұнын аша білу. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Әрине терең білім де, материалдың игеруге қолайлығы да, оқулық деңгейімен шектелу де мүлде нәтижесіз болды деп айта алмаймын. Технология мен әдістеменің мақсаты бір – “қалай оқыту мәселелерін қарастырады. Бұлар оқушының жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды.

Мұғалім үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады.

Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің

қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтай біз болашақ педагог-психологтардың жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына көрсеткіштерді қамтиды: Әдебиет пәнін оқытуда жаңа технологиялардың қайсысы тиімді. Қай технология әдебиет пәнінің мақсат, мазмұнына сәйкес келеді дегеннің жауабын іздеу аса маңызды.

Қазіргі технологияларда «миға шабуыл», дебат, модель, жоба жасату, оны қорғату, оқу, жазу арқылы оқушылардың сыни көзқарасын қалыптастыру жиі қолданылып келеді. «Сын тұрғысынан ойлау», «Дамыта оқыту», «Саралап деңгейлеп оқытудың педагогикалық технологиясы» т.б. көптеген технологияларды пайдаланып жүр.

Бүгінгі білім беру жүйесінде кез-келген жаңа әдіс-тәсілдер жиынтығы педагогикалық технология деген статусты ала алмайды. Педагогикалық технология көптеген факторларға қатысты анықталады.

Дайын рецептті ешкім бере алмайды. Ол рецепт пән иесінің тынымсыз еңбегі мен талғамының, үйлестіре, үндестіре білім шеберлігінің, пәнге деген ынтасы мен сүйіспеншілігінің өтеуінде табылады. Әсіресе әдебиет пәнін оқыту мақсаты мен міндеттері ерекше. Поэзияны сүйіп тұшынып оқымайтын, сөздің шебер сырын танып сүйсініп, ләззат алмайтын мұғалім, көркем шығарманы үнемі оқып, жанына серік етпейтін мұғалім, әдебиетке өзі сүйсінбейтін мұғалім әдебиетті оқытудың әдісін іздеп әуре болмаса да болады. Әр әдіс өз тиімділігімен бағалы. Бұрынғы ата-бабаларымыз бір ғана баяндау әдісімен-ақ әдебиетке ұрпағын құлшындыра алған. Сөздің қадір-қасиетін таныта алған. Кейде әдебиет сабағында мұғалімнің сүйсіне оқыған бір өлеңі-ақ көп міндетті атқаруы мүмкін. «Жүректен шыққан сөз ғана жүрекке жетеді». Әдебиет пәнінің басты мақсаты жүректегі сезімді жүректерге жеткізе білу амалдарын іздеу.

### **6-тақырып: Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар мен әдістер.**

Әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы жаңа мәселелері. Қазақ әдебиетіндегі ақтаңдақ кезең келбеті және оның қазіргі тұрғыдан зерттелу сипаты. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі көркемдік әдіс мәселесінің қайта қаралуы. Қазіргі ғылыми-зерттеу әдіснамасы туралы әдебиеттегі жаңа бағыт, соңғы сарындар, ұлттық рухтың қазақ әдебиетінде жаңаша көріну сипаттары. Көркем әдебиет және цензура. Сөз бостандығының

көркем шығармашылықтағы көріністері. Қазіргі ғылыми-техникалық дамудың жеке адам мен қоғамдық санаға ықпал-әсері. Әлемдік әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістердің мәні мен маңызы, бағдары мен бағыттары. Отаршылдық кезең мен кеңес дәуіріндегі тоталитарлық жүйенің көркем әдебиетте реалистік тұрғыда бейнеленуі. Дәстүрлі, классикалық, эстетикалық көзқарастар сипатындағы әлемдік өзгерістер.

### **7-тақырып: Қазақ әдеби сынының бүгінгі күй-жайы.**

Қазақ әдебиеті сынының тарихы пәніне жалпы шолу; Қазақ сыни пікірінің оянуы және әдебиет сынының тууы; Баспасөз және сын; «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің әдебиет сынын тудырудағы тарихи мәні; Жазба әдебиет және сын; Қазақ сынының жанрлық қалыптасуы және әдебиеттану; Дарындар - сын додасында; Әдеби мұра және оны игеру мәселелері; Оқулық жасау және әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесі; Сынның жанр ретінде қалыптасуы; Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуірдегі әдеби сын; Қазақ әдебиетінің тарихын жасау жолындағы жаңа ізденістер; Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуы; 60-90 жылдардағы қазақ әдеби сыны; Қазақ әдеби сынының бүгінгі жай-күйі.

### **8-тақырып: Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиетінің жанрлық тұрғыдан дамуы.**

Қазақ әдебиеті дамуының желісінде әдеби тек жанрларының жаппай дамуы ХХ ғасырда өрістеді. Көркем әдебиеттің лирикалық, эпикалық поэзия жанрларының ауызша да жазбаша да үлгілер қалыптасуының, дамуының көп ғасырлық тарихи бар қазақ сөз өнері кәсіби сахна өнеріне арналған драмалық туындылар жазу үрдісінде де игере бастаған еді. Шығарманың өзегіне сюжеттік сипаттың шағынынан бастап мол көлемділерін қамтитын эпостық туындылар әңгіме, очерк, новелла, повесть, поэма, роман, роман-эпопея – бәрі де қазақ сөз өнерінің әлем әдебиеті үдерісіндегі классикалық деңгейдегі көтерілген биіктігін дәлелдеді.

Қазіргі әдеби процестің, әсіресе, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ ақын-жазушыларының поэзиялық, прозалық және драмалық туындыларын қарастырғанда, ондағы әрбір жеке шығармаға негізделі отырып олардың өзіндік айтар ой-сезімдерін аңғаруға болады.

Қазіргі қазақ поэзиясы мағыналық, құрылымдық жағынан жаңа бір сипатта дамып келе жатқандай сезіледі. Өлеңнің түрленуі, сөз талғампаздығы, бейнелілік, автордың теңеулері, ақын жеке «меніне» сұрақ қоя білуі, сол арқылы қоғамдағы психологиялық қайшылықтарды ақтара білуін қадап айтуға міндеттіміз. Қазіргі жастар поэзиясының эстетикалық, ырғақтық түрленуіне аға ақындар Е.Раушанов, Т.Әбдікәкімов, С.Томанов, Г.Салықбай, Н.Мәукенұлы, А.Ыбыраев, Ә.Ботпанов, Б.Үсенов, М.Райымбекұлы, Ерлан Жүніс, Т.Таңжарық, Т.Тынысбекұлы, І.Мұқаев, Мирас Асан сынды ақындар үлкен әсер етті.

Тәуелсіздік кезіңіндегі қазақ прозасындағы ұлттық идеяның әлеуметтік талдау пайымымен көркем бейнеленуі жан–жақты сөз болған. Қазіргі қазақ прозасының тақырыптық деңгейі кеңіп, кеңестік жүйе кезіндегі жазбақ түгілі айтуға болмайтын «жабық» тақырыптарға қалам тарту мүмкіндігі туды. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасының көркемдік деңгейін көтеруге Ш. Мұртаза, М. Мағауин, Қ. Жұмаділов, Б. Нұржекеұлы, Т. Нұрмағамбетов, Қ.Түменбай, Ә.Тарази сынды қаламгерлер үлес қосты.

Қазіргі роман жанрындағы күрделі шығармаларда халық тағдыры, тарихи кезеңдер шындығын бейнелеуде уақыт тынысы, жеке адамдардың, отбасылардың, әлеуметтік ортаның даралықтары мен өзара байланыстары айқындала түсті. Қазіргі қазақ романдары – қазақ сөз өнері мұраларының бұрынғы және кейінгі көркемдік дәстүрінің жалғасы, сонымен бірге әлем өркениетіндегі әдеби үдерісінің бір арнасы.

Қазіргі қазақ драматургиясы – қазақтың ХХ ғасырдағы классикалық әдебиеті дамуының заңды жалғасы. Қазіргі кезде аға буын жазушыларымыздың ізін жалғастырушы Д. Исабековтің пьесалары да әралуан тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерімен әдебиетіміздің драматургия саласының дамуы қорын молайтты. Драматургтің «Ректордың қабылдау күндері», «Анасын аңсаған қыз», «Ескерткіш операциясы», «Алтын тордағы тоты» («Актриса»), «Ескі үйдегі екі кездесу», «Тор» пьесалары театрлар сахналарында үздіксіз қойылуда. Сұлтанәлі Балғабаев – қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрнекті драматург-қаламгер. Жазушының «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек», «Қыз жиырмаға толғанда», «Қазақша күрес», «Жамбала, Мико және қасқыр», «Біз де ғашық болғанбыз», «Ғашықсыз ғасыр», «Әйелдер әлемі» пьесаларында өмір шындығының сан түрлі мәселелері қамтылған.

## **ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МАЗМҰНЫ**

### **1-практикалық жаттығу: Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің даму бағыттары.**

Лингвоэкологияда қарастырылатын мәселелердің бірі – тілдік ортаның сөз тазалығы. *Дөрекі, былапыт, боқтық* сөздер – қоғамның, жеке адамның рухани саламаттылығына зиянын тигізетін дерттің бірі.

Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі көркемдік әдіс мәселесінің қайта қаралуы. Қазіргі ғылыми-зерттеу әдіснамасы туралы әдебиеттегі жаңа бағыт, соңғы сарындар, ұлттық рухтың қазақ әдебиетінде жаңаша көріну сипаттары. Әлемдік әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістердің мәні мен маңызы, бағдары мен бағыттары.

### **2-практикалық жаттығу: Қазақ тілінің теориялық мәселеріне жаңаша жандасулар.**

Тілні оқытуда компьютер лингвистикасы мүмкіндіктерінен пайдалану. Мәтіндерді автоматты түрде тексреу бағдарламасы. Қазақ тілі сабақтарында аудио және видео материалдардан, оқулық және оқу құралдардың электрондық версияларын пайдалану жолдары.

### **3-практикалық жаттығу: Қазақ тілін оқытуда заманауи жандасулар: тілді коммуникативті және компетенциялық жандасулар негізінде оқыту.**

Тіл дамыту – студенттердің ойлауын дамытумен тығыз байланысты екендігін таныту. Тіл дамытудың ауызша және жазбаша түрлері. Тілді дамытуға коммуникативтік және компетенциялық жандасулар.

Тіл мәдениеті туралы білім мазмұнын меңгерудің маңызы. «Дұрыс сөйлеу», «Жақсы сөйлеу» ұғымдарын талдау. Тіл мәдениеті бойынша жүргізілетін жұмыстар мен түрлері. Әдеби норма, ол туралы түсінік қалыптастыру

### **4-практикалық жаттығу: Қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқытуда инновациялық технологиялар.**

Инновациялық технология ұғымы жайлы түсінік. Қазақ тілі және әдебиеті сабақтарында пәндіралық интеграциядан пайдалану. Әдіс, әдістеме, методология. Интербелсенді әдістер. Қазақ тілі әдебиетін оқытуда заманауи әдістерден тиімді пайдалану жолдары.

### **5-практикалық жаттығу: Қазақ әдеби сынының бүгінгі жағдайы.**

Сынның жанр ретінде қалыптасуы; Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуірдегі әдеби сын; Қазақ әдебиетінің тарихын жасау жолындағы жаңа ізденістер; Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуы; 60-90 жылдардағы қазақ әдеби сыны; Қазақ әдеби сынының бүгінгі жай-күйі.

### **6-практикалық жаттығу: Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиетінің жанрлық тұрғыдан дамуы.**

Бүгінгі қазақ поэзиясының даму бағыттары. Қазақ поэзиясындағы тақырып пен идея. Бүгінгі қазақ прозасындағы әлім, адам, руханият мәселелеріне поэтикалық қатынас принциптері. Жаңаша әдеби-эстетикалық ой-сананың өзгеруінің факторлары. Үлкен және кіші прозалардағы тарихи және заманауи тақырыптар көлемінің артуы. Әлем әдебиеті тенденцияларының ұлттық әдебиетіміздің дамуына әсері. Модернизм және постмодернизм бағыттары және әдебиетімізде көрініс табуы.

## **ӨЗІНДІК БІЛІМ МАЗМҰНЫ**

Модульге тиісті үйренілген материалдар бойынша тыңдаушылар тарапынан өтілген тақырыптар негізінде өзіндік жұмыс орындалады. Өзіндік жұмысты ұйымдастыруда әр бір тыңдаушы өзіндік меңгеруі мен қабілетін есепке ала отырып төмендегі формалардан пайдалануға болады:

1) кейбір теориялық тақырыптарды оқу әдебиеттер көмегімен үйрену; 2) берілген тақырып бойынша реферат дайындау және қоғрау; 3) шығармашылық тапсырма немесе мақала дайындау.

## **ОҚЫТУ ҚАЛЫПТАРЫ**

Бұл модуль бойынша төмендегі оқыту қалыптарынан пайдалану:

- лекциялар, практикалық жаттығулар, (ақпараттар мен технологияларды меңгеру, теориялық білімдерді бекіту);

- дөңгелек стол (берілген тапсырманың шешімі бойынша ұсыныстар беру қабілетін арттыру, тыңдау, сезіну және логикалық қорытынды шығару);

- пікірталас (берілген тапсырмалар бойынша анық фактілер мен нақты аргументтерді ұсыну, тыңдау және проблемалардың шешімін табу қабілеттерін дамыту).

### БАҒАЛАУ МӨЛШЕРІ

№	Бағалау түрлері	Максимал балл	Балдар
1	Кейс тапсырмалары	2.5	1.2 балл
2	Өзіндік жұмыс тапсырмалары		0.5 балл
3	Практикалық тапсырмалар		0.8 балл

## II. МОДУЛДІ ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕР

«**Ми шабуылы**», «**ми штурмы**» («**дельфи**» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек.

«**Ми шабуылы**» хабарландыруды анықтау керек болғанда және/немесе қатысушылардың белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Өткізу алгоритмі:

1. Қатысушыларға талқылау үшін белгілі бір тақырып немесе сұрақ беру.
2. Осы мәселе бойынша өзінің ойын айтуға ұсыныс жасау.
3. Айтылғандардың барлығын жазу (олардың бәрін қарсылықсыз қабылдау керек). Егер сізге ол түсініксіз болатын болса, айтылғандарды қайталап анықтауға жол беріледі (кез-келген жағдайда идея қатысушының аузынан қалай шықса, солай жазылады).

4. Барлық идеялар мен талқылаулар айтылып біткеннен кейін, берілген тапсырма қандай болғанын қайталау керек, және қатысушылардың сөзінен сіз не жазып алдыңыз соның барлығын тізіп шығу керек.

5. Қатысушылардан, олардың пікірі бойынша алынған нәтижеден қандай қорытынды жасауға болатынын және тренингтің тақырыбымен байланысты оның қалай болатынын сұрай отырып жұмысты аяқтау қажет.


«**Ми шабуылы**» аяқталғаннан кейін (көп уақытты алмай, орташа 4-5 минут), жауаптың барлық нұсқаларын талқылау керек, бастыларын және келесілерін таңдау қажет. «**Ми шабуылы**» қажеттілігіне қарай тиімді әдіс болып табылады:

- даулы мәселелерді талқылау
- талқылауға қатысуға онша сенімді емес қатысушыларды ынталандыру;
- қысқа мерзім ішінде идеяны көптеп жинау;
- дәрісханалардың дайындығы мен хабарландырылуын анықтау.

### «**Балық склеті**» әдісі.


Бұл әдіс белгілі бір тапсырма бойынша проблемаларды шешуге өз көмегін тигізеді. Мысалы, АКТ пайдаланып сабақ өту барысында қандай кедергілерге кез болып жатырсыз. Проблемалар және оларды шешу әдістерін балық склетінің жоғары және төменгі бөліктеріне жазып шығасыз.





### **«Тармақтау» әдісі (Кластер).**

Белгілі бір пікірдің тармақталуы – бұл педагогикалық стратегия болып, әдіс тыңдаушыларды бір тақырыпты терең меңгеруге көмек береді. Тыңдаушылардың тақырыпқа тиісті немесе нақты пікірді еркін және ашық тәрізде ізбе-із үздіксіз хәлде тармақтауға үйретеді. Бұл әдіс белгілі бір тақырыпты терең үйренуден алдын оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға және арттыруға өз септігін тигізуі мүмкін. Сондай-ақ өтілген тақырыпты бекітуге, толық меңгеруге, тыңдаушылардың тақырып бойынша көзқарастарын сызба қалпында бейнелеуге үйретеді.



### **Рөлдік ойын**

Рөлдік ойын - бұл өмірлік жағдайлардың белгілі бір мінез-құлық немесе эмоционалдық жақтарын меңгеру ниетінде алдын-ала бөлінген рөлдер арқылы қатысушы топтардың сахналап ойнауы.

Рөлдік ойындар шағын топтарда (3-5 қатысушы) жүргізіледі. Қатысушылар карточка арқылы (тақтада, қағаз парақтарда және т.б.) тапсырма алады,



## Бейнефильмдерді көру және талқылау

Сабақтарда дүлей апаттардың қаупін төмендету жөнінде көркем және деректі бейнефильмдерді, олардың фрагменттерін, сондай-ақ бейне-роликтер мен бейнесюжеттерді пайдалануға болады.


Тиісті мазмұндағы бейнефильмдерді тек қана қосымша материалдар ретінде емес, сабақтардың және тренингтердің кез-келген түріне оның тақырыбы мен мазмұнына сәйкес пайдалануға болады.

Фильмді көрсетер алдында оқушылардың алдына бірнеше (3-5) шешуші сұрақтар қою керек. Бұл келесі талқылауға салудың негізі болады. Алдын ала таңдалып алынған кадрлармен фильмді тоқтатып, пікір сайыс өткізуге болады.

Соңында оқушылармен бірігіп міндетті түрде жиынтығын шығару және қорытындысын жариялау керек.

**“Ақыл картасы” әдісі** - тақырып немесе оқу материалын графикалық түрде баяндау әдісі болып, ақпараттарды жүйелі, тәртіпті және визуалды меңгеру мүмкіндігін береді.


**Қолдану мақсаты және формасы:** лекция жаттығуларында – жаңа білімдерді баяндау, топтық; семинар жаттығуларында - білімдерді тексеру, бекіту, кіші топтарда; өзіндік білім – шығармашылық және сыни ойлау біліктілігін дамытуда, индивидуал;



**“Вени диаграммасы” әдісі.**

Бұл әдіс тыңдаушылар тақырыпқа бойынша материалдарды салыстыру, кейбір бөлімдер негізінде тақырыптың жалпы мазмұнын игеру дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Әдіс кіші топтарда нақты схема бойынша жүзеге асырылады.

Әдіс төмендегі көріністе болып, тапсырмалар осы схемаларды толықтыру негізінде орындалады.



Бұл әдіс тыңдаушылардың меңгерген өзара бір-біріне жақын болған теориялық білім немесе материалдардың ұқсас жақтары мен ерекшеліктерін салыстыруға көмек береді. Бұл әдісті белгілі бір бөлім немесе тарау бойынша қорытынды сабақтарда пайдаланса мақсатқа сай болады.

**INSERT әдісі.** Бұл әдіс бойынша тыңдаушыға оқу, тақырыппен танысу барысында «**V – "білемін"**, **— - "мен үшін түсініксіз"**, **+ - "мен үшін жаңа ақпарат"**, **? – "мені таң қалдырады"** белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, студенттер арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Студенттер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады.

V	-	+	?

## **CASE-STUDY ӘДІСІ (КЕЙС-СТАДИ)**

Кейс әдісі нақты жағдайлар тұрғысынан академиялық теорияларды көрсетуге мүмкіндік береді. Ол студенттерді пәнді оқуға, білімді терең меңгеруге, ақпаратты өңдеуге және талдауға, әр түрлі жағдайларды саралауға мүмкіндік береді.

CASE-терді құрудың келесі негізгі сатылары белгіленген: мақсаттарды анықтау, әр түрлі жағдайларға критерилерді тағайындау, қажет ақпарат көздерін белгілеу, CASE – тегі алғашқы материалдарды дайындау, сараптама жасау, оны қолдану бойынша әдістемелік материалдар дайындау. Оқу процесіндегі кейстермен жұмыс жасау технологиясы келесі сатылардан тұрады:

1) кейс материалдарын зерттеушілердің жеке өзіндік жұмысы (мәселені сәйкестендіру, негізгі баламаларды тұжырымдау, ұсынылған әрекетті немесе шешімді ұсыну);

2) негізгі мәселені енгізуге және оны шешуге байланысты шағын топтармен жұмыс.

3) жалпы дискуссиядағы (оқу тобы шегінде) шағын топтардың тұсаукесерлері және тәжірибе нәтижелері.

### III. ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУ МАТЕРИАЛДАРЫ

#### 1-ТАҚЫРЫП: Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің даму бағыттары

##### Жоспар:

1. Қазақ тіліндегі ХХІ ғасырдағы лингвистикалық зерттеулердің жаңаша бағыттары, сөз экологиясының қалыптасуы
2. Функционалды бағыттардағы зерттеулер мен алғышарттары туралы
3. Сөз түрлері, сөз түрлерінің оппозициялық жұптары
4. Қазіргі әдебиеттану теориясындағы ғылыми ағымдар
5. Әдеби үдеріс (процесс), әдеби әдіс, бағыттар мен көркемдік тәжірибелер

**Тірек ұғымдар:** сөз мәдениеті, сөз экология, ұлттық тіл, моральдық-этикалық категория, сөзтану, формализм, структурализм, көркемдік әдіс, натурализм, романтизм, модернизм.

#### Қазақ тіліндегі ХХІ ғасырдағы лингвистикалық зерттеулердің жаңаша бағыттары, сөз экологиясының қалыптасуы

Сөз мәдениетін экологиялық аспекті тұрғысынан қарастыру мәселесі өте көкейкесті. Сөз экология дегеніміз – ойлау-сөйлеу мәдениеті, сөйлеу тәртібі, лингвистикалық дәстүрге тәрбиелеу, ұлттық тілді қорғау және “тазалау”, ұлттық тілді меңгеру, сөз сапасын арттыру, функционалды стильдердегі баланстарды сақтау, сөз эстетикасының жолдарын анықтау деген ұғым түсініктердің кешенді мәселелерін қарастырады. Сөз мәдениеті мәдениет экологиясының ең маңызды бөлігін құрайды. Мәдениет – өнер, ғылым, ағарту саласының жетістіктерінің жиынтығы болса, онда ол тіл мен сөзге қатысты ғана анықталады. Белгілі тарихи кезеңде, тарихи-мәдени жағдайларда ұлттық әдеби тіл – ұлттың рухани дамуының куәгері мен көрсеткіші. Қазақ тілінің бүгінгі хал-ахуалы, статикалық тұрғыдан алып қарағандағы күй-қалпы және даму болашағының жай-күйін бағдарлайтын, болжау жасайтын ғылыми-зерттеу еңбектерді ғылыми-танымдық мақалаларды, ой-толғамдарды, дилетанттық тұжырымдарды лингвистикалық экология мәселесіне тікелей қатысты атап көрсетудің маңызы айырықша. Бірақ қазақ тілі ғылымының бұл саласы туралы мәселе қозғалғалы бір ғасырға жуық уақыт өтті деп айтуға болады.

Сондықтан лингвистикалық экология мәселесіне кез келген ұлт тіліндегі тілдік және тілдік емес факторлардың әсерінен болып жатқан құбылыстар жатады. Бұл құбылыстың алдын алу немесе көкейкесті мәселе екенін саралау уақыт еншісін ғана иеленбейді, жаңа ғылым салаларының пайда болуын қажет етеді. Олай болса, бұл құбылыс қажеттіліктен туындаған күрделі құбылыс деп аталуы сөз мәдениеті мен оның заңдылықтарына қатысты көкейкесті мәселелерді анықтауға, салалап түсіндіруді өзіне міндет етіп белгілейді. Ұлттық тілдің тазалағын, анықтығын, байлығын сақтап, тілдік айналымға еніп жатқан тілдік бірліктермен дамыту, сондай-ақ ұлт тіліне зиянын тигізетін мәселелерді шешудің жолдарын көрсетіп отыру, оны реттеу түрлі себептерін

анықтап отыратын тіл ғылымының жаңа бағыты сөз экологиясының басты мақсаты деп тану керек.

Бүгінгі уақытта сөз экология мәселесінің қоғамда орын тебуі, экстралингвистикалық факторлардың әсерінен көкейкестілігі күрделене түсуде. Бұл мәселе тек қазақ тіліне ғана тән құбылыс деп айтуға болмайды. Бұл мәселе тіпті дамыған өздерінің мемлекеттік статусы әлемдік дәрежеде мойындалған тілдерге де тән. Сондықтан қазіргі уақытта мәдениет экологиясы әлемдік деңгейде кеңінен және жан-жақты белсенді қарастылырып жатыр. Сөз экологиясы кеңірек алғанда рухани экологияның да ең маңызды басты мәселелерінің негізгі орталық өзегі болып саналады. Рухани экологияның мәдени құбылыстарды сақтауы адамға кері ықпалын тигізетін техникалық прогресті ұтымды игеру мәселелерін де қарастырып отырады. Мәдениетті, рухани құндылықтарды сақтаудың мәні әлемдегі табиғатқа қатысты экологиялық мәселелерден кем түспейді. Адамның биологиялық өміріне табиғат қандай керек болса, рухани өміріне мәдени орта сондай қажет. Экология терминін алғаш рет 1866 жылы дарвинист ғалым Эрнст Геккель ұсынған болатын. Эрнст Геккель экологияны организмнің қоршаған ортамен байланысын оқып-үйрететін ғылым ретінде тану керектігін анықтаған, бертін келе бұл атаудың концептуалдық мәні кеңейді, бүгінгі уақытта бұл сөз экологиясының мәселелерін анықтап түсіндіруге тікелей ықпал етті.

Сөз экологиясы жеке сала ретінде қалыптастырып оқытудың маңызы мен мәні филологиялық білім қорына ғана қатысты деп қарастыру белгілі деңгейде тар түсінік болып көрінеді. Сөз экологиясы – жалпы тұрғыдан алғанда көптеген гуманитарлық пәндердің зерттеу әдіс-тәсілін, міндеті мен мақсатын, анықтамасын, көкейкесті мәселелерін оқытуға тиісті лингвисти-калық ғылым. Барлық мемлекеттерде өзінің зерттеу нысаны кез келген ұлттың тіл саясатынан бастап, тілдің ең ұсақ мәселелерінің аралығындағы көкейкесті өте маңызды мәселелерді шешуге атсалысуда. Сөз экологиясының маңыздылығын адамзаттың экология мәселесіне көзқарасы тұрғысынан қарастырылуға тиісті. Адамзат баласының мәдени және рухани құндылықтарын сақтаудың басты міндеті – тіл және сөз мәдениеті болып табылады. Бұл мәселені таратып тереңірек айтатын болсақ, жалпы адамзат тағдырының өткеннен болашаққа апаратын жолы тілі мен басқа да мәдени мұраларына тікелей қатысты.

Сөз экологиясына тіл және сөз мәдениетінің қазіргі проблемалық жағдайлары мен ұлт тілінің экологиясы және тіл саясаты, сөз мәдениеті тәрбие мәдениеті, дәуірдің тілдік талғамы, экологиялық импульс, тілдегі экологияның кейбір мәселелері т.б. кіреді. Лингвоэкологияның міндеті мен қарастыратын мәселелерінің құрамына қоршаған тілдік ортаны әртүрлі ластанудан сақтау, тазалау, сондай-ақ лингвистикалық нигилизммен күрес те енеді.

Гуманитарлық білімді бағаламау қоғамның, әсіресе, прагматикашыл көңіл күйдегі жіктерімен, технократтардың гуманитарлық білімді жоққа шығарушылық көзқарастарымен де күресу, қазіргі қоғамның барша салаларын гуманизациялауға негіз болатын, ағарту істеріне ұйытқы болатын филологиялық білім беру аса қажет.

Рухани, мәдени құндылықтардың дені тілде, тілдің лексика-фразеологиялық, паремеологиялық жүйесінде сақталған. Ендігі жерде жаһандану кезеңінде халықтың, ұлттың тағдыры сол құндылықтарды сақтауда, сақтап қана қоймай, оларды заманға сай игеріп, игілікке айналдырып алуына байланысты.

Қазақ халқында *қайырымдылық, инабаттылық, ізгілік, жанашырлық, обал, сауап, қанағат, рақымшылық, ілтипаттылық, төзімділік* т.б. моральдық-этикалық категорияларға қатысты іргелі ұғымдар өзінің қоғамдағы салмағын жоғалтып алмауға тиіс. Бұлар – қай кезде болмасын, рухани жақтан қайта түлеуге, моральдық қағидаларымызды дамытуға аса қажетті құндылықтар.

### **Функционалды бағыттардағы зерттеулер мен алғышарттары туралы**

Қазіргі уақытта қазақ тіл ғылымының жаңа бағыттары, түрлері қарқынды даму үстінде, бірақ кейбір салалары кештеу қолға алынып жатыр. Көптеген қоғамдық факторлар осы ғылым салаларының кеш дамуына ықпал етті. Бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде мемлекеттік тіл мәселесіне қатысты, сөз мәдениетіне арналған ғылыми танымдық мақала, ой-пікірлер, ұсыныс-тұжырымдар жиі сөз болады. Мемлекеттік тілге қатысты айтылған пікірлерден тілдік саясат, тілдік сана, тілдік орта, тілдік көзқарас, тілдік импульс, тілдік қажеттілік деген сөздер жиі естіледі. Егер бұл сөздерді жеке-жеке алып қарастырсақ, сөзтану, сөз мәдениеті, сөздің экология аспектісінің жаңа қырларын ғылым ретінде тануға тікелей ықпал еткендігін айта кеткен орынды болады.

Қазақ тілінің бүгінгі хал-жағдайын бағдарлайтын жаңа бағыттағы ғылым-білімнің негізгі бастаулары жалпы білім беретін мектептерде, жоғары оқу орындарында оқытылуға тиіс. Осы тұрғыдан бұл мәселе мемлекеттік орындарда арнайы мемлекеттік тапсырысқа алынып, осы саланың басшыларының назарына ілінуі керек. Лингвоэкологияда қарастырылатын мәселелердің бірі – тілдік ортаның сөз тазалығы. *Дөрекі, былапыт, боқтық* сөздер – қоғамның, жеке адамның рухани саламаттылығына зиянын тигізетін дерттің бірі. Қазіргі қоғамда бұлардың жарыққа шығып, ашық түрде айтылу (легизациялану) қаупі жоқ емес. Телеэкранда көрсетілген мазмұны төмен шетелдік фильмдер, бейнефильмдердің әсерінен жастар арасында *дөрекі, былапыт* сөздер етек алып кету қаупі бар.

Қоршаған тілдік ортаның сөз тазалығына нұқсан келтіретін сөздің тағы бір түрі – жаргон сөздерге орынсыз әуестенушілік. Әсіресе, өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап қазақ жастарының тілі жаргон сөздерге үйірсектене бастады. Сөйтіп, сөз экологиясы тілдік ортаны бөтен сөздерден, шеттілдік сөздерді уәжсіз қолдану, жаргон сөздерден, құнсыздықтан кететін қателерден таза ұстау үшін күреседі. Лингвоэкологияда тіл басқыншылығы деген ұғым бар. Бөгде тіл басқыншылығы ана тіліміздің тілдік ортасын тарылта бастайды. Тіл өз «үйінде», өз «мекенінде» зардап шегеді. Бөгде тіл алдымен басқару, ақпарат, ғылым-білім саласында үстемдік етіп «салтанат» құрады. Мұның өзі ұлттық



тіліміздің *интеллектуалдық, танымдық, ақпараттық* әлеуетін әлсірете бастайды.

Сөзтану тіл ғылымының күрделі саласы – сөз мәдениеті, лингво-экологиялық тәрбие, сөз экологиясы, рухани экология тағы да басқа бағыттары тілдің қолданбалы қызметіне қатысты пайда болып жатады, ендеше осыдан сөзтану ғылымының жаңа салалары мен бағыттары туындап отырады. Бұл оқу құралында тіл және сөз, оларға тән анықтама-лар мен ережелер біршама айқындалады. Адам сөзі - жанды, мәнді құбылыс ретінде алынып, оның өзіне тән ерекшеліктерінің басты сипаттарын түсіндіру негізгі мақсатқа алынады. Әр ұлт өкілінің сөз мәдениетін жетік меңгеруі өз тілін сыйлауымен ғана шектелмейді, жеке тұлғаның кім екенін танытуы да болып есептеледі. Кез келген сөз мәтіндерінен, ауызша әрі жазбаша сөз формаларының түзілу барысынан айтушының кім екендігін, мінез-құлқын, болмысын, интеллектуалды, эмоционалды, әлеуметтік ерекшеліктерін толық танып білуге болады. Шынайы өмірде де адамның сөйлеген сөзінен жеке қасиеттерін, білімін, тәрбиесін, мәдениетін, өмірлік ұстанымдарын көріп-білуге болады.

Қазіргі қазақ тіл ғылымында қолданыс тіліне байланысты зерттеуді қажет ететін салалардың бірі – сөзтану ғылымы. Қазақ тіл ғылымында сөзтану ғылымы – кеш қолға алынған сала, сондықтан бұл салаға қатысты зерттейтін аспектілері мен терминдердің өзі жаңадан қалыптасып жатыр. Сөзтану ғылымы – қазақ тіл ғылымында жаңа басталып келе жатқан ғылым саласы. Сондықтан қазақ тіл ғылымының осы саласы бойынша ғылыми теориялық базасын, ғылыми терминдерін тілдік айналымға ендірудің өзі де біршама қиындықтар туындатады. Сөзтану ғылымының әлі шешілмеген көптеген мәселелері бар. ЖОО-да сөзтану ғылымының зерттеу бағыттарына, ғылыми-теориялық негізіне және терминологиялық аппаратына қатысты оқу құралдары мен оқу әдістемелік жинақ, нұсқау сияқты құрал жабдықтар мен қатар үгіт насихат сияқты іс шараларды ұйымдастыру өте тиімді алғышарттардың нысанына айналуы керек. Сондықтан оқу құралында сөзтану ғылымының ғылыми-теориялық мәселелері, басқа ғылымдармен байланысы, ғылыми-терминологиялық аппараты, сөзтануға қатысты аспектілері мен сөз мәдениетіне жету жолдарының шартты түрде көкейкесті мәселелері қарастырылады. Жеке тілдік тұлғаның сөйлеген сөзінің мәнін ашып беруі немесе бере алмауының себебі неге деген сұрақ туындайды, сондықтан сөздің сапасы туралы мәселе қарастыруды қажет етеді. Сондықтан адам сөзінің көп қырлы коммуникативтік, прагматикалық, стилистикалық қызметін қарастырғанда басқа ғылым салаларының нысандарын бағалау көзделінеді. Демек, бір-бірімен сабақтасып өріле туындайтын сөзтануға қатысты жан-жақты зерттеу қажеттілігі тіпті тереңдей түседі.

### **Сөз түрлері, сөз түрлерінің оппозициялық жұптары**

Тілдік орта сөз мәдениетін қалыптастырушы, тұрақтандырушы таратушы орта болып саналады. Сондықтан тілдік орта сөз мәдениетінің негізгі қарастыратын саласы бола отырып, сөз экологиясы мәселесімен маңызы артып зерттеу шеңбері ұлғая түседі. Дәлірек айтқанда, тілдік орта сөз мәдениеті мен

сөз экологиясының негізгі арқауы ретінде қарастыруды қажет етіп ғана қоймайды, тілдің басқа да кең ауқымды мәселелерін айқындауда ең маңызды негізгі саланың бірі ретінде жан жақты зерттейді.

Сондықтан тілдік орта тіл ғылымын шектес ғылымдармен сөз экологиясының қарастыратын тағы бір ерекше саласы бар. Бұл сала лингвоэкологиялық тәрбие деп аталынады. Қазақ тілі үшін лингво-экологиялық тәрбие жанұяда, балабақшада бастау алуы керек. Өзге ұлт өкілдерінің баласы өзі өмір сүріп жатқан мемлекетінің мемлекеттік тілін білсе, бұл сол тілге болған құрмет, ұлтқа сүйіспеншілік, ұлтаралық татулық сияқты мәселелердің шынайылығын білдіреді. Сөз экологиясына тәрбиелеудің басты бір арнасын мемлекет ішіндегі тілдік ахуалды реттеп отырады. Мемлекет ішіндегі қостілділік пен басқа тілдің басымдылығын дұрыс таразылап, ұлт тілінің ресми мәртебесін сақтайтын іс қимылдарды реттеп отыруда экологиялық тәрбиеге жатады. Сөз экология мәселесінің тағы бір маңызды жағы немесе ең көп назар аударып, басты межеге алынатын басты белгісі жеке тұлғаның, сөйлеушінің немесе сөзді қабылдаушының лингвоэкологиялық тәрбиесі. Тілді таратушы өзінің лингвоэкологиялық тәрбиесіне үлкен көңіл бөлуі керек. Тілдің лингвоэкологиялық мәселесін толық сақтау үшін тілді таратушы өз ұлтының, мәдениетінің алатын қорын сақтаушы, пайдаланушы ретінде өз көзқарасын қалыптастыруы керек. Қазіргі уақытта ұлттық тілге қатысты мақала, ғылыми-танымдық еңбектер жиі жазылып та, айтылып та жүр.

Лингвистикалық сараптама мәтінге стилистикалық талдау жасаудың ең жоғарғы үлгілерін танытады. Мәтінге стилистикалық талдауда мәтінді тереңнен толғап, мәнін ашып беру, мәтін қалай түзілді, себебі, мақсаты, жан-жақты коммуникативті прагматикалық қызметі ашылуы керек. Мәтінде сөз немесе тілдік бірлік неге алынды, синтаксистік конструкция-лық оралымдар таңдап алыну мәнісі неде, мәтіннің ұйымдастырылуындағы осы тілдік бірліктің алыну себебін «толық тану» прагматикалық бағдары көзделінеді.

Стилистикалық талдау мәтінде автордың эмоционалды жағдайын, сөзді мәдениетті қолдануын, ой өрісін, жалпы білімін, эстетикалық талғамын көрсете алады. Сөз сөйлегенде немесе жазбаша мәтінде тілдік функционалдық критерийлерді сақтамаудан түрлі қателіктер жіберіліп жатады, мазмұнсыз, жауыр болған, штамп, клише сияқты тілдік бірліктерді қолдану тілдік норманың критерийлерін бұзады, стилистикалық норманы бұзады, тыңдаушысының эстетикалық қызығушылығын тудыра алмайды.

### **Әдеби үдеріс (процесс), әдеби әдіс, бағыттар мен көркемдік тәжірибелер**

Әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы жаңа мәселелері. Қазақ әдебиетіндегі ақтаңдақ кезең келбеті және оның қазіргі тұрғыдан зерттелу сипаты. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі көркемдік әдіс мәселесінің қайта қаралуы. Қазіргі ғылыми-зерттеу әдіснамасы туралы әдебиеттегі жаңа бағыт, соңғы сарындар, ұлттық рухтың қазақ әдебиетінде жаңаша көріну сипаттары. Көркем әдебиет және цензура. Сөз бостандығының көркем

шығармашылықтағы көріністері. Қазіргі ғылыми-техникалық дамудың жеке адам мен қоғамдық санаға ықпал-әсері. Әлемдік әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістердің мәні мен маңызы, бағдары мен бағыттары. Отаршылдық кезең мен кеңес дәуіріндегі тоталитарлық жүйенің көркем әдебиетте реалистік тұрғыда бейнеленуі. Дәстүрлі, классикалық, эстетикалық көзқарастар сипатындағы әлемдік өзгерістер.

Формализм – ХХ ғасырдың басындағы белгілі теориялық ағымдардың бірі. 1920 жылдардағы орыс зерттеушілері құрған ғылыми ұйымның аты – ОПОЯЗ. Бұл бағыттың іргелі өкілдері: В.Шкловский, Б.Эйхенбаум, Ю.Тынянов, Р.Якобсон, В.Томашевский.

Тұрпайы социологизм. В.Фриче, В.Шулятников, В.Переверзев, т.б. Әлеуметтік ортаны, қоғам сипатын артық қою, тұрақталмаған әркелкі көзқарас.

Э.Кассирер (1874-1945). «Символикалық формалардың философиясы» атты зерттеуі. Дж.К.Рэнсомның 1941 жылы жарық көрген «Жаңа сын» еңбегі. Америка әдебиеттануындағы және Батыс елдеріндегі соны ғылыми мектептің қалыптасуы.

Структурализм – формализмнің бір тармағы. Француз мәдениеттанушылары Р.Барт, Кл.Леви – Стросстың 1950 жылдардан бергі ізденістері. Р.Барттың бәрінен бұрын мәтінге көңіл аударуы.

Ю.Кристевааның лингвистикалық структурализм шеңберінен шығуы. «Роман тексі» (1970), «Поэтикалық тілдің революциясы» (1974) атты кітаптары. «Текст өнімділігі», «семиотикалық ырғақ» туралы.

Шет ел әдебиеттануындағы антропологиялық теориялар. А.Шопенгауэрдің өзгермес дүние туралы пікірлеріне сүйену. А.Кестлердің К.-Г.Юнгтің «архетип» терминін пайдалануы.

Орыс әдебиеттануындағы М.Бахтин еңбектерінің философиялық, теориялық мәні. Ю.Лотманның «Поэтикалық тексті талдау», «Көркем текст құрылымы» атты кітаптары. Математикалық, статистикалық зерттеу тәсілдері.

Әдебиеттанудағы АҚШ-та серпін алып отырған семантика-символикалық сын. Қазіргі миф, символ, метафора жайлы теориялар. Символдық формалардың дербестігі. Көркем шығарманың біртіндеп «тұйықталу» процесі. Табиғат, адам, қоғам қарым-қатынасы.

Әдебиет пен өнерге қатысты синэнетика жетістіктерін пайдалану (Г.Хакен, И.Пригожин, И.Стенгерс, И.Евин). «Тәртіп параметрі», «Тұрақтылық пен тұрақсыздық» ұстанымы. Құпия символы, апат, секірмелі сапалық өзгерістер, ырғақ пен синхрондылық, «керемет», «бедел» ұғымдары.

*Көркемдік әдіс.*

Көркемдік әдісті анықтаудағы өмір шындығы, жазушы дүниетанымы және көркемдік ойлау жүйесінің маңызы. Негізгі шарт – идеялық- эстетикалық мәселелер бірлігі. Көркемдік әдістің ойлау типі тұрғысынан жіктелісі: реализм мен романтизм.

*Стиль.*

Суреткер талантының даралығына хас белгілер. Стиль – көркемдік форманың қасиеті. Стильдік принциптер.

### *Көркемдік тәжірибе.*

а) Алғашқы өнер туындыларындағы шынайылықтың өзгеше бітімі. *Гуманистік реализм.* Көне дәуір өнеріндегі мифологияның басым қызметі. *Антикалық реализм.* Орта ғасыр. Қоғам мен салт – санадағы шектелушілік. Қасіретті адам. Бойкүйездік. *Орта ғасырлық символизм.* Ояну дәуірінде әлеуметтік және рухани өмірдегі батыл серпілістердің ізгілік мұраттарын қалыптастырудағы мәні. Дара тұлға. Мінез бен әрекет. Тарихи көзқарас. *Қайта өрлеу дәуірінің реализмі.* Барокко, ояну дәуірінің дағдарысын жинақтау. XII ғ. абсолюттік монархия тәртіптері. *Классицизм* қағидалары: әсіресе асқақтық, үш бірлік ұстанымдары. Шынайы өмірден алшақтау.

ә) XVIII ғасырда іргесі қалана бастаған *ағартушылық реализм.* Білім, парасатты дәріптеу. Тәрбиелік рухтағы романдар. *Сентиментализмнің* осы бағытпен байланысы.

*Романтизм* - әрі әдеби бағыт, әрі көркемдік әдіс. Феодалдық дүниетанымға қарсылық. Айрықша жағдай, мінездер. Сезімшілік.

*Сыншыл реализм* өмір шындығын қамтуға мүмкіндіктері. Талдау рухы. Әлеуметтік ұстанымдардың беріктігі. «Кішкене адам» мәселесі. Бейнелеу объектісінің кеңдігі.

Ұлттық әдебиетіміздің даму, қалыптасу ерекшеліктері. Батыс Еуропа әдебиеті мен қазақ әдебиеті тарихындағы ортақ жағдаяттар мен өзгешіліктер.

*Социалистік реализм* аталатын тұтас әдеби дәуірге мейлінше жан-жақты, шынайы көзқарас. Арзан ұраншылық пен талантты дүниелердегі айырмашылық.

Қазіргі кезеңдегі мифологиялық реализм аталатын бағыттың қыр-сыры. Г. Маркес, А. Карпентьер, М. Астуриас, М. Льоса, т.б.

б) Қазіргі терминология бойынша реализмге жатпайтын әдеби бағыт, бағдарлар. *Натурализмнің* философиялық негізі – *позитивизм.* Тәжірибие, ғылыми дәлелділікті ұнатудың себептері. Э. Золяның «Тәжірибиелік роман» теориясы.

Модернизм ұғымындағы әдебиетке жататын экспрессионизм, символизм, футуризм, сюрреализм, абстракционизм, т.б. тенденциялары. Символизмнің үздік өкілдері. Дж. Джойс, Ф. Кафка, А. Камю, Ж.-П. Сартр, А. Сент – Экзюпери сияқты дара талант иелерінің көркемдік ізденістеріндегі ой ағымын жеткізу, адамның жан дүниесін бедерлеудегі, уақыт пен кеңістік диалектикасын игерудегі табыстары.

### *в) Модернистік дүниетаным:*

*Импрессионизм.* Ағайынды Гонкурлер мен Э. Золяның импрессионистік қиялдары. Көру, сезіну және оны жеткізудегі қаламгердің өз табиғатына адалдығы. Тек қана суреттеу, бірақ баға бермеу идеясы. Поль Верлен әуезділік туралы. Рене Гильдің еркін өлеңді қолдауы. Символизммен туыстық. Ішкі монологтың (Э. Дюжарден), «сана тасқынының» (М. Пруст) импрессионизм эстетикасынан өрбуі. Жан тарихы. Даралық сапалар, көріністерді іздеу. Естелік, әсерлер толқыны. Субъективтілікті дәріптеуші кубизммен (Г. Апполинер) үндестік.

Интуитивизм мен фрейдизм және романтизм мен символизм эстетикасынан өріс алған *сюрреализм*. Өмір шындығы емес, оны көру шындығының маңызы. 1924 жылғы «Сюрреализм» журналындағы манифест. П.Элюар үшін «сапырылыс пен ойсыздықтың» «ақиқаттығы» (А. Бретон). Екінші манифест (1929). Революциялар мен «ғажайыптарға» ғашықтық аңсары. Лирика – негізгі жанр. Антироман өкілдерінің (Ф.Соллерс) сюрреализммен тамырластығы.

*Экзистенциализм*. Өмірдің мәнін мансұқ ету. Тіршіліктен мағына таппау. Әдеттегі құндылықтардан жатсыну. Ар-ождан тазалығына сенбеу. А.Камдін «Бөгде адам», Ф.Кафканның «Өзгеру» романдарындағы қалыптасқан тәртіпке қарсылық.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Сөз экологиясы дегеніміз не?
2. Сөзтану – тіл ғылымының бір саласы екендігі?
3. Әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы жаңа мәселелер?
4. Модернизм ұғымындағы әдебиетке жататын экспрессионизм, символизм, футуризм, сюрреализм, абстрационизм туралы не білесіздер?

#### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2011.
2. Маманов, Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007.
3. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Өлке, 2010.
4. Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. – Алматы: Арыс, 2009.
5. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. – Қарағанды: «Аркон», 2008.
6. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана: Елорда, 2007.

## 2-ТАҚЫРЫП: Қазақ тілінің теориялық мәселелеріне жаңаша жандасу

### Жоспар:

1. Мәтін лингвистикасының пайда болуы, мақсаты, міндеттемелері, зерттеу нысаны мен зерттеу нысаны.
2. Мәтін және коммуникация байланысы, ықпалы (қатынасы).
3. Мәтінді зерттеудегі дискурсивтік (көзқарас).

**Тірек ұғымдар:** мәтін, мәтін лингвистикасы, коммуникация, компетенция, лингвосаясат, антропоцентрика, парадигма, когнитив, когнитивтік бағыт, лингвориторикалық бағыт, социопсихолінгвистикалық және семиопсихолінгвистикалық бағыт, мәтін интерпретациясы, герменевтикалық көзқарас, психолінгвистикалық көзқарас, гнесеологиялық көзқарас, семиотикалық көзқарас.

### Мәтін лингвистикасының пайда болуы, мақсаты, міндеттемелері, зерттеу нысаны мен зерттеу нысаны

Қазіргі тіл біліміндегі жаңа ағымдардың ішінде – мәтін лингвистикасы да бар. Мәтін – шығу тегі араб сөзі. Текст шығу тегі латын сөзі *textum*. (*байланысқан, қосылған, біріккен, тоғысқан, тоқыма*). Мәтін тікелей құрылымдылық – жүйелі және антропоцентрикалық парадигмалармен байланысты: бүгінде мәтін сол екі лингвистикалық ғылымдар білімі парадигмаларының синтездік көзқарасымен зерттеледі (екіншісінің басмыдылығымен).

Антропоцентрикалық парадигма толық қалыптаспай тұрған кезінде мәтін құрылымдылық парадигманың ұғымдары, ұстанымдары, әдістері негізінде зерттелген.

Қазір мәтін лингвистикасы лингвосаясат (саяси лингвистика), когнитивтік лингвистика т.б. сияқты, тіл білімінің арнайы бөлімі (ағыны) болып қалыптасты, яғни ғылыми автономияға ие болды.

Қазір мәтінді зерттеушілер формалды түрде екіге бөлінеді: 1) мәтіннің дәстүрлі зерттеушілері (құрылымдылық парадигма негізінде); 2) мәтіннің жаңашыл зерттеушілері (антропоцентрикалық парадигма негізінде, құрылымдылық парадигманың жетістіктерін қоса пайдаланып).

Мәтін лингвистикасының тіл біліміндегі жаңа бағыт ретінде өзіне тән ұғымдары, ұстанымдары, әдіс-тәсілдері бар. Олар дәстүрлі тіл білімінің (құрылымдылық парадигма) және жаңашыл тіл білімінің (антропоцентрикалық парадигма) ғылыми-ізеністік қатынастарының бірігуінен пайда болған.

Мәтін лингвистикасының пайда болуы, мақсаты, міндеттемелері, зерттеу нысаны мен зерттеу пәндері.

Антропоцентрикалық парадигманың ішкі және сыртқы дүниесінің негізгі мәні мәтін зерттеу барысында кең және терең айқындалады. Мәтінді адамнан тыс зерттеу мүмкін емес, себебі мәтінді жасайтын да, мәтінді оқитын да адам.

Егер адамның ойлау қабілетінің жаңа менталдық кеңістіктерді жасайтын мүмкіншілігі болмағанда, онда ол күнделікті әлем көрінісінің ішкі дүниесіне кіре алмас еді.

Шынайы әлем мәтінде дәл өзіндей көрсетілмейді, оның мәтіндегі көрінісі адам жасаған интерпретация. Интерпретацияның қандай екендігі (қай деңгейде жасалғандығы) – адамның ғылыми зерттеу, я көркем жазу объектісін түсіну деңгейіне, мәтін жасау ұстанымдарының ерекшеліктеріне тәуелді. Себебі әр ғылыми я көркем мәтін жасаушының мұндай мүмкіншіліктері әр түрлі. Сондықтан адам жасаған мәтін екі жағдайды түсінуге мүмкіншілік береді: 1) адамның ойлау қабілетінің мүмкіншілігінің деңгейін, 2) оның ойлау қабілетінің тіл арқылы жариялану деңгейін.

Мәтін лингвистикасының пайда болуына осы және басқа жағдайларды түсінудің, білудің, игерудің қажет екендігі негіз болды.

В.М.Маслованың анықтамасы бойынша мәтіндер әлемі – бұл лингвистикалық космос, оны зерттеу адамзат өмір сүргенше адамдық қызмет, қарым-қатынас сөнбегенше жалғаса береді.

Бірақатар ғалымдардың пікіріне сүйенсек, онда лингвистиканың мәтінді зерттеуге бет бұруы – тіл біліміндегі революция (В.А.Маслова, фин ғалымы Н.Энквист, т.б.).

Тіл бірліктерінің категорияларының мәтін құрамындағы түпкі мәні қызметі мен айқындалады. Осы мәселені мәселені терең зерттелмесе, онда тіл әлемі жайындағы біліміміз толық болмайды.

Мәтін лингвистикасы ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында қалыптаса бастады, бірақ 80-ші жылдарға дейін мәтін зерттеу ғылымы біржақтама болған дегеніміз жөн болар: мәтін тіл бірліктерінің іс-әрекетін зерттеу үшін ғана материал беретін дереккөз болып тұрды.

Қазір мәтін зерттеу ілімінің жағдайы күрделі өзгерді: 1) бірінші орынға редукци жол емес, синергетикалық жол шықты (Н.Ф.Амоференко). Синергетикалық жол дәстүрлі мәтін зерттеу ғылымының шекарасын кеңейтті, яғни мәтінді жаңа көзқарас негізінде зерттеуге мүмкіншілік берді. Олар антропоцентризм мен когнитивтік бағыт, лингвомәдениет пен коммуникативтік лингвистика. Бүгінде мәтінді толық және жан-жақты зерттеуді когнитивтік құрылымдармен және психомен талдау үдерістерімен (қабылдау, түсіну,...) тығыз байланыста алып бару керек. Олай болмаса мәтіннің ішкі және сыртқы дүниесі, оларды жаратушы және қабылдаушы адам дүниесі терең және кең зерттелмеген болып шығады; 2) мәтін лингвистикасының дамуы ХХ ғасырдың соңында, З.Я.Тураеваның айтуы бойынша, «бірнеше ғылымдардың кездесуі бір жерде мәтіндердің шоғырлануы» және солардың бәрін «біртұтас білім дүниесі ретінде түсінуге ұмтылыс».

Сонымен мәтін – лингвистикалық зерттеу ғылымының үлкен және өте күрделі нысанының бірі. М.М.Бахтиннің пікірі бойынша «мәтін – гумманитарлық ғылымдардың ең бірінші көрсеткіші және бастапқы шегі». Ал Ю.С.Степановтың айтуы бойынша – лингвистика мәтіннің қызметкері (әйел қызметкері).

Қазіргі жалпы тіл білімінде және мәтін лингвистикасында мәтіннің диапозонды, нақты анықтамасы жоқ, себебі мәтін көп қырлы дүние, сондықтан ол көпжақтама зерттеледі. Мысалы, дәстүрлі тіл білімінде мәтіннің негізгі зерттеу нысаны, қисыны жүйелі мәтін жасау ережелерін сол ережелер арқылы көрініс (айтылым, жазылым) табатын категориялар болса (Николаева, 1990, б.267), бүгінгі мәтін лингвистикасында мәтіннің зерттелу нысаны кеңейді, әртүрлі болды. Мәтін әлеуметтік-тілдесімдік шығарма ретінде зерттеле басталды. Мәтінді зерттеуге тіл білімі ғылымының семантикасының, тілдесім акттар теориясының, функционалдық стилистикасының және жеке бірақ тектес ғылымдардың ұстанымдары, ұғымдары ендіріледі (психолингвистиканың, семиотиканың, әдебиеттанудың, информатиканың, логиканың, психологияның, т.б.). Сонымен мәтін лингвистикасының анықталуы бүгінге дейін шешімін таппады. Бұл мәселе үлкен дискуссиялық мәселе болып тұр.

Тағы бір күрделі мәселе: функционалдық семантиканы, риториканы, прагматиканы мәтін лингвистикасы өзінің құрамына ендіреді ме, жоқ әлде олармен динамикалық жағдайда тоғысады ма, байланыста болады ма?

И.А.Арнольд мынандай сұрақтар қояды. Мәтін тіл бірлігі ме, жоқ әлде үлкен бір семиотикалық таңба ма? Мәтін деп біз нені есептейміз: тілдесімнің сөйлесімнен үлкен бір бөлшегін бе, жоқ әлде мәтінді анықтауда көлем түсінігі қажет емес пе? Олай болса мәтінді анықтау негізінде не (қандай ұғым) жатыр. (Арнольд, 1999, б.148).

Мысалы, Г.Я.Соганик дәстүрлі тілші стилист мәтінді бұлай анықтайды: «Мәтін мағыналық және грамматикалық байланыстармен біріктірілген тілдесім бірліктерінің қатары: айтылымдар, фразадан үлкен бірліктер, үлкен фригменттер, бөлімдер және т.б.».

Бұл анықтаудың мағынасына сүйенсек онда мәтін үлкен бір таңба, ол кемінде бірнеше сөйлемнен (айтылымнан) тұрады. Мәтін зерттеу тарихы бірнеше кезеңнен тұрады. Кеңес одағының және Россия тіл білімінде мәтінге арналған зерттеулер XX ғасырдың 20-30 жж. Басталады (А.М.Пешковский, Л.О.Щерба). шет ел тіл білімінде мәтін кеш зерттеле бастаған. В.А.Маслованың айтуы бойынша шет елдік еңбектердің ең алдыңғысы, 1952 жылмен белгіленеді (бізге белгілісі).

Мәтінді зерттеуге арналған еңбектер күннен-күнге көбейіп барады. Мысалы, орыс тілінде жазылған митінді зерттеуге арналған еңбектердің саны, С.И.Гиндиканың статистикасы бойынша, 1940-1975 жж. 700 дей болған. Бүгінде, В.А.Маслованың айтуы бойынша, 10 мыңға жуық.

Орыс тіл біліміндегі мәтін лингвистикасы синтаксистік көзқарастан басталған. (И.А.Фигуровский, М.Лосева «Синтаксис текста» жинағы. Москва, 1979 ж). Бұл көзқарас бойынша, мәтіннің құрамындағы сөйлемдердің бір-бірімен байланысы зерттеледі, себебі олар мәтінді жасаушы бірліктер, тілді біртұтас дүние ретінде ұйымдастырушы бірліктер.

Мәтіндегі семантика көлемді. Семантикалық қатынастарды зерттеп анықтау үшін, экстралингвистикалық факторларды зерттеу керек, себебі мәтіннің ішкі дүниесінің мәні ситуацияға, әлеуметтік жағдайға заман



ерекшеліктеріне, автордың концепциясына, білімі мен мәдени деңгейіне, мәтіннің қандай оқырманға арналғандығына т.б. тәуелді. Оның бәрін тек синтаксис арқылы зерттеу мүмкін емес. Мәтінге синтаксистік көзқарастың арқасында, тілдесімді актуальды бөлшектеу концепциясы пайда болды (Н.С.Поспелова: Пушкин шығармалары); Г.А.Золотова: (Карамзиннің повестері).

Мәтінді зерттеу тарихында 1960 жылдары семантикалық-құрылымдылық концепция да пайда болды. Бұл концепция негізінде мәтіннің үш мәселесі бірігіп зерттелетін болды: семантикасы, стилистикасы, құрылымы.

1980 жылдардан бастап мәтін зерттеудің жаңа кезеңі басталды. Бұл кезде мәтінді күрделі көп деңгейлі (я көпсалаласы) құрылым деп түсіне бастады. Мәтін зерттеудің жаңа бағыттары пайда болды. Мәтіннің жалпы лингвистикасы пайда болды. Оның ерекшелігі: мәтіннің статусын анықтау үшін және өмір сүруінің қасиеттерін (мінездемесін) анықтау үшін, ізденістер алып бару. (А.А.Акитика, и.В.Арнольд, И.Р.Гальперин, В.А.Кухаренко, Т.М.Николаева, З.Я.Тураева т.б.).

2) Прагмалингвистикалық көзқарас бағыты. Бұл ғылыми бағыттың ұстанымдары бойынша, мәтіннің авторға және оқырманға әсер ету ерекшеліктері зерттеледі. (Американдық тілші Т.А.Ван дейк, Э.С.Азнаурова, В.А.Кислева, Г.В.Келшанский т.б.).

3) Семиотикалық көзқарас бағыты (Р.Барт, Ю.М.Лотман, Б.А.Плотников, Г.В.Степанова, т.б.).

4) Гнесеологиялық көзқарас бағыты. Мәтіндегі шынайы әлемнің көрсетілгенін зерттейді.

5) Маң лингвистиканың көзқарас бағыты. Мәтіндегі синтаксистік бірліктердің бірігіуінің (қосылуының) ерекшеліктерін зерттейді (Ильенко С.Г.).

6) психоллингвистикалық көзқарас бағыты. Мәтіннің пайда болу (жасалу) және оны оқырманның қабылдау ерекшеліктерін зерттейді. (Е.Ф.Тарасова, Ю.С.Сорокина, т.б.).

7) Герменевтикалық көзқарас бағыты. Мәтіннің түсінілуі зерттеледі. (Г.И.Богина, А.А.Брудный, Р.В.Скотаренко).

8) Мәтін интерпретациясы бағыты (В.В.Демьяненко, К.О.Фолинин, В.А.Кухаренко, Г.Г.Молчанова, т.б.).

9) Социопсихоллингвистикалық және семиопсихоллингвистикалық бағыттар. (А.И.Байбаева, Т.М.Дридзе, О.Д.Наумова).

10) Лингвкултурологиялық бағыт. (В.М.Шаплейн және оның шәкірттері).

11) Лингвориторикалық бағыт.(А.А.Варожбицкая, А.К.Махальская).

12) Когнитивтік бағыт. (З.Я.Тураева, Е.С.Кубрякова, Н.Н.Болдогров, Н.Бабушкин т.б.).

Мәтіннің көп және жан-жақты зерттелуі негізінде тіл білімінде лингвистикалық мәтін теориясы пайда болды. Оның құрамына, ішкі дүниесіне әртүрлі концепциялар, ғылыми бағыттар енеді. Бүгінде бұл сала мәтін лингвистикасы деп аталады. Бірақ, жоғарыда айтқандай, қазір тіл білімінде мәтіннің бір түрлі барлық мамандар бірдей қабылдаған анықтамасы жоқ,

сондықтан біз төменде лингвистикалық энциклопедияда берілген анықтамасын орыс тілінде (түп нұскасында беріп тұрамыз). Текст это филологическая дисциплина, возникшая во второй половине XX в. на пересечении текстологии, лингвистик текста, поэтики, риторики, прагматики, семиотики, герменавтики и обладающая, несмотря наобшие.

Жоғарыда атап өткен (және басқа) мәтінді зерттеу бағыттарының бүгін және ертең құндылығы биік деп есептейтін түрлеріне арнайы тоқтап кетейік.

Біздің ойымызша олар төменде көрсетілген мәтінді зерттеу ғылыми бағыттары.

1. Мәтін коммуникацияға қатысушылардың тілдесімдік іс-әрекеттерінің аясында бірнеше функциялардың қызметінің (қызмет түрлерінің) көрсеткіші, бағыты (А.А.Брудный, И.Н.Зимняя, Н.И.Женкин, О.Л.Каменская, Ю.С.Соронин, т.б.). Бұл мәтінді зерттеу жолының ерекшелігі: зерттеушілердің интуитивтік (сезімталдық) көріністерін объективтендіретін зерттеу әдісін жасау. Сол себептен бұл бағыттағы зерттеушілер психолингвистикалық зерттеу әдістерін жиі қоланып, психолингвистикалық эксперименттер өткізеді.

2. Мәтінді зерттеудің семиотикалық жолы (бағыты). Негізгі ұғымдары, ерекшеліктері мынандай: а) мәтін формалдылық (құрылымыдылық) және мағыналылық біртұтас дүние; ә) бірінші орында мәтіндердің семиотикасын типологиясын дәлелдеу мәселесі қойылады, аргументацияланады; б) универсалдық параметр (өлшем) ретінде мәтіннің инварианттық моделі (қалыпы) анықталады, ол екі құрамды марротанба ұғымында қабылданады (жеткізу өресі – план содержание), мазмұн өресі – план содержание; в) мәтін біртұтастығымен, бөлшектенбейтіндігімен автомағыналылығымен ерекшеленіп, мағыналық ретінде көрініс табады.

3. Мәтінді зерттеудің семантикалық жолы (бағыт). Тіл бірліктері арқылы жасалатын мәтіннің мазмұнын зерттейді. Бұл бағыттың өріс табуының негізінде мәтіннің синкретикалық мазмұны және оның интенционалдық детерминация болуы жатыр. Мәтін мазмұндық сегменттер және олардың формалды-құрылымдылық корреляттарының біртұтастығы ретінде түсіндіріледі, анықталады.

4. Мәтінді зерттеудің герменевтикалық жолы (бағыты). Мұндай мәтін зерттеу жолының негізінде мәтіндегі айқын байқалмайтын (бүркеншікті) мазмұндарды, мағыналарды, ұғымдарды зерттеу жатыр.

5. Мәтінді зерттеудің когнитивтік жолы (бағыты). Бұл ғылыми бағыттың негізінде адамның әлем жайындағы білімінің мәтіндегі орнын зерттеу жатыр. Бұл екі жақтама мәселе автор және оқырман. Екеуіде әлем жайындағы білімдерін өңдеу, дамыту арқылы мәтінмен шұғылданады.

6. Мәтінді зерттеудің коммуникативтік-қызмет (қатынастық-қызмет) жолы (бағыты). Әр мәтін коммуникативтік (қатынастық) қызмет атқарады. Коммуникацияның (қатынастың) бірнеше түрі болады – ғылыми қатынас, көркемдік қатынас, саяси қатынас, т.б. Солардың ішінде көркем-әдебиетік қатынас ерекше орынға ие, себебі әр көркем мәтін – әрі тілдік факт, әрі өнер факті.

Көркем мәтін гомогендік (біржақтама) жасалым емес, ол көп жақтама (плифондық-көп дауысты, көп қабатты) құрылым.

Көркем мәтіннің объективтік анализін жасау өте қиын, себебі ол әрі көпдеңгейлі, көп мағыналы, әрі оны қабылдау да оқырманның индивидуалдық қажеттері де үлкен әсерін тигізеді.

Бұл мәселеде француз ғалымы Э.Геннекин былай деген: егер автор мен оқырманның бір-біріне сай келсе, онда көркем мәтіннің оқырманға арналған әсері өте күшті болады. Бұл пікірді Н.Рубакин де қолдайды (Рубакин, 2000).

Көркемдік коммуникация әрқаз екі жақтама: оқырман және автор, я кейіпкер. Оқырман субъект, автор я кейіпкер бірден объект. Бірақ оқырман (субъект) бірден объект болып кетуі мүмкін (Подорпа, 1995, б. 42).

Әр ұлттық мәдениетте өзіне тән көркем мәтін жасау және оны қабылдау ерекшеліктері бар. Сондықтан көркем мәтінді қабылдау тек субъекттің (оқырманның) сана-сезімін және оның объективтік шынайылығын қабылдау мүмкіншілігіне байланысты емес, ұлттық көркемдік жүйе концепциясымен де байланысты. Тарихта әр әдеби кезеңнің өзіне тән адресаты (оқырманы) концепциясы болады. Автордың ойында әрқаз сол жағдай сақталып тұрады, соған бейімдеп мәтін жасайды. Бұл заңдылық сақталмаса заманауи көркем мәтін де, ғылыми мәтін де жасалмайды. Осы заңдылықты сақтаған жағдайда жалпы мәтіннің құрылымы және ішкі дүниесі сол заман оқырманының фондық біліміне сай жасалады.

7. Мәтінді зерттеудің дискурсивтік жолы (бағыты). Бүгінде В.И.Карасиктің айтуы бойынша дискурс феномені «тіл» ұғымынан да кең түсіндіріліп бара жатыр (Карасик, 2004). Дискурс мәселесіне біз осы еңбектің кейінгі бөлімінде арнайы көңіл бөлеміз.

Көркем мәтінді зерттеуде басқа жолдар да бар. Олар өте көп. Мысалы М.М.Бахтиннің көркем мәтін зерттеу концепциясы тіл мен эстетиканың қатынасын зерттейді. М.М.Бахтин бұл жолды «эстетикалық лингвистика» деп атайды (Бахтин, 1994, б.24). Бұл концепция ұстанымдары, ұғымдары бойынша тіл мәдени құндылықтардан тұрады және ұлттық көркемдік-эстетикалық дәстүрлердің көріністік жүйесі болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген мәтінді зерттеу ғылыми жолдардан басқа бірнеше концепциялар да бар. Барлық концепциялар жеке-жеке автономды теориялар болғанымен бірін-бірі толықтырады, біріне-бірі медеу болады, соның себебінен мәтін лингвистикасы жеке ғылыми ағын статусына ие болды.

А.Е.Супрун мәтінді тілдің өмір сүру үшін формасы деп анықтаған. Осы ойға байланысты тілдің, тілдесімнің, мәтіннің аралығындағы қатынасына көңіл бөлейік. Бұл мәселе бойынша бірнеше көзқарастар бар.

1. Мәтінді тілдесіммен (речь) теңдестіреді, себебі мәтін тілдесімінің орындалуы жазба, ауызекі реализациясы, монолог, диалог формалары, стильдік, жанрлық ерекшеліктері т.б. (И.Р.Гальперин, А.А.Монтьев, К.Хаузенблар және басқалар).

2. Мәтін мен тілдесім бір-біріне толық ұқсамайды. Толық бірдей еме, себебі: а) тілдесімнің бәрінен мәтін жасау мүмкін емес (Горслов, 1987, б.225-

227), ә) барлық мәтін тілдесім еме. Мысалы: кабалогтағы картогкалар, олардың инденсациясы, техникалық есеп беру (объекті) солардың құрамындағы кестелер, сөздіктер, т.б.

3. бірқатар мамандар мәтінді тіл бірлігі деп анықтайды, себебі: а) тілші үшін тіл мәтінде реализация болған, ә) бастапқы маңызы мәтін тілші жұпсыз істейтін жалғыз шынайылық, яғни тілдің қызмет атқару үдерісі (динамикасы). (М.Я.Блок, Г.В.Комменский, О.И.Москольская, т.б.).

4. Мәтін – әрі тілдің, әрі тілдесімнің феномені. Яғни мәтінде тіл мен тілдесім бірігеді. (В.А.Бухбиндер, Ч.Петефи, Ч.Ризер, Р.Харвег, т.б.).

Біздің ойымызша, осы көзқарас мәтінді объективті шынайылық ретінде анықтауға ең жақын көзқарас. Себебі мәтінді тіл бірліктері (бұл тіл) қызмет атқарады, соның қорытындысы тілдесім, ал тілдесім болмаса мәтін болмайды. Сонымен мәтін әркез тіл бірліктерінің жүйесіне, яғни тілге тәуелді. Бірақ бұл концепция бойынша мәтін тіл бірлігі емес, себебі тіл бірлігінің екі негізгі қасиеті болады. Олар: а) тіл бірлігі тілдің жалпы тілдің қасиеттерін (көрсеткіштерін) сақтау керек, яғни формасы мен мағынасын; ә) тіл бірлігі мәтіннен тыс дыбысталу (айтылу) керек, ол жаратылмайды, ойлап шығарылмайды.

Сонымен бұл көзқарас бойынша мәтін тіл бірлігі емес, себебі мәтінді дыбыстай, сөздей, сөз тіркесіндей, сөйлемдеп бір сәтте дыбыстау, айту мүмкін емес. Яғни мәтін тіл мен тілдесімнің біріккен жағдайы, бірігіп қызмет еткен жағдайы.

В.А.Маслова бұл жайында бұлай дейді: «Мәтін әр сәтте жасала бермейді. Мәтін коммуникация актіне (қарым-қатынасқа) бет бұрады. Сондықтан мәтін – әрі құрылымдық-семантикалық... бірлік, әрі біртұтас қарым-қатынас бірлігі» (Маслова, 2008, б.25).

Сонымен мәтін жайында ғылыми көзқарастар, теориялар өте көп, сондықтан жоғарыда айтқандай бүгінге дейін мәтіннің нақты, жан-жақты анықтамасы жоқ.

Мәтінді анықтауды бірінші орында ғалымның теориялық позициясы, оның қай ғылыми мектептің ұғымдары, ұстанымдары негізінде зерттеу жүргізу шығады. Яғни б.гінде ғалымдар әртүрлі ғылыми мектептердің арнасында ізденістер жүргізетін болған соң, мәтіннің анықтамалары да көп, бір әмбебаптың анықтамасы тіл білімі әлемінде әлі пайда болмады.

Мәтіннің релеванттық (түсінімдік) көрсеткіштері болады. Әр ғылыми концепция ғылымдары солардың негізділері деп әр түрлісін атайды. Олар мыналар:

- 1) Мәтіннің коммуникативтік (қарым-қатынастық) бетбұрысы. (С.И.Гиндин, А.А.Леонтьев, А.И.Новиков, Ю.А.Соронин, т.б.).
- 2) Мәтіннің құрылымдылық – мазмұндық бірлігі. (Т.М.Николаева).
- 3) Мәтіннің біртұтастығы (А.А.Леонтьев).
- 4) Мәтін құрамындағы тіл бірліктерінің тығыз байланыстылығы. (И.Р.Гальперин).

- 5) Мәтінде коммуникацияның (қарым-қатынастың) біткендігі аяқталғандығы айқын көрініп тұруы керек. (Ю.М.Лотман, В.В.Красных).
- 6) Мәтіннің құбылмалық қасиеті (Е.Ф.тарасов).
- 7) Мәтіннің диалогтылығы. (М.М.Бахтин).
- 8) Мәтінде мағыналық саңылаулардың (ұрғымалардың) барлығы. (Н.И.Жинкин).
- 9) Мәтінде лакуналардың барлығы (Ю.А.Сорокин, И.Ю.Марковина).
- 10) Мәтіннің көп өлшемділігі (многомерность). (М.М.Бахтин, Г.В.Степанов).
- 11) Мәтінде бүкпе мәннің барлығы (сөздің астары) бар екендігі. (А.А.Брудный, К.А.Доменин).
- 12) Мәтіннің белгілі бір оқырман тобына (әлеуметтік топқа т.б.) бет бұратындығы (орентация). (Ю.М.Лотман, Ю.А.Сорокин, Г.В.Степанов).
- 13) Мәтіндегі автордың түпкі ойы, ниеті (Н.И.Шинкин).
- 14) Мәтіндегі референция (яғни ситуациямен байланысты). (В.В.Красных, т.б.).

Т.М.Николаева өзінің ертеректе жазған бір еңбегінде мәтіннің бірнеше түсініктемесін береді:

- 1) Мәтін – сауатты жазылған және сауатты құрылған бітімі бар, тіл бірліктері біріккен бірізді дүние;
- 2) Мәтін – бірнеше топ мәтіндердің жалпылама моделі;
- 3) Мәтін – коммуникацияға қатынасушылардың біреуіне қарасты айтылымдар бірізділігі (қатары);
- 4) Мәтін – жазба түріндегі тілдесімдік шығарма. (Николаева, 1978, б. 471).

М.В.Лякон мәтін жайында тәрт концепция бар деп анықтайды:

- 1) қорытындылық – статистикалық (мәтін – тұтынушысынан тысқа шығарылған информация, хабарлама);
  - 2) процессуалдық (мәтін индивиттің тілдесімдік қабілетінің реализациясы, жүзеге асырылуы);
  - 3) каузируалық (мәтін адамның тілдесімдік қызметінің нәтижесі);
  - 4) странификациялық (мәтін-тіл жүйесінің ең жоғары деңгейі).
- (ЛЯПОН, 1986, б.3-4).

Дәстүрлі тіл білімінде мәтінді зерттеуде үш жол анықталады:

- 1) құрылымдылық-семантикалық;
- 2) прагматикалық;
- 3) стилистикалық. Мәтін зерттеудің бұл үш жолының да әрқайсысына тән ерекшеліктері бар.

Мәтіннің конститутивтік (дифференциальдық, айыру) көрсеткіштері болады. Бұл көрсеткіштер (сипаттар) барлық мәтіндерге тән дүние, сондақтан оларды категориялар деп те атайды. Осыларды ескерместен мәтіннің анықтамасын толық күйінде жасап беру мүмкін емес. Бірақ қазір бүгінгі тіл

білімінде мәтіннің категорияларының құрамы жайында бір түрлі пікір қалыптаспаған.

Мәтінге нақ лингвистикалық көзқарас негізінде И.Р.Гальперин төменде көрсетілген мәтін категорияларын анықтайды: 1) информативтік (хабарламалық); 2) поэзиялық; 3) логикалық бірізділік, континуумдық; 4) бөлшектенбеу; 5) мәтін бөлімдерінің бірашама дербестігі; 6) модальдылық; 7) бітімділік (Гальперин, 1981).

Коммуникативтік көзқарас негізінде мәтінде мынадай категориялары анықталады: 1) қарым-қатынасқа қатынасушылар (ситуативтік коммуникативтік және статустық-кейіпкерлік-мінездемелері) (пресуп- позиция, қарым-қатынас саласы, коммуникативтік орта); 3) қарым-қатынасты ұйымдастыру жағдайы (мақсат, мотивациясы, стратегиясы, қарым-қатынас құралдарының мүмкіншіліктерінің варианттивтігі); 4) қарым-қатынас жолдары (жанр, стиль, тәртіп (ереже), ауызша, жазбаша, радио, теледидар, т.б.).

Мәтінді зерттеу мәселесінің көп жағдайлары әлі анық болмаса да, оның бір қатар мамандар қабылдаған негізгі ұғымдары, категориялары бар. Олар төмендегі формалды категориялар: композиция, бөлшектену, поэзия. Бұл категориялар семантикалық-прагматикалық және жанрлық-стилистикалық категориялармен тығыз байланысты тұрады. Мысалы: поэзия (мәтіннің формалдық бір тұтастығы) мағыналық, мазмұндық біртұтастықпен тығыз байланыста тұрады.

Сонымен мәтінді В.А.Маслованың анықтамасы бойынша, төмендегі жазылымда көрсеткенді жөн көріп тұрмыз.

Мәтін – тілдің стилистикалық нормаларына, тілдің тілдесімдік қызмет түрлерінің ерекшеліктеріне негізделіп жасалған, автордың ой-пікірінің негізінде пайда болған композициялық, семантикалық, прагматикалық бірлікке ие, әлем көрінісінің фрагменті жайында хабарлайтын жүйелі құрылымның ең жоғарғы формасы (түрі). (Маслова, 2008. б.27).

Қандай мәтін боламасын оның ең негізгі категорияларының бірі мазмұндық категория. Ол риториканы да, композицияны да, стилистикалық жасалымды да, т.б. өзінің шеңберінде ұстайды, өзіне тәуелді етіп қояды.

Мәтіннің мазмұндық категориясында И.Р.Гальперин үш негізгі ұғымдарды анықтайды: мазмұндық-фактуалды, мазмұндық-концептуалдық, мазмұндық-бүкпемәнділік (подтекст). Бұл көзқарас негізінде негізгі категориялар ретінде мәтіннің мағыналық бірліктің, оның интегративтігі қаралады.

Мазмұндық категориялар қатарына мәтіннің интерпретациялануы жатады. Бұның құрамында нақтылық, түсініктілік, тереңділік, экспликативтік (импликативтік) орын алады.

Көркем мәтіннің ашылмаған сыры көп. Қалай болғанда да оны ұғу процесі – тілдік процесс. Бірақ тіл көркем мәтінді толық түсінудің көзге көрініп тұрған саласы, оның аржағында көзге көрінбейтін, құлаққа шалынбайтын когнитивтік құрылымдар, когнитивтік қабілеттер жатыр: олар таза лингвистикалық құбылыстар емес, бірақ мәтіннің ішкі дүниесін ашуда теңсіз қызмет ететін дүниелер.

Көркем мәтіннің көпқабатты дүние екенінің бір үлкен көрсеткіші – поэзия тілі, поэзия тілтанымы: қалай поэзияда мағыналар, түсініктер, ұғымдар бір-бірінен өрбіп шығады? Қалай поэзияда автор жоспарламаған мазмұндар дүниеге келеді? Қалай, қаншалықты өлшемде, қандай деңгейде ұлттық-эстетикалық дәстүр поэзия мәтінінен орын алады (детерминацияға ұшырайды)? (Миллер, 2003, б.5).

Сонымен мәтін – өте күрделі феномен, дүние. Оның қызметі өте көп: мәтін-коммуникация құралы, хабарды, білімді сақтайтын орын, мәдениеттің өмір сүру формасы (түрі), ұлт өмірінің психикалық дүниесінің көрсеткішісі, нақты тарихи кезеңінің өнімі (шығармасы), өмірді ретке келтіретін, жүйелейтін құрал.

Егер дәстүрлі тіл білімінде мәтіннің ішіндегі информациялық қызмет атқаратын бірліктерді жүйелік қатынастарын зерттесе, қазіргі жаңа лингвистикада мәтінді зерттеу жолдары күрделі өзгеріске ұшырады: енді соған қоса мәтіннің мәдениетін, мәдениеттік біртұтастығын зерттейтін болып жатыр, себебі мәтін мәдениетінің бір үлкен бөлімі, саласы. Сонымен мәтіннің тек ішкі дүниесі ғана емес, сыртқы дүниесі де (экстралингвистикасы да) зерттелетін болды. Осындай бағыт мәтіннің лингвокультурологиялық анализ жасау жолын дүниеге келтірді: Бүгінде лингвокультурология жеке ағым, пән ретінде қалыптасты.

Мәтінді дәстүрлі зерттеу шеңберінен шығудың бағыты – коммуникативтік – қызметтік және лингвокультурологиялық бағыттар (жол).

Мәтін лингвостилистикасында жаңа ұғымдар, терминдер пайда болып жатыр. Сондай жаңалықтардың бірі – гипертекст (гипермәтін) ұғымы, термині: гипер (грек сөзі - *hyper* – үстінгі, жоғарыдағы); текст – (латын сөзі: *textum* – байланыс, қосылдырылған, біріктірілген). Бұл термин мен ұғым интернет аясында пайда болды. Мағыналы: мәтіндегі информацияны сақтаудың және ұсынудың (презентацияның) ерекше жолы (формасы); орасан көп нақты мәтіндерді біртұтас дүние ретінде біріктіру. Бұл жағдайда суперсегментті бір жүйемен емес, бір түрлі кезеңмен емес, әртүрлі жүйемен, әртүрлі кезекте оқыла береді.

Мәтін лингвистикасы қарқынды дамып келеді: әсіресе гермен тілді еуропа мемлекеттерінде (Германия, Австрия) сонымен қатар Чехияда, Россияда. АҚШ-та дамып келе жатқан бір сала – мәтін лингвистикасының прогмалингвистикасымен байланысты аспектерін зерттеу жолы.

### **Мәтін және коммуникация байланысы, ықпалы (қатынасы).**

Коммуникация (латын сөзі: *communicatio* – хабарландыру, байланыстыру, қарым-қатынас жасау).

Тіл білімінде жаңадан қалыптасқан бағыт- мәтінге деген коммуникативтік көзқарас жолы. Яғни мәтін әрі тіл бірлігі (құралы), әрі коммуникация бірлігі (құралы). Мұндай көзқарас М.М.Бахтиннің еңбектерінде орын алған: «Танымның диалогтілігі дайын мәтіннің құрылымынан орын алған». Әрі қарай

ол бұлай дейді: «Диолог – ойдың сақтау орны емес, ойдың динамикасының (іс-әрекетінің) шығу тегі» (Бахтин, 1976).

Екі адам бір-бірімен қарым-қатынаста болса, онда М.М.Бахтиннің сөзі бойынша оның түбінде мынандай үдеріс пайда болады: «біреудің ойын, санасын, сана-сезімін көру, талқылау, заттай анықтау мүмкін емес, олармен тек диалогтік қатынаста болу мүмкін» (Бахтин, 1979, б.4).

Диолог тек екі адамның арасында болмайды. Диалогтік қатынаста жалғыз адам да болуы мүмкін: егер оның ойында бір мәселе жайында әртүрлі көзқарастар алған болса; бұл жағдай әсіресе көркем әдебиеттегі кейіпкерге оны оқыған оқырманға тән нәрсе.

Көркем мәтіндегі диолог (автор-мәтін-кейіпкер-оқырман) екі адамның сұхбат жасағандағы диалогтай емес. Көркем мәтін оқырманды адамға ұқсап диалогқа шақырмайды. Көркем мәтін диалогқа үндемей шақырады. Адам мәтінді оқи бастап, диалогқа енеді (мәтінмен, кейіпкермен, автормен). Сондықтан көркем мәтін үндемей, бірақ өз әміршілігімен диалогқа қатынасуыңызды өтінеді.

Бүгінде мәтін жайында бұлай дейді: «Әр мәтін басқа мәтіндермен тоқтаусыз диалогта болудың нәтижесі: әр мәтіннің құрылымы цитаталармен тоқылған кесте, яғни басқа мәтіндерді трансформациялаудың, қайта көріп шығудың қорытындысы» (маслова, 2008, б.30).

Диалогтік қарым-қатынаста тек мәтін мен мәтін емес, мәтін мен оқырман, мәтін мен автор, автор мен оқырман, мәтін мен оқырман, автор мен кейіпкер де болады.

Кейбір жағдайларда автор мәтінге емес, мәтін авторға нұсқаушы болады. Яғни жазылған мәтін өз жалғасының қорытындысын өзгертуге авторды мәжбүр еткізеді. (Юнг, 1991, б.275).

Бүгінде мәдениеттаным әлемінде полилог ұғымының жаңа мағынасы пайда болды. Бұл сөздің дәстүрлі мағынасы: помелог (грек сөзі: *polys* – көп, *logos* – тілдесім: бірнеше адамның (екі адамның көп арасындағы сұхбат, тілдік қарым-қатынасы). Полилог – әр жаңа автордың әр жаңа мәтіннің мағыналарымен, түсініктермен басқа мәтіндермен, авторлармен қатынасу үдерісінде болуы. Бұл жағдайды «пардокс многогалосия» деп атайды. Адам осының ішінде «көпдауысты» құрылым, себебі оның сана-сезімінде өзінің тілдесімдік рольдері тиісті психикалық, әлеуметтік тілдесімдік топтың көрсеткіші жарнамашысы ретінде орын алған.

Сонымен коммуникативтік көзқарас негізге мәтінде тек тілдік сипаттары бар дүние деп анықтау болмайды, себебі мәтін-мақсатты қызметтің қорытындысы, яғни қарым-қатынастың арнайы түрі, формасы; мәтіннің біртұтас дүние екенін толық анықтау үшін, оның мазмұнын, мағынасын жасау барысында үлкен қызмет атқаратын мәселе – коммуникативтік жағдайды да анализ жасау керек.

Коммуникация – мақсатты қызмет үдерісі, оның құралдарының бірі – тілдесім, ал таңбалық ұйымдасқан бірліктердің формасы – мәтін.



Коммуникацияның түрлері өте көп. Г.П.Почепцов 1996 ж. 100 ден астам коммуникация түрлерін бар деген. Біздің түсінуімізде коммуникация – адам қызметінің ерекше формасы (түрі), сондықтан лингвистиканың негізі ұғымы деп коммуникативтік қызмет ұғымын түсінгеніміз дұрыс болады.

Сонымен коммуникацияның түрлері көп, бірақ солардың ішінде сөз арқылы жасалатын коммуникация түрі – ең құнды түрі.

Тіл мәтіннің антологиялық қасиеттері кең және терең. Ол толымды түрінде, тек коммуникацияда айқындалады, сондықтан мәтін – коммуникацияның әрі өмір сүру формасы (түрі), әрі соның қорытындысы.

Коммуникацияның мақсаттары әр түрлі болады: хабарландыру, тиым жасау, тәрбиелеу, оқыту (білім беру), эстетикалық әсер ету, тәртіпке салу, тәртіпті бұзу, т.б.

Коммуникация кімге арналғандығына қарай да бірнеше түрлі болады: нақты біреуге, көпшілікке, арнайы бір әлеуметтік топқа, т.б. Сондықтан коммуникацияны бүгінде мәдени, этнопсихологиялық, когнитивтік, саяси т.б. факуторлармен тығыз байланыста қарастырған жөн болады.

Коммуникацияны зерттегенде мынандай мәселеге үлкен көңіл бөлу керек: қарым-қатынас пен қызметтің арасындағы байланысқа, оның айырмашылықтарына, себебі бұл жағдай мәтінде (әсіресе көркем мәтінді) үлкен орын алады.

Мәтін коммуникативтік зерттеу бағыты бойынша тек тілдік, тілдесімдік дүние емес, оның психолінгвистикалық, социолінгвистикалық, прагматикалық, лингвмәдениеттанымдық қырлары да бар. Сондықтан мәтін тек лингвистикалық дүние емес, әлеуметтік-психологиялық та дүние.

Мәтінді бұлай түсінудің негізінде психолінгвистикалық көзқарас жатыр: мәтін коммуникация бірлігі (құралы), тілдесімнің нәтижесі (өнімі), оның детерминация болу себебінің түбінде қарым-қатынастың қажеттілігі жатыр.

Сонымен мәтінге деген коммуникативтік және коммуникативтік – қызметтік көзқарас мәтіннің жан-жақты күрделі дүние екенін түсіну де ішкі сырын ашып беруде де үлкен қызмет атқарады. Мәтіннің бәрі коммуникация сәтіне тәуелді.

Мәтін коммуникация үдерісінің бірнеше факторларын және компоненттерін (бөлшектерін) біріктіреді.

Әлем

Автор – тіл – мәтін – оқырман

Басқа мәтіндер

Жоғарыдағы кестеде мәтіннің қарым-қатынасы екі жақтама екендігі көрсетіліп тұр: біріншіден мәтін авторға, тілге, әлемге, оқырманға, басқа мәтіндерге әсер етеді (қарым-қатынаста болады). Екі жақтама ұшы бар сызықтар саны көрсетіп тұр.

Мысалы: А.Н.Толстой ойы бойынша Татьяна Ларина тұрмысқа шықпау керек еді, бірақ, мәтіннің жазылу барысы автордың ойын өзгертті, сондықтан мәтіннің сол бөлімінің мазмұны өзгерді. Сонымен мәтіннің ішкі дүниесінің даму барысы автордың бастапқы ойын өзгерте алады, өзгертеді.

Коммуникация үдерісі барысында бір мәтін екіленеді: автор мәтіні; оқырман (рецензист) мәтіні, (материалдық формалық жағынан, мысалы жазылым бірдей болса да).

Бұл жағдай мәтінді зерттеудің екі жақтама болатындығын көрсетеді:

1. Мәтінді зерттеу негізінде автор ендірген ой-пікір сол мәтінге автордың не айтқысы келгені жатады. Яғни зерттеу объектісі мәтін, мәтіннің ішкі дүниесі. Мәтін зерттеудің осы жолы бүгінгі әдебиеттануда қалыптасқан жол.

2. Мәтін зерттеу негізінде оқырманның мәтіннен алған әсері, оқырманның сол мәтінге деген көзқарасы, сол мәтіннің коммуникациясы, мәтіннің кейіпкерлерімен, автормен ішкі және сыртқы сұхбаты яғни қарым-қатынасы жатады. Бұл зерттеу жолының түбінде мәтіннің өзі емес, мәтінді қабылдаушы, яғни адам жатыр.

Бұл мәтін зерттеу жасалымын дүниеге келтірген Н.А.Рубакин: библиопсихологияның негізін қалаушы. Бүгінде бөліп, зерттеу ұстанымы ретінде қолданатын сала-психоллингвистер саласы.

Мәтінді коммуникативтік бағыт негізінде зерттеудің коммуникативтік міндеттері бар. Олардың құрылымы төмендегідей:

1) Уәж (мотив: авторды мәтін жасауға әрекеттендіреді;

2) Мақсат: тілдесімдік қызмет нәтижесінің болашақтағы бейнесі;

3) Адресат (оқырман) жайындағы көрініс: оның (олардың) индивидтің (тұлғалық) сипаттары, соған (соларға) деген көзқарас;

4) Мәтін жасау (жазылым жасау), сол үшін тіл бірліктерін таңдау, жүйелеу, мәтіннің мазмұнын вербиализациялау.

Коммуникативтік міндеттері іске асыру барысы – мәтін жинауға алып барады. Лингвистикалық прагматикалық стратегиялардың толық реализациясы мәтінде жасалады.

Мәтінді жасаудың негізінде автордың ой-пікір жатыр. Мысалы, көркем мәтін жасау барысында автор тіл бірліктерінің арасынан осы мәтінге осы оқиғаға, осы жанрға тиістілерін таңдап алып пайдаланады, сол себептен мәтін жанрлық сол жанрға лайықты стилистикалық ерекшеліктердің көрсеткіші болады.

Әртүрлі мәтіндерге әртүрлі стратегия таңдалады. Мысалы:

ғылыми мәтінге – дәлелді, рационалды стратегия;

публицистикалық мәтінге – эмоционалды-экспрессивтік қабылдануы жеңіл, бірақ мәнді стратегия;

көркем мәтінге – эстетикалық, эмоционалды-экспрессивтік, бүкпемәнді, қанатты стратегия (әсіресе поэзия мәтінде).

Сонымен мәтін – уәждер, мақсаттар, міндеттер жиынтығы. Олардың реализациясы тіл бірліктері арқылы жасалады.

Көркем мәтінде автор хабарлаушылардың арасында көп салалы коммуникация жүйесін жасайды. Автормен-хабарлаушымен – нарратормен-кейіпкермен-оқырманмен.

Мәтінді адам жасайды, адам қабылдайды. Адамсыз мәтін жасалмайды, адам мәтінді оқымаса (қабылдамаса) мәтіннің тек «қаңқасы» ,(тәні) қалады.

Оқитын адамсыз мәтін тек таңбалар қатары я тек дыбыстар шуы, гүлі. Мәтіннің «қаңқасын» (тәнін) тірілтетін адам. Себебі ол сол тілде сол мәтінді оқып береді. (Рубакин, 2000).

Бұл ойды бүгінде философтар да (пятигорский, 1996), псиолингвистер де (Тарасов, Сорокин, Шаханарович, 1979) қолдайды.

Мәтінді коммуникативтік ғылыми жол бойынша зерттеу бүгінде көп ғалымдардың көзқарастарын біріктіріп тұр (Каменская, 1985; Сидоров, 1986; Актиков и др. 1989; золотова, 1995; Болотнова, 1999; Бергельсон, 2001; Богданов, 1993, бурвикова, 2000).

Бұл ғалымдардың негізгі ғылыми көзқарастары бір арнада болғанымен, әрқайсысының өзіне тән ой-пікірлері бар.

Мысалы, Е.В.Сидоров мәтінді тілдесімдік коммуникациясының біртұтас (біріккен) жүйесі деп анықтайды, яғни мәтін мағыналар және таңбалар жүйелерінің бірігіп бір күрделі жүйе жасағанының нәтижесі. Оның түпкі мәні – қабылдаушымен (адресат) хабарды жіберушінің (адресант, автор) арасындағы коммуникативтік қызмет. (Сидоров, 1986, б.5.).

Ю.М.Лотманның пікірі бойынша мәтін – түсінік мазмұн, мағына генераторы. Мәтін қызмет атқару үшін, оған тілдесуші (сөйлесуші) керек. Сонда мәтін тілдесім (қарым-қатынастың) қатынасушы ретінде, хабарламаның жиынтығы ретінде қызмет атқарады.

Қарым-қатынас қызметін атқару үшін, сана-сезімге – сана-сезім керек, мәтінге-мәтін керек, мәдениетке-мәдениет керек.

Ю.М.Лотмонның көзқарасы бойынша коммуникативтік қызметтің бірнеше үдерістері болады. Олар:

1) автормен оқырман арасында (мәтін хабарландыру қызметін атқарады, ол қызмет хабарламаның тұтынушысы, яғни аудиторияға арналады);

2) аудитория (адамдар) және мәдени дәстүр арасында (мәтін-қоғамда мәдени мұра қызмет атқарады);

3) оқырманның өзімен-өзі қатынасу үдерісі (бұл жағдайда мәтін медиатор қызметін атқарады, яғни оқырман тұлғасын өзгертуге, шыңдауға, қайта құрылуына жәрдем береді).

4) оқырман және мәтін арасында (оқырман тікелей мәтін мен жұмыс істеп сонымен коммуникация жасайды).

Ю.М.Лотман автокоммуникация ұғымын ендірі. Н.А.Фотива бұлай дейді: «Автокоммуникация – лирикалық мәтінді жайып көрсету жолы».

Автокоммуникация жолы XX ғасырда орыс поэзиясында жаңа мәдени кеңістік түрінің болуына негіз болды (Фатиева, 1995, б.53).

Автокоммуникация ұғымы бойынша, көркем мәтін коммуникациясы өзінің ішкі дүниесіне қарай бет бұрады: сондықтан онда мәтінді хабарлаушы мен хабарды қабылдаушы ғана емес мәтінді жасау, оны дыбыстау (айту) арқылы тілдесімдету де бірігеді, яғни мәтін және оның ішкі дүниесіндегі метамәтін – поэзиялық хабарламаны қабылдайтын (программаландырылған) код. Сонымен мәтін автодиолог болып кетеді: оның өзіне тән «режиссерлік» қызметі бар. Поэзия мәтінінің ең үлкен ерекшеліктерінің бірі осында.

Г.А.Гуковский бұлай деген: өлеңдегі мағына құрамындағы сөздердің мағынасынан басқа (Гуковский, 1966,б.148). Поэзияда бүкпеойлар, коннотациялар екінші мағынадағы мазмұндар қызмет атқарады.

Әр адам поэзия мәтінін тыңдап, оқып сәлде болса көркемтанушы (өнертанушы) бола бастайды.

Поэзияны түсіну үлкен еңбек. Поэзияны түсіну үшін, оқырманның дайындығы жоғары деңгейде жоғарғы деңгейде болу керек. Себебі өлеңдегі астарлы мағынаны түсіну, өз ойын ұғу – үлкен білімі, мәдени дайындықты талап етеді.

Бұл жайында В.Б.Шкловский бұлай деген: «өмірбақи етіктің былғарысын иіскеп, шайнап өскен адамға, қауынның аңқыған иісі, дәмі бар деп түсіндіру мүмкін емес» - (1919, б.93).

Поэзияның да иісі аңқыған дәмі әрі балдай, әрі удай, сондықтан оны терең түсіну барлық адамның қолынан келе бермейді. Бірдей барлық әріп танитын адам поэзия мәтінін оқи алады.

Поэзияны түсіну үш түрлі болады:

- 1) Оқырман автордың ой-пікірін толық күйінде қабылдай алмайды (И.Бродский: читатель обычно не дотягивает до автора). Бұл дәстүрлі, яғни қалыптасқан көзқарас.
- 2) Оқырман автордың ой-пікірін толық күйінде қабылдайды (түсінеді, ұғады, т.б.). бұл жағдай сирек кездеседі.
- 3) Оқырман мәтінді қабылдауда автордың ой-пікірінен терең, кең ұғады, сөйтіп сол поэзия мәтінінде ешкім байқамаған (автор да байқамаған) интерпретацияларды бүкпеойларды көрсете біледі. (Мұндай жағдай өте сирек кездеседі).

Поэзияда тіл бірліктерінің бейнорма қолданылуы, бір-бір-бірімен тосаттан байланысуы жаңа ассоциацияларды, күтпеген, таң қалдыратын көркемдік бейнелерді дүниеге алып келеді.

Сонымен поэзия мәтінінің мазмұны бәрімізге белгілі ұғымдардан, түсініктерден, мағыналардан, стилистикалық реңктерден тыс шығып кетеді, сөйтіп жаңа ұғым, жаңа мағына т.б. тудырады. Қай жағдайда сөздің поэзия мәтініндегі мағынасы, стилистиканың қызметі сол сөздің түсіндірме сөздіктегі мағынасымен, стилистикалық реңкімен бірдей емес.

Бүгінгі тіл білімінде мәтіннің коммуникативтік дербестігі ұғымы деп аталатын ұғым пайда болған: мәтіннің автордың ой-пікірін оқырманға жеткізу қабілеті. Яғни мәтін коммуникациялық қызмет атқарады. Б.В.Томашевский ойы бойынша нағыз поэзия коммуникативтік қабілетсіз өмір сүрмейді.

Сонымен, оқырман мәтінді оқып, қабылдап, онымен диалогта (коммуникацияда) болады, мәтінге өзінің түсінімдік, мағыналық жүйесін ендіргендей болады, сөйтіп сол мәтіннен өзіне қажет, өзімдікі дегендей көріністей, ой-пікірлер байқайды, қабылдайды.

Яғни мәтіннің мәні, маңызы диалогта көрініс табады (М.Хайдеггер). Бұл жайында Р.Якобсон бұлай деген: «тілдің түп маңызы тек поэзияда айқын болады».

Сонымен, автордың және оқырманның автордың және нарратордың, автордың және кейіпкердің т.б. динамикалық қарым-қатынастарының негізгі құралы - мәтін.

Мәтіннің мәні маңызы коммуникация үдерісінде ашылады, яғни реципиент (адам, оқырман) оны оқып қабылдаған кезде.

### **Мәтінді зерттеудегі дискурсивтік (көзқарас).**

Дискурс: француз сөзі discours – сөйлесім, жазылым, таңдалым, оқылым.

1) Тілдесім.

2) Әртүрлі мәтіндер түсінігі олардың экстралингвистикалық факторларының ерекшеліктеріне байланысты.

Дискурс сөзі орыс тіліне француз тілінен келді, қазақ тіліне орыс тілі арқылы енді.

Француз тілінде сөз екпіні соңғы буынға түседі (дискурс). Орыс тілінде сөздің екпін орны өзгерді – бірінші буынға түсті (дискурс). Қазақ тілі дискурс сөзін орыс тілі арқылы қабылдағандықтан сөз екпіні бірінші буынға түсетін болды (дискурс).

Мұндай жағдай қазақ және басқа түркі тілдерінде (ССРО құрамында болған) жиі кездеседі, яғни орыс тілі арқылы кірген шет тілі сөздері орыс тілінің орфографиясында, орфоэпиясында қабылданды. Мысалы: Пағит – Париж, Пейджин-Пекин, Стохгольм-Стогольм т.б.

Бүгінгі тіл білімінде дискурстың өте көп анықтамасы бар. Бұл жағдай иермин мағанысының әлі де бір жүйеге келмегендігін білдіреді.

Дискурс термині көп сөздіктерден әлі орын алмаған. Мысалы, БТС (Большой толковый словарь русского языка) сөздігінде дискурсивный сөзге арнайы лұғаттық мақала арналған, ал дискурс сөзіне – арналмаған (БТС, 2002 б.260).

Сонымен дискурс терминіне арнайы лұғаттық мақала арналған сөздіктер қазір санаулы. Олар: 1) А.Н.Щукин лингводидактический энциклопедический словарь. М.2006, 745 б; 2) Э.Г.Азимов, А.Н.Щукин. Новый словарь лингвистических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). М,2009, 446 с; 3) тіл білімі сөздігі (Словарь по языкознанию). Алматы, Ғылым, 1958, 544 с.

Төменде біз дискурстың тіл білімі сөздігіндегі түсіндірмесін ұсынып тұрмыз, себебі сол лұғаттың мақалада дискурс жайындағы әртүрлі көзқарастар толығырақ көрсетілген.

«Дискурс» (фр.discours -сөйлеу)<sup>1</sup>

Д. термині ХХ ғ 70 ж. Басында кең қолданыла бастады. Алғашқыда «функционалдық стиль» терминіне жақын болды. (В.В.Виноградов пен Г.О.Винкур бойынша). Д.бәрінен ең бастысы мәтіндерде орын алады. Ол сөйлемдерде ерекше грамматика ерекше лексика, синтаксисте сөз қолданудың

---

<sup>1</sup> Басқа сөздіктерде дискурсты орыс тілінде речь деп берген. Речь бұл жолды тілдесім, тек сөйлесім (сөйлеу) емес.

ережелері, ерекше. Семантика, демек ерекше дүние ретінде ұсынылады (Ю.С.Степанов бойынша). Әрбір Д. әлемінде ауыстырулардың өз ережелері, өз этикеті жұмсалады. Кейінірек, Д. Тек қана мәтін емес, сонымен қатар одан тыс тұрған жүйе, бәрінен бұрын грамматика екендігін мойындай ыстайды. Т.Н.Николаева Д. Терминінің төмендегідей мағыналарын бөліп көрсетеді: а) өзара байланысты мәтін; б) мәтіннің ауызекі сөйлеу формасы; в) Диалог; г) Сөйлемеліктің мәні жағынан өзара байланысты топтары; д) жазба және ауызша сөйлеу қалпы. В.З.Демьяннов «бір сөйлем немесе сөйлемнің тәуелсіз бөлігінен тұратын мәтіннің еркін фрагменті» Д.деп түсінеді. Мәтіндердің алуан түрі Д. Аясында топтастырылып, ментальды процестер тұрғысынан және экстроллингвистикалық факторлармен байланысты қарастырылады (Ван Дейк бойынша). (Тіл білімі сөздігі, 1998, б 111-112).

Бұл анықтама өте жан-жақты, өте көлемді. Бұл анықтаманың кейбір термин қолданыстарымен біз келісе алмаймыз. Мысалы: дискурс – сөйлеу (бұл сөйлеу емес тілдесім, себебі, дискурс ауызша да жазбаша да өмір сүрді); сол себептен сөйлемелік терминнің орнына да тілдесімдік (я тілдесімділік) терминін қолдану керек.

Сөздіктерде дискурстың өте қысқа түсіндірмелері де бар. Мысалы: Дискурс (франц. Discourse-тілдесім). Баланыстырылған мәтін, фразадан жоғары (үлкен) бірлік (бірліктеме). Д. Анализі және мәтін лингвистикасы тіл білімі ғылымының бір-бірінің ішкі және сыртқы ..... жақын салалары болып табылады. Мәтінді көп жағдайда абстракцияланған, формалды құрылым деп түсінеді. Д-ті көп жағдайда тілдесім оқиғасының барысындағы мәтін актуализациясының (реализациясының) әртүрлі нұсқалары деп түсінеді. (Щукин, 2006, б.76).

Сонымен әлем тіл білімінде дискурс ұғымының бір түрлі анықтамасы жоқ, себебі дискурсті зерттеуге арналған ғылыми еңбектердегі теориялық көзқарастар әр түрлі.

Мәтіннің дискурсивтік анализі мәтін лингвистикасы әлемінің үлкен бір дүниесі. Яғни мәтінді зерттеудің дискурсивтік жолы да бар.

Сонымен мәтін мен дискурс тең ұғымдар ма жоқ әлде керісінше ме? Тең болмаса ұқсастықтары мен айырмашылықтары неде? Тең болса – бұлар синонимдер ме? т.б. Мәтінді зерттеудегі дискурсивтік көзқарас – қандай көзқарас?

Төменде осы мәселелерге көңіл бөлейік, осы сұрақтарға жауап беру үшін әрекеттенейік.

Мәтін де, дискурс та тілдесімдік қызметінің нәтижесі. Яғни екеуінде де антропоцентризм үлкен орын алады. Яғни бұларды зерттеудің негізінде адамды зерттеу антропоцентризм жатыр. Себебі, тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет «адамның адамдық қасиеттерінің ең зоры» (Ахмет Байтұрсынов).

Жаңа антропоцентрикалық парадигма аясында ең жиі қолданылатын терминдердің бірі – дискурс термині. Ф.де Соссюр дискурс терминін тілдесім (речь) мағынасында қолданған. Бірақ соған қарамай бүгінге дейін дискурс

термині бірнеше ұғымда, мағынада қолданылып келеді: дискурс – тілдесім, дискурс – мәтін, дискурс – функционалдық стиль т.б.

Дискурсті зерттеудегі шет ел ғалымдарының, ғылыми мектептерінің көзқарастары термині мәтіннің синонимі, тілдесімнің синонимі ретінде көп уақыт қолданылды.

Бұл терминдердің мағынасын айыра түсінудің негізін М.Тише мен М.Фуко бастап берді. Олардың пікірі бойынша дискурстің мәні құрамындағы екі конституенттердің тығыз байланысымен тәуелді. Коммуникативтік актің (тілдесім жасалымының) субъекті (адам) және идеологияның, яғни қалыптасқан мәдени-тілдік, рухани құндылықтардың негізінде болмыстың жүйелі-таңбалы интерпретациясы.

Дискурстің зерттелуі – пәнаралық зерттеу, себебі оны тілшілер де (Жан Дюбиа, Ю.С.Степанов, т.б.), тарихшылар да (Режем Робен, т.б.) философтар да (Мешель Фуко, т.б.) зерттейді.

Оған қоса қазіргі кезде дискурс теориясының аясында социологтар да, психологтар да, этнографтар да, әдебиетанушылар да т.б.зерттеулер жүргізіп жатыр.

Дискурсты зерттеуде француз ғылыми мектебінің еңбектері үлкен орын алады. Ол ғылыми мектептің негізгі түсініктерінің пайда болуына Э.Бенвенистің көзқарасы медеу болды. Бұл ғылыми мектептің дискурсты анықтаудағы ерекшеліктері төмендегідей:

1) Хабарлаушы (хабарнама) – повствование және дискурс планы екіге бөлінеді. Дискурс планын – тілді адам сөйлеуші иелейді.

2) Дискурс адамның субъективтік психологиясын бейнелеп көрсете біледі, сондықтан ол (теориялық пайымдаумен салыстырғанда) сөйлеуші яғни адамнан бөтен (тыс) қарастырылмайды.

Р.Барт та дискурс пен мәтінді айырған. Дискурс – мазмұны жағынан біртұтас, бітімі бар тілдесімнің бөлшегі, бірақ оның мәдениет факторларымен байланысы тілдің мәдениет факторларынан басқаша.

Философ М.Фук дискурсты зерттеп төмендегідей ерекшеліктерін анықтайды:

1. Субъектті дискурс (яғни адам жасайтын дскурс).

2. Бейсубъекті дискурс яғни дискурс тек адамға емес, тарихи кезеңге де (заманға да) байланысты. Әр тарихи дәуірде ғылыми ойдың өзіне жарасты инварианттары (эпистемалары) бар. Бейсубъекті дискурстың пайда болуы тілді қолданушы адамдарға, бірін-бірі ауыстырып тұратын сәттерге ситуацияларға толық тәуелді емес.

Осы ғылыми тұжырымдарға сүйенетін болсақ, онда дискурс лингвистикасының мәтін лингвистикасынан үлкен айырмашылығы бар: дискурс лингвистикасы үшін біртұтас бітімі құрылымы бар мәтін, оның зерттеу ұстанымдары жайындағы мәселелер бірінші орынға шықпайды: дискурстың өлшемі, негізгі болымы – әртүрлі мәтіндердің арасынан ішке ену, ішкері кіру.

П.Серио дискурс терминінің қазіргі тіл білімінде көп мағынада қолданылатынын айтып, оның сегіз функциясы бар дейді:

- 1) тілдесім ұғымының эквиваленті, яғни әйтеуір айтылым.
- 2) фразадан үлкен бірлік (сверхфразовая единица): жобалдық ұғымдағы айтылым, яғни «мәтін грамматикасы» ілімінің зерттеу пәні.
- 3) айтылымның қабылдаушыға әсер етуі (айтылу сәтінің, ситуацияның) ерекшелігінің аясында.
- 4) сұхбат – айтылымның негізгі түрі.
- 5) баяндауға ұқсамайтын (қарсы) сөйлеушінің жағдайы (позициясы) негізінде жасалған тілдесім (сөйлесім).
- 6) тіл бірліктерінің қолданылуы, олардың тілдесімдегі қызметі (актуализациясы).
- 7) әлеуметтік және идеологиялық шек қою жүйесі. Мысалы, флэнгивистік дискурста.
- 8) Мәтін жасалу жағдайын (шарттарын) зерттейтін теориялық конкрет. (Серио, 1999, б.-27).

Дискурсты анықтауда Т.А.Вандейктің көзқарасына көңіл бөлейік. Т.А.Вандейк («Дискурсты анықтау жайында» - «К определению дискурса». Амстердам университетінің профессоры дискурс жайында 3 кітап, 200 мақала жазған).

Ван Дейктің пікірі бойынша дискурстың анықтамасы өте дискуссионды, өте күрделі. Сондай анықтамасы ала-бұла терминдер ғылымда көп қолданылатын жағдайлар жиі кездеседі. Ван Дейк дискурстың екі түрін бар дейді: а) кең ұғымдағы дискурс; ә) тар ұғымдағы дискурс.

Кең ұғымдағы дискурс – бұл коммуникативтік (қатынастық) оқиға; ол сөйлеушімен тыңдаушының арасында орын алады, оның коммуникация жасайтын уақыты жері, (мекен-жайы) болады.

Ол коммуникативтің қызметі әр түрлі болады: тілдесімді (ауызекі, жазбаша), оның вербальды, бейвербальды көрсеткіштері болады. Мысалы: екі достың сөйлесуі, науқаспен дәрігердің диалогі, газет оқу үдерісі, т.б.

Т.Ван Дейк бойынша дискурс пен мәтіннің айырмашылығы мынада:

Дискурс – дыбысталған айтылған мәтін;

Мәтін – дыбысталған айтылымның абстракцияланған грамматикалық құрылымы.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Мәтін дегеніміз не?
2. Мәтін лингвистикасының қандай бағыттары бар?
3. Мәтін және коммуникация туралы не айталасыз?
4. Мәтінді зерттеудің дискурсивтік жолы туралы ой толғаңыз?

### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2011.
2. Маманов, Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007.
3. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Өлке, 2010.



### **3-ТАҚЫРЫП: Қазақ тілін оқытуда заманауи жандасулар: тілді коммуникативті және компетенциялық жандасулар негізде оқыту**

#### **Жоспар:**

- 1.Тілдің тарихи дамуы**
- 2. Тіл білмінің зерттеу әдістері**
- 3. Когнитивті лингвистика, зерттеу аспектілері, ғылыми концепциялары**

**Тірек ұғымдар:** суперстрат, адстрат, субстрат, этникалық қауымдар, этнос, халық.

#### **Тілдің тарихи дамуы**

Тіл – қоғамдық құбылыс. Сондықтан оның тарихы мен дамуы қоғамның тарихы мен дамуына байланысты болады.

Қоғам пайда болғаннан бері тіл қоғамға қатынас құралы ретінде қызмет етіп,оның дамуымен бірге дамып келеді. Қоғамның және оның дамуы тілдің дамуына әсер етпей тұра алмайды .Солай бола тұрса да тілдің дамуы қоғамның даму заңдары бойынша емес, өз заңдары бойынша дамиды.

Тілдің дамуы туралы бірнеше қате көзқарастар болды. Мысалы, Н.Я. Марр тіл дамуының әртүрлі сатысы бар және ол сатылардың әрқайсысы белгілі бір қоғамдық формацияға (айталық, феодалдық қоғамға, капиталистік қоғамға) сай келеді деп есептеді.

Ағайынды Шлегельдер мен Гумбольдтың тілдің өткен дәуірін-классикалық дәуір, тілдің гүлденіп дамыған дәуірі, ал бергі дәуірлер-тілдің азу, бүліну дәуірі деп есептеулері ешбір шындыққа жанаспайтын, мүлдем қате көзқарас.

Неміс лингвисті Август Шлейхер тілдің дамуының өсімдік мен хайуанаттардың өсіп дамынан айырмашылығы жоқ, - деп есептейді Шлейхердің пікірінше, тіл биологиялық организм сияқты туады, өседі, қартайды, ақырында өледі.

Бұл да қате көзқарас.Тіл – биологиялық құбылыс емес, қоғамдық құбылыс.Осылай болғандықтан бұл екеуінің даму жолдары әр басқа.Тілдің дамуының өзіне тән заңдылықтары бар, тірі организмдердің дамуының өзіне тән заңдары бар. Демек,бұл екеуін бірдей деп есептеу қате.

Сонымен,тіл дамиды екен. Ендеше, оның даму жолдары қандай?

Н.Я.Марр тілдің сатылық даму теориясын ұсынып, тілдің ескі сападан жаңа сапаға көшуі, яғни дамуы революция жолымен, анықтап айтқанда,бар тілді жойып жіберіп, жаңа тіл жасау жолымен болады деп есептеді. Бұл қате теория болатын.Тілдің дамуы-бар тілді жойып, жаңа тіл жасау жолымен емес, бар тілдің негізгі элементтерін дамыту, жетілдіру жолымен, яғни эволюция жолымен,ішкі даму жолымен болады.

Тілдің даму заңдарына келмес бұрын, алдымен,тілдің заңдары - жалпы заңдар (общие законы)және жеке заңдар (частные законы) болып екіге бөлінетіндігін айтып алуымыз керек.

Жалпы заңдардың қатарына тілдің әртүрлі құрылымдық элементтерінің даму қарқынын біркелкі болмауын жатқызуға болады. Мысалға тілдің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылымын алалық. Бұлардың даму қарқыны бір келкі емес. Сөздік құрамы өзгеріске өте-мөте биік болады. Қоғамдағы өзгерістерді ол тез қабылдайды. Ал грамматикалық құрылыс өте баяу өзгереді. Бұл –тіл атауының барлығына бірдей тән, күллісіне ортақ жалпы заң.

Осылай бола тұрса да, бұл ортақ заңның әртүрлі нақтылы тілдерде жүзеге асуы түрліше болуы мүмкін. Өйткені ол тілдердің өздеріне тән заңдары болады. Сондықтан, күллі тілдерге ортақ заң жеке тілдерде өзінше дамуы орынды. Мұндай заңдарды тіл дамуының жеке, ішкі заңдары деп атайды.

Тіл дамуының жеке заңын оның барлық саласынан, атап айтқанда лексикасынан да, грамматикасынан да, фонетикасынан да табуға болады. Мысалы, үндестік(сингармониз) заңы бүкіл түркі тілдерінің фонетикасына ортақ. Бірақ үндестіктің түрлері әрбір түркі тілдерінде әртүрлі. Айталық, ерін үндестігі (мысалы: құлұн, бұрұм, бөтелкө т.б ). Қазақ, қарақалпақ тілдеріне қарағанда, алтай, қырғыз тілдерінде әлдеқайда басым дамыған.

Тілдің фонетикасында, лексикасында, грамматикасында әртүрлі өзгерістер жасалып, тіл ұдайы даму күйінде болады. Мысалы, лексикологияда кейбір ескірген сөздер шығып қалып, оның есесіне көптеген жаңа сөздер қосылып отырады немесе сөздердің мағыналары өзгеріп жатады; шет тілден сөз ауысып келуі де мүмкін.

Грамматикада да сондай. Лексикаға қарағанда баяу болса да, тілдің грамматика саласында да өзгерістер болып, оның грамматикалық құрылымы жетіліп отырады. Мысалыға, босқа, зорға деген үстеулер есім сөздерге барыс септігінің қосылуынан жасалған. Сондай-ақ, қабаған, тебеген тәрізді етістіктер қазіргі кезде сын есімдер болып саналады.

Өзгеру мен дамудың барысында дербес сөздердің көмекші сөздерге, ал көмекші сөздердің аффикстерге айналуы – әрбір тілдің тарихында кездесе беретін құбылыс. Бұл ретте бара дұр, жүре дұр тіркестерінен барады, жүреді формаларының, бара тұрған, келе тұрған тіркестерінен баратын, келетін есімше формалары мен жасалуын мысалға келтіруге болады.

Тілдің даму барысында кейбір аффикстердің ықшамдалғанын байқаймыз. Мысалы: айтқанмын>айтқам, айтамын>айтам, барғанмын> барғам, барамын>барам т.б. Осылайша ықшамдалу сөз тіркестерінде де болады. Олар келе –келе бір –бірімен бірігіп, содан кейін кірігіп, бір сөзге айналып кетеді. Мысалы: бұл күн>бүгін, бұл йыл/жыл>биыл, алып бер>әпер.

Қазіргі қазақ тілінде баяндауышы жатыс жаоғаулы тұйық етістіктен жасалған сөйлем түрлері бар. Мысалы: ауыл шаруашылығы жекешелендірілуде. Бірінші семестр өтуде. Мұндай сөйлемдер бұрын болмайтын болса, жекешелендіріл+іп жатыр, бірінші семестр өт+іп жатыр болып келетін. Жоғарыдай баяндауыш формасы кейінгі кезде жасалып қалыптасқан.

Жай сөйлемнің инверсиялы түрі де кейінгі кездің жаңалығы. Мысалы: сөйлеп тұрған Алматы. Берілді осы анықтама (справка) т.б.

Тілдерде неге мұндай өзгерістер болады?

Оның себептері көп. Солардың бірі – тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасы, өзара әсері.

Тіл білімі тілдің белгілі бір дәуірдегі қалпын және оның өзгеруі мен дамуын зерттейді. Әрине, бұл екеуі бір нәрсе емес. Тілдің белгілі бір дәуірдегі қалпын, құрылымын, жүйесін зерттеуді синхрондық тіл білімі, ал тілдің тарихи өзгеруі мен дамуын зерттеуді-диахрондық тіл білімі деп атайды. Басқаша айтқанда, тіл өмір сүріп тұрған кезіндегі қалпына сипаттама беру арқылы зерттесе, оны сипаттама немесе статикалық (синхрондық) тіл білімі деп, ал тіл шығуы, өзгеруі және дамуы тұрғысынан зерттелсе, оны тарихи (диахрондық) тіл білімі деп атауға болады.

Жоғарыда аталған синхрония деген термин тілдегі құбылыстардың белгілі бір дәуірдегі қалпын, яғни Ф.де Соссюрдің сөзімен айтқанда, оның «бір мезгілдік» күйін қарастыру дегенді білдірсе, диахрония деген әртүрлі кезде бірінен кейін бірі болатын тілдік құбылыстарды қарастыру білдіреді. Синхрония бойынша бір мезгілде қатар өмір сүріп тұрған тілдік құбылыстардың арасындағы қатынастар қарастырылады да, диахрония бойынша әлгі тілдік құбылыстардың тарих (уақыт) бойындағы өзгерістері қарастырылады. Ф.де Соссюр синхронияны жүйемен байланыстырса, диахронияны жүйеден тыс деп біледі. Оның пікірінше, синхрондық тіл білімі тілді жүйелі құбылыс ретінде, яғни тілдегі құбылыстарды бір-бірімен байланысында, бірақ дамудан тыс қарастырғаны жөн екен, ал диахрондық тіл білімі тілдегі құбылыстарды даму тұрғысында, бірақ өзара байланыстан тыс, яғни тілдік элементтерді бір-бірінен ажыратып, бөлек зерттегені орынды сияқты.

Сайып келгенде, бұл синхрония мен диахронияны бір-біріне қарама-қарсы қою деген сөз. Әрине, пікір дұрыс болып табылмайды. Өйткені диалектикалық материализм әрбір құбылысты шығуы мен дамуы және басқа құбылыстармен байланысында зерттегенде ғана оның табиғатын жете түсінуге болады деп үйретеді.

Олай болса, тілді зерттегенде ондағы құбылыстарды синхрониялық тұрғыдан да, диахрониялық тұрғыдан да, сипаттамалы тұрғыдан да қалыптастыру дұрыс және ол өте – мөте қажет. Себебі тілді ғылыми тұрғыдан да зерттеудің мәні өте зор. Мұндай екі жақты зерттеу болмаған жерде тіл білімінің толық мағынасында ғылым болуы мүмкін емес. Мысалы, қазақ тіліндегі сарғай деген етістіктің құрамына талдау жасау қажет болды делік. Ол үшін мәселеге алдымен тарихи тұрғыдан қарау керек. Егер оған тарихи тұрғыдан келсек, бұл сөздің түбірін-сары, қосымшасын-ғай деуге болмайды. Оның түбірі-сары емес, сарығ. Ал жұрнағы –ғай емес, -ай (азай, көбей дегендердегі –ай, -ей).

Бұдан шығатын қорытынды: тілдің жүйесі (синхрония) оның дамуына (диахрония) телулі, яғни тіл жүйесі әрқашан оның тарихымен байланыста болады. Ендеше, тілдің жүйесін түсіну үшін тіл тарихының маңызы зор екен. Керісінше, тілдің дамуын жақсы ұғыну үшін, оның жүйелілік қасиетімен

есептеспеске болмайды. Тілдегі болып жатқан өзгерістер мен дамулар оның жүйесін өзгертпейді, тек ондағы (тіл жүйесіндегі) қатынастардың түрін ғана ауыстыруы мүмкін.

Сонымен, тіл, тілдік құрылым, тілдік жүйе, уақыт озған сайын дамып, жетіліп отырады. Сондықтан да, оны зерттегенде оған тек тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан (статикалық тұрғыдан) қарау жеткіліксіз. Бұған қоса тілге оның шығу тегі, дамуы тұрғысынан да (динамикалық тұрғыдан) қарау қажет. Демек, тілді зерттеуде ғылымдардың, біріншіден, оны құрастырушы элементтердің байланысы тұрғысынан, екіншіден, олардың шығуы, тарихи дамуы, өзгеруі тұрғысынан қарастырғаны жөн.

Тілдердің өзара әсері екі түрлі жолмен болады. Бір жолы-тоғысу түрінде, екінші жолы – тілдік элементтердің (дыбыстардың морфемалардың, сөздердің, сөйлем құрылысының) енуі түрінде.

Тілдердің тоғысуы (этникалық топтардың бірігуі) процесінде субстрат, суперстрат, адстрат деп аталатын құбылыстар пайда болады. Субстраттардың нәтижесінде жеңген тіл жеңілген тілден сөздер мен жеке дыбыстарды, кейбір морфемаларды қабылдайды. Яғни, субстрат дегеніміз- жеңілген тілдің жеңген тілдегі элементтері. Мысалы, қазіргі Франция жерінде ертеде келт (галль) деген халық тұрған. Оларды римдіктер (француздар мен испандар) жаулап алды да, ол халықтың тілі жойылды. Бірақ қазіргі француз, испан тілдерінде сол жойылған келт тілдерінің кейбір элементтері сақталған. Келт субстраты дегеніміз – француз, испан тілдеріндегі сол қалдық элементтер (Мысалы, француз тіліндегі И дыбысы). **Суперстрат** дегеніміз – жоғарғыға керісінше: жеңген халықтың жеңілген халық тіліне қалдырған ізі, әсері. Ал адстрат дегеніміз –жарыса қатар өмір сүретін тілдік элементтер.

Енді тілдердің өзара әсері нәтижесінде тілдік элементтердің енуіне (яғни екінші жолға) келелік.

Удмурттар (фин-угор тобына жатады) мен татарлар (түркі тобына жатады) баяғыдан қоныстас, көршілес өмір сүріп келеді.

Сондықтан олардың тілі бір-біріне әсер еткен. Татар тілінде дж дыбысы удиурт тіліне ауысқан. Бұл дыбыс удмурт сияқты басқа фин-угор тілдерінде жоқ.

Басқа түркі тілдерінде ұяңнан басталатын сөздер чуваш тілінде қатаңнан басталады. Мысалы: бас-пус, бар-пур, дауыл-тавыл. Неге!

Сөйтсек, ол көрші жатқан марий тілінің әсері екен. Ол тілде дауыссыздан басталатын сөздердің басқы дыбысы әр уақыт қатаңнан басталады.

Сондай-ақ, чуваш тілі марий тілінен көптік мағынаны білдіретін -сем деген аффиксті қабылдаған. Мысалы чуваш тілінде ял- «ауыл»-ял+сем «ауылдар». Бұл қосымша басқа түркі тілдерінде жоқ

Керісінше, марий тілі чуваш тілінен сын есімнің салыстырмалы шырайының -рак жұрнағын қабылдаған. Мысалы: марий тілінде *сай* «жақсы» - *сай+рак* «жақсы+рак».

Тілдердің өзара әсері лексика саласында жиі ұшырасады. Мысалы, түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде де араб-парсы және орыс тілдерінен енген

көптеген сөздер бар.

Әдетте, тілдің фонетикасы мен грамматикасы тұрақты болады. Жиірек өзгеретіні, ауысатыны - лексика саласы. Егер бір тілден екінші тілге дыбыс не қосымша ене қалса, олар көп жағдайда сөздермен бірге, сөздердің құрамында ғана ене алады. Мысалға, қазақ тіліне. орыс тілінен ауысқан 12 әріпті (дыбысты) келтіруге болады. Ол 12 дыбыс қазақ тілінің байырғы төл сөздерінде қолданылмайды, тек орыс сөздерінде ғана қолданылады. Сондай-ақ, тіліміздегі *арызқор, арбакеш, өнерпаз* деген сөздердегі *-қор, -кеш, -паз* жұрнақтары мен *бейбақ, бейхабар, бимағлұм* деген сөздердегі *-бей,-би* перефикстері де түбір сөздермен бірге келген қосымшалар .

Бір тілдің екінші тілге әсері морфологиядан гөрі синтаксисте көбірек аңғарылады. Бұған орыс тіліндегі үлгі бойынша қазақ тілінде оңашаланған айқындауыш мүшелі сөйлемдердің немесе әр түрлі қыстырма сөздері бар сөйлемдердің қатысуын мысалға келтіре аламыз. Мысалы: Тоғжанға Абай тағы бір рет, соңғы рет қарады.(М.Әуезов).

Қорыта келгенде тіл де дамиды. Бірақ оның өз даму жолдары бар. Лингвист болғысы келген адам алдымен тілдік заңдарды біліп алғаны жөн.

### **Тіл білмінің зерттеу әдістері**

Тіл білмінің зерттеу әдістері: салыстырмалы және сипаттамалы әдістерді салыстыру.

Әдіс – қойылған ғылыми мақсатқа жетудің жоспары. Ол жоспар зерттеушінің тілдік құбылыстарды зерттеудегі әрекеттерін үйлестіреді, бір жүйеге түсіреді. Кез келген жоспар қойылған мақсатқа жетуде бірнеше кезеңдерден, әрекеттердің бірізділігінен тұрады.

Тіл білімінің зерттеу әдістері тілдің маңызды жақтарын зерттеудің жолы, тәсілі, солардың жиынтығы. Тіл ғылымының тарихында жаңа бетбұрыс кезеңдер, мәнді теориялық жаңалықтар ашылумен қатар, тілдің белгілі бір жағына айрықша көңіл бөлініп, оны зерттеудің әдістері де өзгеріп отырған. Жаңа теорияның пайда болуымен бұрынғы теорияларда пайдаланылған әдістер жоқ болып кетпейді, олар тілді зерттеудің жеке арнайы әдістері болып қала береді. Сөйтіп, даму барысында тілді зерттеудің әдістері де толығып отырған. Тіл ғылымының тарихында ең көне әдіс — сипаттама әдісі, оны б. д. д. V-IV ғасырларда көне үнділер пайдаланған. Сипаттама әдісі тілдік тұлғалардың белгілі бір кезеңіндегі жай-күйін, қалпын толықтай тізбелеп, сипаттап шығуға арналған. XIX ғ. басында салыстырмалы-тарихи тіл ғылымының тууымен бірге салыстырмалы-тарихи әдіс пайда болды. Салыстырмалы-тарихи әдістің негізін қалаған ғалымдар — Р. Раск, Ф. Бопп, Я. Грим. Бұл әдістің басшылыққа алынатын негізгі қағидалары: а) өзара салыстыру арқылы тілдердің көне бір тілден тарағанын, туыстығын дәлелдеуге болады; ә) тілдер өзара туыстыс топтарға, семьяларға белінеді; б) туыстас тілдердің бір-бірінен айырмашылығы – олардың тарихи дамуының нәтижесі. XX ғ. бас кезінде тіл зерттеудің кұрылымдық әдістері пайда бола бастады. Оның негізін қалаған көрнекті

швейцар ғалымы Фердинад де Соссюр, одан әрі Копенгаген, Прага, Америка мектептерінің өкілдері дамытып алып кетті. Бұл бағыттағы ғалымдардың басшылыққа апатын қағидалары: а) тілде жекелеген деректер мәнді емес, олардың тұтас жүйесі мәнді, әр элементтің мәнділігі осы жүйе арқылы анықталады, ал соңғысы жеке элементтердің жай қосындысы емес; ә) тіл ғылымында жүйе ішіндегі элементтердің қарым-қатынасы ерекше мәнді, сондықтан осы қарым-қатынастарды тарихқа, мезгілге қатыссыз алып зерттеу керек.

Сипаттамалы әдіс.

Сипаттамалы әдіс – тіл білімі әдістерінің ішіндегі ең кең тараған әдістердің бірі. Бұл әдіс зерттеліп отырған нысанның өткендегі тарихын ескермей, оның белгілі бір дәуірдегі қалпын немесе синхрондық күйін ғана сипаттайды. Осы әдіс бойынша жазылған еңбектер аталмыш әдістің атымен аталады. Мысалы, сипаттамалы фонетика, сипаттамалы грамматика т.с.с.

Сипаттамалы әдістің кемшілігі – бұл әдісте тіл тарихы мен басқа тілдердің тілдік материалдары зерттеуден тыс қалады. Салыстырмалы әдіс. Лингвистикалық зерттеулердің алғашқы ғылыми әдістерінің бірі – салыстырмалы-тарихи әдіс болды. Ол әдістің негізін ХІХ ғасырдың басында Ф. Бопп, Р. Раск, Я. Гримм қалады. Бірақ та бұл зерттеулер жүйесіз түрде жүргізілді. Бұл танымдық зерттеулердің әдісі зерттеудің мақсат-міндеттерімен тығыз байланысты болады. Сондықтан танымның әдіс-тәсілдерін зерттеу мақсаттарынан тыс қарастыру мүмкін емес. Жоғарыда айтылғандай тілдерді салыстыра зерттеу нәтижесінде тілдердегі ерекшеліктер мен ұқсастықтарды анықтауға болады. Салыстыру барысында кейбір дәл нәтижелерге келуге болады. Біріншіден, салыстырғанда бір тектес заттарды салыстыруға болады. Ал тілдерде әр деңгейдегі бірліктерді, олардың әр тілдердегі қызметін, лексикалық, грамматикалық категорияларды, сөйлем модельдері және олардың сөйлемде қолдану тәсілдерін салыстыруға болады. Екіншіден, әр тілдегі құбылыстардың ең маңызды және қажетті белгілерін, одан кейін барып қана қосалқы белгілерін зерттеу қажет. Салыстыру әдісінің негізгі мақсаты барлық тілдік деңгейлерге қатысты тілдік құрылымдардың айырмашылықтарын емес, оларға ортақ қасиеттерін табу. Басқаша айтсақ, тілдердің әмбебап қасиеттерін айқындау.

### **Когнитивті лингвистика, зерттеу аспектілері, ғылыми концепциялары**

XXI ғасырда ақпараттар тасқыны тасып тұрған заманда әлем халықтарының алдында әр түрлі мәселелер туындай бастады. Ұлттық құндылықтар мен рухани байлықтан гөрі ақшаны басты деп санаушылар да жетіп артыла бастады. Міне, осы кезде рухани байлығымыз-ана тіліміздің басына да қатер төнуде. Әлемде кейбір ұлттардың тілі жұтылып, жойылып жатыр. Қазір болашағын ойлаған әрбір ұлт өз ана тілінің тазалығын сақтап қалу мақсатында күресіп жатыр. Бірақ, сан мыңдаған жылдық шежіресі бар қазақ

тілінің басына жұтылу қауіпі түспесе де, шұбарлану арқылы жаңарып санаға сол қалпы сіңісіп бара жатыр. Бұл біздің әдеби тілімізге төнген қауіп болып отыр.

Тілдің көмегімен өнерді, білімді, ғылымды игереміз, өткен-кеткенімізді саралап, сабақ аламыз. Тіл арқылы рухани байлығымызды меңгереміз, өзіміз танып қана қалмай, сол асыл қазыналарымызды әлемге танытамыз, әлемді танимыз. Сондықтан адам баласының байлығының бірі-сөз өнері. «*Өнер алды-қызыл тіл*» деген аталы сөздің астарында қаншама сыр бар?! Тіл мәдениеті ұғымына *Қазақ энциклопедиясында* мынадай анықтама берілген: «Тіл мәдениеті-кісінің бойындағы мәдени қасиеттердің бірі, қоғамдық мәдениеттің бір компоненті. Тіл мәдениеті ауызекі тілдің орфоэпиялық нормасын, сөз қолдану, сөздерді тіркестіру заңдылықтарын, сөйлем құрау ерекшеліктерін дұрыс пайдалану және жазба тілде емлеге, тыныс белгілерін қолдануға байланысты ерекшеліктерді толық сақтап, сауатты жазу мәселелерін де қарастырады».

Тілдің қолданбалы аспектілері ғылыми зерттеулердің негізгі өзегі мен шеткері (перифериялық) аясында қарастырылады. Жалпы лингвистиканың өзі алғашында осы салада қарастырылған болатын. Қазір тілді зерттеу теориялықтан қолданбалы салаға бет бұра бастады. Қазіргі уақытта білім, ғылым, кеңістік ақпарат ғасырына қоғамдағы өзгерістер үлкен ықпал ететіндіктен, тілді зерттеу ғылыми ұстанымнан қолданбалы бағытқа бет бұрды. Лингвистика – ғылымдардың ғылыми негізі. Басқа ғылым саласының өкілдері философтар, әлеуметтанушылар, психологтар өз сұрағының жауабын, өз ғылымдарының ғылыми бағыты мен негіздеріне қатысты көкейкесті мәселелерін сөзтаным саласынан іздеуде. Лингвистикалық сараптама деп аталатын саланың шығуы, пайда болуы, алғышарттары, құқықтану ғылымымен байланысы осыны дәлелдейді. Құқықтану саласы да өзіне қатысты көкейтесті мәселелерін шешуде лингвистикалық сараптамаға жүгінуіне тура келеді. Лингвистиканың бірлескен тұсындағы жаңа атауға ие болған лингвистикалық сараптама өзінің көкейтесті сұрағының ақиқатын табуға ұмтылды. Құқықтану саласының араласпайтын жері жоқ, сараптама соның дәлелді, фактілік айғағын растайтын құрал болғандықтан, лингвистикалық сараптама да құқық негіздерінің шындығын табуда үлкен рөл атқарады. Айғақты дерек – прагматикалық фактордың сөзі, жазбаша мәтін. Заңгердің сөзі мен лингвист сөзінің айырмашылығы бар ма, ұқсастықтары қандай? Заңгер субъект категориясының, сөзінің мәнмәтінін толық түсіне бермеуі де мүмкін, тек лингвист қана оны түсіндіріп бере алады, бірақ заңгер сияқты лингвист құқықтық мәні бар жағдайларды, құқықтық категорияларды білмеуі мүмкін. Заңгер мен лингвист бірлесе отырып заң мәтіндеріне лингвистикалық сараптама даулы мәселелердің дұрыс шешімі табылады. Қоғам мүшелерінің тілдік санасының қалыптасуына ықпал ететін, тілдік жүйенің жан-күйі мен сол тілді қолданудың қоғамдық тәжірибесі. Тілдің қоғамдағы болмысына, оның дамуы мен қызмет етуіне әсер ететін экономикалық, идеологиялық, мәдени, әлеуметтік-психологиялық, этнопсихологиялық факторлардың жиынтығы.

Когнитивті лингвистиканы жоғары оқу орындарында оқыту бүгінгі таңдағы заман талабынан, қоғам қажеттілігінен туындап отырған көкейтесті мәселелердің бірі. Когнитивті лингвистиканы жеке пән ретінде оқытудың басты мақсаты – тіл білімінің барлық салаларынан жан-жақты хабары бар, әсіресе дәстүрлі ғылымдардың бірнешеуінің басын біріктіретін лингвистикадағы жаңа ғылыми бағыттардың теориялық негіздерімен қаруланған тілші мамандар даярлаудан туындайды. Когнитивті лингвистика тіл арқылы қоршаған ортаны, адамзат қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып-білудің ғылыми-теориялық негіздерін қарастырады. Сондықтан когнитивті лингвистика тіл білімінің танымдық бағыттары мен аспектілерін әр түрлі қырынан ғылыми негіздейді және адамның таным процесіне қатысты білімін тереңдетіп, тәжірибесін молайтады. Когнитивті лингвистика пәнінің мақсаты – тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми негіздерін меңгерту, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары арқылы студенттердің ой өрісін кеңейту. Негізгі мақсаттың жүзеге асуы үшін орындалатын міндеттер: тіл білімі мен когнитивті лингвистиканың бір-бірімен байланысын көрсете білу: тіл біліміне қатысты таным теориясының негізгі қағидаларын игертіп, оны дұрыс қолдана білуге үйрету; студенттердің ойлау қабілетін, қоршаған ортаны зерттеп, тану қасиетін, өзіндік ой-пікірін дәлелдеп жеткізе білу дағдысын жетілдіру, олардың дүниетанымын кеңейту. Когнитивті лингвистика – жеке ғылым саласы Лингвистика ғылымының қазіргі кезеңдегі дамуы антропоцентристік бағытпен сипатталатын семантикалық зерттеулердің тереңдігімен ерекшеленеді.

Антропоцентристік бағыттағы лингвистиканың алға қойған мақсаты – тілдік субъектінің дүниетаным ерекшеліктерінің тілдің барлық деңгейлерінде көрініс табуын зерттеу болып табылады. Сондықтан қазіргі таңдағы тіл ғылымының басты мақсаты – тілдік құбылыстардың сырын тану жолында күрделі де кешенді үрдісті дамыту. Осымен байланысты тіл білімінің тылсым құпиялары басқа да ғылым салаларымен психология, философия, логика, мифология, этнография т.б. – мен тығыз қарым-қатынастың нәтижесінде танылып, ашылып отыр. Өйткені ұлттық мәдениет, болмыс, таным, дін сияқты ұғымдарды тоғыстыратын ұлттық тілдің табиғатын тілдің өзінің ішкі заңдылықтары негізінде ғана танып білу жеткіліксіз. Бүкіл рухани қазынаны жинақтап, сақтайтын ұлттық тілді халықтың тарихымен, мәдениетімен, ой танымымен, жан ілімімен бірлікте қарау мәселесі тіл білімінде өзіндік өріс алып келе жатқан этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, психоллингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану ғылымдарының пайда болуына негіз болды. Бұл ғылымдардың тығыз қарым-қатынаста болуы тілдің құрылымдық, функционалдық жүйесінің кешенді үлгілерін айқындауды мақсат етеді. Мысалы, когнитивтік лингвистикада тіл мен таным бірлікте қаралады. Яғни тіл мен таным сабақтастығы адамға қатысты біртұтастықта қаралады. Адамға тұтастық деп қарау бірнеше ғылым саласының зерттеу әдістері мен құралдарының бір мәселе үстінде тоғысуына әкеледі. Қазіргі тіл білімінде осы бағыттағы зерттеулер кешенді сипатта антропоцентристік бағытта және когнитивтік лингвистиканың «ғаламның тілдік бейнесі» теориясының негізінде



жүргізілуде. Өйткені тілді зерттеудің когнитивтік жүйесі «дүниені тіл әлемінде тану» қағидасына сай бағытта жүргізілуі – тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі. Тіл мен таным процестерінің ара қатынасын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді. Когнитивтік деген сөз «білім» деген ағылшын сөзінен алынған. Психикалық процестердің өтуін басқаратын білімдер жүйесінің құрылымы когнитивтік құрылым делінеді. Тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның арақатысы адам баласының өмірінде құндылықтар қаншалықты роль атқаратынын белгілеп береді. Тіл мен танымның арақатысын сипаттайтын ұғымдар белгілі бір құрылымға түседі. Аталған құрылымды жіктеп, бөлшектеп ұсыну өте қиын. Когнитивті лингвистиканы танымдық тіл білімі немесе тілдің танымдық сипатын зерттеуші антропоцентрлік бағыттағы тіл білімінің үлкен бір саласы деуге болады. Танымдық тіл білімінің негізгі зерттеу нысандары – таным мен ақыл, ой мен сана, тіл мен таным, тіл мен ой. Когнитивтік ғылым ақпараттарды өңдеу мен мағлұматтар жайлы түсініктер жүйесін және ойлау процесін басқарудың жалпы принциптерін айқындайды. Адамның физиологиялық, психологиялық, психофизиологиялық ерекшеліктерін ғана есепке алмай, оны қоршаған дүние жайлы мағлұматтарды жүйелеу, сарапқа салу қажеттілігі туады. Когнитивтік лингвистикалық зерттеулерде түрлі ұлттарда дүниенің тілдік бейнесі түрліше қалыптасқаны айқындалып отыр. Когнитивті лингвистика саласындағы негізгі бағыт тіл мен адам санасын, тіл мен танымды біртұтас жүйеде қарастыру. Айнала қоршаған ортаның адам санасында бейнеленіп, тілде көрініс табуы, тілдің танымдық сипаты когнитивті лингвистикада тереңнен қарастырылады. Қазіргі лингвистикалық теорияның маңызды ерекшелігі – когнитивтік лингвистикада ойлау, тіл және танымның біртұтас бүтін, біртұтас когнитивтік тілдік кешен болып айқын көрінуінде. Біртұтас когнитивтік тілдік кешен ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басындағы лингвистикада тілді түсіну аумағын кеңейтуге мүмкіндік береді. Бастапқыда танымдық процестерді қазіргі заманның есептеуіш техника негізінде белгілі бір құрылымдар ретінде түсіндіру орын алады. Алайда бұндай пікірге қарсы пікірлер де аз емес. «Когнитивтік ғылым адам танымының құрылымын қазіргі заманғы есептеуіш техника көмегімен үлгілеу жолдары арқылы зерттеу әрине өзекті, ең бастысы-іс жүзінде қолданбалы. Дей тұрғанмен, адамның танымдық құрылымдарын механикалық құрылымдарға пара-пар етуге болмайды. Бұл адамның ойлау қабілетін немесе когнициясын зерттеу ақпаратты символдық өңдеудің бағдарламасын зерттеумен бірдей дегенге әкелер еді. Онда адамның ми қыртысын нерв жүйелерінің өзара қарым-қатынасы ретінде де, оның ментальды жағдайын танымдық ғылым аясында зерттеудің ешқандай да қажеті болмас еді» Осы пікірді қуаттай келе В.З.Демьянков бұл «адамдар мағыналық нәрселермен ойлағандықтан адамның іс-әрекетінің интенционалдығын зерттемей, тек қана символдармен ғана түсіндіруге әкеліп соғады» дейді. Когнитивті лингвистика ғылымына қатысты Р.Шепард бұндай сипаттама жеткіліксіз дей келе, өз тарапынан адам ми қыртысындағы ментальды процестерді белгілі бір жүйеге келтіріп, басқарып отыратын жалпы қағидалар туралы ғылым деген анықтама береді. Ал бұл

принциптердің пайда болуы мен олардың қызмет атқаруын ғалым жалпы дүниенің белгілі бір заңдылықтарға сүйенетіндігімен ұштастырып, ойлау" заңдылықтары мен механика заңдылықтары арасында ұқсастықтар табады. Танымдық ғылымның аясының кеңдігі мен күрделілігі, оның зерттеу нысаны болып табылатын білім мен танымның табиғатын, білімнің шығу көздерін, оларды жүйелеу, білімнің дамуын, бұның бәрі психология, антропология, философия, нейрология, тіл және де жасанды интелектіні үлгілеу т.б. ғылымдардың өзара қарым-қатынасы негізінде жан-жақты зерттеуді талап ететіндігі сөзсіз. Когнитивті лингвистика ғылымының осындай ерекшеліктеріне қатысты ғалымдардың пікірлері де кей жағдайда бір біріне қарама-қарсы келіп қалатын кездері де болады. Бұл туралы А. Исламның пайымдауынша: «Біздің ойымызша қоршаған ортаны танып білудегі ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерінен ескермеу сананы таза структуризациялауға әкеліп соғары сөзсіз. Таным өзінің күрделілігімен сипатталатыны хақ» деген ой айтады. Танымдық ғылымның күрделі инфраструктурасындағы тіл білімінің алар орнына тоқтала кетсек. Танымдық үлгі жүйесінде тіл білімі тілдік категориялар мен бірліктердің қоршаған дүниені қабылдаумен арақатынасып, оны танып білуді қалай көрсететіндігін зерттейді. Г.Харманның пікірінше, «Тіл танымдық ғылымдардың ішіндегі ең маңыздысы. Бұл тілдің ойды жеткізудегі басты құрал болып табылуымен байланысты. Тіл танымға өзінің әсерін беруі де мүмкін». Ақпараттың ішкі өңдеуге түсуі басқаша айтқанда адамның менталды табиғаты, оның ішкі ойлау механизмдері қазіргі заманғы когнитивтік ғылымның нысаны болып табылады. Ал осыдан өрбитін қоршаған ортаның ойлауда, оның тілде қалай көрініс табатыны сияқты мәселелер белгілі ғалымдар В.Гумбольдт, А.А.Потебня, Н.Хомский, Н.Я.Марр, Г.Гадамер т.б. қарастырған. Олардың концепциялары философия, психология, мәдениет пен тілді тоғыстыра зерттеуде негізделгендігі белгілі.

Когнитивті лингвистиканың қалыптасу, даму тарихы. Бүгінгі таңдағы танымдық (когнитивтік) ғылым өзінің бастауын ежелгі дәуірден алатындығы белгілі, себебі танымдық ғылымның нысаны болып саналатын таным мен ақыл, олардың өзара қатынасы сонау ерте заманалардан пікірталас тудырып келген түсініктер. Бұл дегеніміз танымдық ғылымның ең маңызды да, басты мәселесі классикалық мәселе – тіл мен ойлау екендігін анықтай түседі. Поэтикалық мәтіндегі тіл мен ойлаудың өзара қатынасы ертеде философтарды бірден-бір ойландырған мәселе болса да, бүгінгі таңда осы мәселе де күн тәртібінде тұрғандығын көруге болады. Бұның айғағы Платонның «Кратили» - тілдің танымдық құрал екендігі жөнінде сөз қозғалған ең алғашқы философиялық талдауы. Тіл жөніндегі Платонның тәржімелеуінің негізі-атаулардың қоршаған ортаны танып білуде абсолюттік дәлме-дәл еместігінде. Платонның пікірі бойынша атаулар көмегімен қоршаған ортаны танып білу танымдық құрылымның төменгі сатысын ғана құрайды, ал бұл процестің ең жоғарғы сатысы байқап бағдарлап, мән-мағынасын түсіне танып білу болып саналады. Платонның тілдің танымдық қызметін бұндай шеңберде шектеуі сол дәуірдегі тілді символдық белгі ретінде қарастырмай, табиғи белгі тұрғысынан қарастыру

көзқарасының қалыптасуынан деп тұжырым жасауға болады. Ал үндітанушы ғалымдардың пікірлері бойынша, үнді философы Анандавардханидың (ІХб.э.) іліміндегі семантикалық өзгерістердің сипаты, ойлау мен тіл арақатынасы (ойдың пайда болуы мен сөзбен жеткізу арақатынасы) мәселелері бойынша айтқан ойлары қазіргі кезде де өз құндылығын жоймаған. Қытайдың конфуциандық ілімін қарастырсақ, бір заттың мағынасын түсіну үшін оның алғашқы идеялық болмысына, «идеалдық» мағынасына, «дұрыс» атауларына оралу ғана сол заттың белгілі болуына жол ашады деп түсіндіреді. Ежелгі қытайлық «И Чинг» («Өзгерістер кітабы») концепциясында адамның ойлау, таным процесі бір-біріне қарама қарсы «Ян» (позитивті) және «Ин» (негативті) екі полюстік өлшем арқылы сипатталатындығын мәдениеттану мен философия ғылымдарының негізінде көруімізге болады. Дж. Лакоффың пікірі бойынша қазіргі заманның когнитолог зерттеушілер Ч.Осгуд пен М.Ричардста дәл осыған ұқсас ұстанымды байқауға болады. Мұсылмандық қайта өрлеу кезеңі болып саналатын Х ғасырда Абу Хайан тілдің кез келген болмасын элементінің маңыздылығы айта келе, тілсіз ешқандай да ойлаудың болмайтындығы негізінде тіл мен ойлаудың өзара тығыз арақатынасы туралы айтқан ойларын орта ғасырлық шығармаларды зерттеген ғалымдардың еңбектерінен көруге болады. Уақыт өте келе тіл мен ойлау мәселесі Лейбництің (форманың мағынаны берудегі ролі), И.Кант пен Г.Фреге еңбектерінде де сөз болады. Соңғысының мағына теориясы жоғарыда атап өтілген Анандавардханидің семантикалық іліміне ұласады. Демек, сонау Платон ой тоқтатқан тіл мен ойлау, танымдық процесіндегі тілдің алатын өзіндік ролі мәселелері әлі күнге қазіргі заман ғылымдары болып табылатын таным ғылымының нысаны болып саналады. Әрине, бұл мәселенің ізденіс шеңбері кеңейіп, таным, интенционал, тіл логикасы т.б. ұғымдарымен толықтырылып жаңа концепсиялар, бағыттар негізінде зерттелуде. Қазіргі кезде әсіресе, шет елдік ғалымдарының өзіндік зерттеу нысанына байланысты танымдық бағыттағы көптеген ғылыми ізденістері жарық көрді. Лингвистика ғылымындағы «когнитивті лингвистика» деген термин 80-ші жылдары М.Бирвиштің еңбегінде сөз болған. Әйтсе де тілдік құбылысты когнитивтік тұрғыдан зерттеудің жалпы үрдісі 60-70-жылдары американдық Хомский, Лакофф, Коок т.б. ғалымдардың еңбектерінде айтылған болатын. Негізіне бұл бағыт өз бастауын В. фон Гумбольдттың лингвистикалық философияға қатысты зерттеулерінен алады деген тұжырым бүгінгі күнгі лингвистика ғылымындағы ғылыми айналымда кең көлемде қолданылады. Когнитивтік лингвистика ғылымы алғашқыда нейролингвистика ғылымы (жасанды интеллект және компьютерлік ғылымдар) аясында зерттелінді. Зерттеу барысында ғалымдар оның адамзат баласының дүниетанымын, парасат-пайымын, ойлау деңгейін, тілдік бейнесін де қарастыратындығына көз жеткізген болса, кейін келе адамның танымын, білімін, ойлау құбылыстарының сан қырын ашу бұл ғылымның маңызды аспектілеріне айналады. Когнитивтік ғылымның негізгі ерекшеліктеріне, зерттеу нысанына, бағыттары мен ұғымдарына алғаш рет көңіл бөлген шетелдік ғалымдар болатын. Дж. Миллер когнитивті ғылымды «XX ғасырдың 50

жылдарында дүниеге келген ақпараттар теориясының симпозиумы» деп бағаласа, 1960 жылы Гарвард университетінде американдық профессор Дж. Бруннер Дж. Миллермен бірге когнитивтік зерттеу орталығын ашады. Аталған орталық когнитивтік лингвистика ғылымының негізін қалауға айтарлықтай үлес қосады. XX ғасырдаң ортасында когнитивтік лингвистика қазіргі антропоцентристік парадигмадағы базалық ілім деңгейінде қарастырылады. Осы бағытта көптеген зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Осының нәтижесінде Еуропада XX ғасырдың соңына қарай когнитивтік ғылымның теориялық бағыттары жетіліп, тамырын тереңнен тартып, терең зерттеліп қанатын кеңге жая түсті. Осы тұста Дж.Лакофф, Р.Лангакер, Т.Ван Дейк, Дж.Хэйман, Х.И.Шмидт, М.Джонсон, М.Виттенштейн, Г.Н.Сент сияқты шетелдік ғалымдардың когнитология саласына қатысты зерттеу еңбектері жарық көреді. Зерттеушілер танымдық ғылымдар аясында тілдің «әлемнің тілдік бейнесін» сипаттаудағы қызметіне айрықша назар аударады. 1975 жылғы Дж.Лакофф пен Г.Томпсонның «Когнитивті грамматиканы ұсынамыз» атты мақалалары, 1985 жылғы Ж.Фоконьенің «Ментальды кеңістік» атты еңбегі 1987 жылғы Р.Лангакердің «Когнитивті грамматика негіздері» атты зерттеуінің 1-томы, ал 1991ж. 2-томы жарық көрді. Танымдық мәселелерге өзіндік тұжырым мен келген зерттеулер қатарында ғалымдар Дж.Лакоффтың «Әйел, от және қауіпті заттары» мен М.Джонсонның «Тән ойлау үстінде» атты кітаптарын да атап өтеді. 80-жылдардың аяқ шенінде «Бенджаминс» баспасынан Б.Рудзки-Остынның басқаруымен дайындалған «Когнитивті лингвистика мәселелері» атты көлемді мақалалар топтамасы да шығарылды. Осындай ғылыми зерттеулердің қайсысы болмасын тілдің танымдық ерекшелігін әр қырынан сипаттай отырып, когнитивті лингвистиканың теориялық ұстанымдары мен бірліктерін айқындауға, танымдық элементтердің адам санасында жүзеге асу, қызмет ету өзгешеліктерін зерттеуге айтарлықтай үлес қосқандығы мәлім. Сол секілді когнитология саласындағы Чейф программасы жады қызметін ұйымдастыру теориясы деп аталып, жадының түрлері мен ерекшеліктерін белгілі бір жағдайларға қатысты зерттеуге бағытталды. Осыған орай, ғалым жадының үш түрлі сипатына анықтама берді: атүсті, қысқа мерзімді және ұзақ уақытты жады деген түрлерінің жіктеліп шыққандығын көруге болады. Р.Шенк пен оның шәкірттері адамның ойлау, әрекеттерін сұрыптайтын кешенді теория мен концептуалды байланыстар тілін ойлап шығарды, оның негізінде ауысудың екі түрі жатты: Р-Trans-физикалық ауысу; М-Trans-интеллектуалды ауысу болып табылады. Тіл мен танымның арақатысын толық қабылдай қоймаған бұл ілімнің нақты танымдық үлгілерді құрастыруда, түсіну процесіндегі танымдық күтудің маңызын сипаттауда өзіндік қол жеткізген жетістіктері де болды. Ғалым зерттеуіне қызығушылық, түсіндіру, жады, күту секілді категорияларды арқау етіп, алғашқы когнитивті теориялық бірліктердің тізбегін, когнитивті операцияларды немесе концептуалды нәтижелер заңдылықтарын ұсынғандығын көруге болады. Дж.Лакофф бағдарламасына когнитивті модельдер, семантика, лингвистикалық гештальт, семантикалық прототип теориясы, метафора теориясы сол секілді санаға тәуелсіз шығармашылық

деңгейде жүзеге асатын танымдық процестер сияқты мәселелердің де енгендігін көруге болады. Н.Хомский негізін қалаған фразалар мен сөйлемдерді құрастырудағы морфемаларды тіркестірудің жалпы ережелері тіл біліміне маңызды өзгерістер әкелген құнды тұжырымдар қатарында бағаланып, универсалды, кейде генеративті грамматика деп аталды. Ғалымның зерттеулері көптеген осы бағытты зерттеушілерге бағдарлам болды десек те болады. Ж.Фоконьенің ментальды кеңістігі танымдық бағытты дәстүрлі логика-прагматикалық мәселелерімен байланыстырудан туындаған. 1990 жылдарға дейін когнитивті тіл білімі бір-бірімен тоғыса қоймаған жеке зерттеу бағдармаларын, ғылыми көзқарастар жиынтығын құрады. Оған жоғарыда аталған еңбектерге қоса, тілшілер маңызды танымдық қорытындылар жасаған Т.ван Дейктің, Дж.Хэйманның, Т.Гивонның ғылыми көзқарастарын да жатқызды. Когнитивистер тек 1980-1990 жылдардан бастап дүниеге келген жұмыстар ғана жаңа сипаттағы, тың үлгідегі когнитивті зерттеулердің бастамасын құрды деп есептелінді. Халықтың болмыс, тіршілігінің, мәдениетінің, таным-түсінігінің құпия сырлары ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын – тіл арқылы көрініс табады. Тілді танымдық тұрғыда зерттеу бүгінгі таңда дамып келе жатқан жаңа бағыттардың бірі. Адамзат өзін қоршаған дүниелегі әлем бейнесін қалай таниды, ұлттың дүниеге деген көзқарасы негізінде менталитеттік танымдар қалай пайда болады деген сауалдар осы когнитивтік лингвистикада қарастырылады. Жалпы когнитивтік лингвистиканың алғашқы идеялары Гумбольдт, Уорф, Сепир сияқты ғалымдар еңбегінен бастау алып, қазақ тіл білімінде Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, М.М.Копыленко, Ж.Манкеева, Н.Уәлиев, Қ.Жаманбаева, Б.Ақбердиева, Б.Дина, Г.Снасаповалардың еңбектерінде қарастырылады. Орыс тіл білімінде когнитивті лингвистикаға қатысты зерттеу жүргізген ғалымдар – Н.Д.Арутюнова, В.Н.Телия, Н.Н.Болдырев. Ю.Н.Караулов, В.А.Маслова т.б. Когнитивті лингвистика ХХ ғасырдың ортасына қарай қарқынды дами бастады. Осы бағытта көптеген ғылыми зерттеу еңбектері жарық көрді. Зерттеушілер тілдің «ғаламның тілдік бейнесін» түзу қызметіне ерекше назар аударды. Аталмыш жаңа лингвистикалық теорияның шын мәніндегі концептуалдық қағидаларының негізделуі соңғы жылдары қарқынды зерттелу үстінде. Когнитивтік лингвистиканың негізгі теориялық тұжырымдары. Когнитивтік лингвистика саласындағы негізгі бағыт тіл мен адам санасын, тіл мен таным жүйесін біртұтас жүйе тұрғысынан қарастыру болып табылады. Ол сан ғасырлық тілдік білімді адам миының жемісі ретінде бағалап, күрделі құрылым, жүйе ретінде кешенді сипаттауға бағытталған. «Когнитивтік ғылым» термині алғашқыда белгілі ақпаратты қабылдау, оны електен өткізу, ми қыртыстарында сақтай отырып, қажетті кезде оны тәжірибеде қолдану үшін қолданылған болатын. Аталған мәселелерді қамтудың нәтижесінде адамның миында білімнің қалыптасып және толығыу жүйелерін зерттейтін ғылыми пәндер есебінде қолданылады. Танымдық үлгі жүйесіндегі тілдің қызметі жөнінде Г.Харман: «Тілдің танымдық ғылымдардың ішіндегі ең маңыздылығы-тілдің ойды жеткізудегі басты құралы болып табылумен байланысты... Тіл танымға өзінің

әсерін беруі де мүмкін» - дейді. Ал В.Гумбольд «Язык-главнейшая деятельность человеческого духа, пронизывающая все сферы человеческого бытия и познания» - деген болатын. Бұл жөнінде Е.С.Кубрякова: «Мы знаем о структурах и сознания только благодаря языку, который позволяет сообщить об этих структурах и описать их на любом естественном языке» деген де тұжырым жасайды. Зерттеушілердің пікірінен адам санасында, миында қалыптасқан білім қыртыстарының көрінісі тек тілдің қызметі арқылы жүзеге асатындығына көз жеткізуге болады. Яғни, таным негізінде қалыптасқан санадағы білім тек тілдік бірліктер нәтижесінде коммуникативтік қарым-қатынасқа түсе алады. Сондықтан да тілдің когнитивтік лингвистикада алар маңызды болмақ. Когнитивтік ғылым саласы ғылымның философия, логика, лингвистика, психология, мәдениеттану сияқты бірнеше салалардың басын тоғыстыру арқылы тілдік мәселелерді шешуді ұсынады. Тілдік бірліктердің когнитивтік тұрғыдан қарастырылуы адамның қоршаған әлемді қабылдауымен байланысты. Тіл біліміндегі когнитивтік бағыт жөнінде Жаналина: «Дәстүрлі тіл білімінің шеңберінің кеңеюі тіл мен ойлау арақатынасы мәселелерінің шешілуіне жағдай жасайды». Тілдік мәселелердің өзге салалармен байланысы адамның ойлау процестерінің ерекшелігін жете тануды алға тартады. Сондықтан тілдік жүйені когнитивтік парадигмада зерделеуде адамның ойлау процесіндегі білім қоры негізгі категория ретінде танылады. Таным мен тілдің ара қатысы, сайып келгенде, адам проблемасының өзегі – дара тұлға тұжырымдамасымен шешіледі. Оның себебі мынада: таным сыртқы дүние заттарына бағытталған тәрізді көрінгенмен, оны жүзеге асырып отырған адам болмысы тұрғысынан бағдарласақ, айтылған процестің үнемі ішке қарай (адамның ішкі дүниесіне қарай) бағытталғанын көреміз. Бүгінгі таңдағы лингвистика ғылымының жаңа бағыттарының зерттеу нәтижелері негізінде тілдік деректер мен ғылыми теориялардың біртұтас сипатта топтасуы тілдің табиғатын анықтаудың жүйелі үрдісін қалыптастыруда. Бұл үрдістің негізін қалаған В.Гумбольдт тіл мен рух, тіл мен ойлау, тіл мен сана, тілдік бейнелеу мен таңбаның өзіндік байланысына баса назар аударып, соның негізінде тілдің қызметі мен қолданысын сипаттайтын өзінің «ішкі форма» туралы ғылыми теориясын, тілді жүйелі түрде зерттеу туралы концепциясын ұсынады. Ғалымның лингвистика ғылымындағы бұл концепциясы бүгінгі таңда антропоцентристік бағытта зерттеу жасаушылардың тарапынан кең қолдау табуда. Демек ішкі форма В.Гумбольдттың пайымдауынша - ойлау материясының элементтерін белгілі бір тілдің онтологиясына сай ұйымдастыру тәсілі, құрылымдық жүйесі. Тілді зерттеудің когнитивтік парадигмасы тіл мен ойлаудың арасына теңдік қоймайды. Тілдің ойды ұйымдастырушылық қызметін атап көрсетеді, тілдің мазмұндық жағы грамматикалық құрылыммен тікелей байланыстырылады. Осы тұрғыдан түсіндірілетін ғаламның тілдік бейнесі – мифтік танымнан поэтикалық ойға дейін жетілген ой мазмұнын, тілдік модельдердің сандық және сапалық қатынастарын бойына сіңіретін даму үстіндегі жүйе болып табылады. Лингвистика ғылымының даму тарихында үш түрлі ғылыми парадигма анықталып отыр. Олар: салыстармалы-тарихи, жүйелі-

құрылымдық және антропоцентрилік. Тілді зерттеудің арнайы әдісі салыстырмалы-тарихи әдіс болғаны бүкіл ХІХ ғасыр тіл білімінің алғашқы ғылыми парадигмасы ретінде сипатталса, ХХ ғасырда жүйелі-құрылымдық парадигмаға сай сөзге, атауға таңбалық жүйе ретінде ерекше көңіл бөлініп, соның негізінде тілдің әр түрлі деңгейдегі парадигмалық және синтагмалық қатынастарын, қызметін анықтайтын іргелі зерттеулер, оқулықтар және академиялық грамматикалар жазылды да көптеген зерттеушілердің арқа сүйер негізгі идеяларына айналды. (Ф.Фортунатов, Бодуен де Куртене, Ф.де Соссюр, А.Мартине, Э.Бенвенист, т.б.). ХХІ ғасырда тілді өз ішінде қарастыратын зерттеу жеткіліксіз болып табылды да, оны ой-санамен, мәдениетпен және адамның тұрмыс-тәжірибелік қызметімен, таныммен, философиямен, дінмен тығыз байланыста қарастыру қажеттілігі туды. Осы қажеттілік лингвистика ғылымында жаңа ғылыми бағыттың және соның негізінде қалыптасқан парадигманың дамуын талап етті. Демек бұл – тілді зерттеудің мүддесін объектіден субъектіге аудару, яғни адамды тіл арқылы анықтау болып табылады. Бұл, бір қарағанда, тіл білімі зерттеулерінің жаңа даму сапасы негізінде жасалған жаңа бағытқа қатысты туған жаңа көзқарас сияқты көрінгенмен оның бастау көзі тереңде екенін лингвистика ғылымындағы лингвистикалық мектептердің өмірге әкелген еңбектерінен көруге болады. Нақты айтқанда, Қазан лингвистикалық мектебінің негізгі жетістіктерінің бірі – ассоциативті-психологиялық негізде айқындалатын теориялық тұжырымдар. Сол мектептің жаңа құрылымдық лингвистиканың көрнекті өкілі Бодуен де Куртенеңің өзі кез келген тілдік единицаны зерттеуде оның сыртқы және ішкі жақтарының байланысына ерекше көңіл бөледі. Ішкі жақтағы психикалық мазмұнды ол семасиологиялық құрылыммен, ал оның көрінісін морфологиямен байланыстырады. Қазіргі тіл білімінде ұлттық тілдің табиғатын шынайы тану үшін тілдік бірліктерді мәдениетпен сабақтастыра және танымдық тұрғыда тілдік емес мәнділіктермен байланыста «ғаламның тілдік бейнесі» теориясына сай қарастырылып жүр. Ғаламның тілдік бейне көрністері әр тілдің өзіне тән ерекшеліктеріне, әр халықтың дүниені өзінше тануына, ол фрагменттерді өзінше бейнелеп атауына байланысты, тіл-тілде өзгеше көрініс табады. Қазіргі таңда дүниенің тілдік мәселесі Ю.М.Караулов, Е.С.Кубрякова, А.А.Уфимцева, В.Н.Телия т.б. еңбектерінде қарастырылып жүр.

Тіл қызметінің когнитивтік негіздері Лингвистика ғылымының даму тарихында бүгінгі күні дәстүрлі үш түрлі ғылыми парадигма анықталып отыр. Олар: салыстырмалы-тарихи, жүйелі-құрылымдық және антропоцентрилік. Бүгінгі таңда жалпы тіл білімінде, сондай-ақ жекелеген тіл біліміндегі көптеген зерттеулерде антропоцентристік парадигма басымдылыққа ие болып барады. Мұның негізгі себебі лингвистикадағы антропоцентристік принцип алдымен тілді тұтынушы ұлтты бірінші кезекке қояды. Антропоцентристік парадигма өз шеңберінде этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, лингвопсихология тәрізді жаңа бағыттарға жол ашады. Антропоцентристік бағыттағы зерттеулер ең алдымен қабылдау (восприятие), ойлау (мышление), тіл (язык), есте сақтау (память), әрекет ету (действие) тәрізді адамның

когнитивтік құрылымына ерекше мән беріп, ден қоя бастады. "Қабылдау", "ойлау", "тіл", "есте ұстау", "әрекет ету", "білім" тәрізді когнитивтік құрылымдар ғылым салаларында бұрын да зерттеу нысанасы болған. Бірақ олар жалпы есім деңгейінен шығып, жалқы есім деңгейінде бір мақсат, бір міндет аясынды бір-бірімен тығыз байланыста қарала қойған жоқ. "Қоршаған шындық өмірді саналы түрде тану мен адам тәжірибесін категориялау тілмен байланысты болып келеді, өйткені адамның когнитивтік қызметі барысында алынған мазмұндық ақпарат тіл мен тілдік формаларда көрініс тауып, сөйлеу арқылы білдіріледі. Диалектикалық формадағы когнитивтік процестер тілмен тығыз байланысты, оның себебі тіл адамдардың қоғамдық тәжірибесі мен дүние туралы білімдерін бекітіп отырады. Ал біздің сана құрылымы туралы білгендеріміз тек қана тілге байланысты, тіл осы құрылымдар туралы хабарлауға және оларды кез-келген табиғи тілде суреттеуге мүмкіндік береді".

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Тілдің даму заңдары туралы не айталасыз?
2. Тіл білімінің қандай зерттеу әдістері бар?
3. Антропоцентристік бағыттағы лингвистиканың дамуы жайлы не белесіз?
4. Когнитивті лингвистиканың қалыптасу, даму тарихы?
5. Лингвистика ғылымының даму тарихында бүгінгі күні дәстүрлі үш түрлі ғылыми парадигма анықталып отыр. Олар қайсылар?

#### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2011.
2. Маманов, Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007.
3. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Өлке, 2010.

#### **4-ТАҚЫРЫП: Инновация ұғымының білім беру жүйесіндегі орны**

##### **Жоспар:**

1. «Білім берудегі педагогикалық технологиялар» ұғымының анықтамасы және олардың оқыту үрдісіндегі маңызы мен рөлі.
2. Қазіргі оқыту технологияларына тән белгілер және өзіндік ерекшеліктері.
3. Педагогикалық технологияларды іріктеу мен жүйелеу критерийлері.

**Тірек ұғымдар:** білім беру жүйесі, нәтижеге бағдарланған білім, болашақ маман, әдіснама, теория, дидактикалық ұстанымдар оқыту сапасы, оқу жетістіктері, технологиялар тізбегі, жіктелу, ұстанымдар, заңдылықтар, оқыту теориясы, болашақ маман, технологиялар тізбегі және т.б.



## **«Білім берудегі педагогикалық технологиялар» ұғымының анықтамасы және олардың оқыту үрдісіндегі маңызы мен рөлі.**

Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда оқытушы сабақты дайын күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп, ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал оқытушының негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады.

Қазақ тілін оқытуда инновациялық технология әдіс-тәсілдері студенттердің тілге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз ізденістері мен шығармашылық деңгейлерін дамытуға жол ашу болып табылады. Қазақ тілін оқыту үрдісінде жаңа технологияларды енгізу төрт кезеңнен тұрады:

I. Тілге қатысты жаңа идеяны іздеу; Инновацияларды ұйымдастыру, жаңалықтарды іздестіру.

II. Жаңалықтарды ұйымдастыру;

III. Жаңалықтарды енгізу, яғни жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану;

IV. Жаңалықтарды бекіту.

Инновациялық технология беретін нәтижелері: түрлі әдістерді пайдаланумен мемлекеттік тілді үйренудің нақты мәнін терең ашуға көмектеседі; студенттердің барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туды; олардың әрқайсының деңгейін анықтауға; студенттерді бағалау мүмкіндіктері мол; студенттерді өз бетінше жұмыс істеуге үйретеді; студенттердің қабілеттері, ұйымшылдықтары, шығармашылық белсенділігі, лексикалық қоры артады; жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзінің болашақ кәсібіне сенімі, қызығушылығы арта түседі.

Оқытудың жаңа технологияларын пайдалануда жалпы орта білім беретін мектептерде алатын орны ерекше. Өйткені білім де, тәрбие де, дүниеге көзқарас та мектепте қалыптасып, орнығады. Мектепте қазақ тілін оқытуда аталған инновациялық технологиялар сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай жасалса, ол оқыту үдерісін жетілдірудің бірден-бір тиімді жолы.

Ғылыми тұрғыда «технология» ұғымы өндірістік және әлеуметтік технология деп талатын үлкен екі бағытқа жіктеледі. *Әлеуметтік технология* – өндірістік технологиядан әлдеқайда ауқымды, жүзеге асыру жағынан күрделі, қалыптасу, даму жағынан ұзақ мерзімді қажет ететін үрдіс. Білім берудегі педагогикалық технологиялар қызмет ету сипаты тұрғысынан әлеуметтік технологияларға біршама жақын.

Қазіргі заманғы ғылыми техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына мүлде жаңа міндеттер қойып отыр. Педагог-ғалымдар қазіргі кезде қолданылып жүрген білім беру технологиясы терминін әр қырынан ашып көрсетуде. «Педагогикалық технология» термині ХХ ғасырдың 60-шы жылдары

АҚШ пен Англияда қалыптасып, қазіргі уақытта практика жүзінде барлық дүниежүзі елдеріне таралып, білім беру саласында кең өріс алуда. Соңғы кездерде білім берудің жаңа даму бағытын қамтитын оқытудың елуден астам жаңа технологиялары практикаға енгізіліп, кеңінен пайдалануда.

### **Қазіргі оқыту технологияларына тән белгілер және өзіндік ерекшеліктері**

“Технология” – гректің *techne* - өнер, шеберлік, біліктілік, *logos* – оқу сөздерінен шыққан. Технологияға В.Дальдың сөздігінде: “белгілі бір маңызды әрекетте, өнерде, шеберлікте мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс” деп анықтама берілсе, Қазіргі батыс әлеуметтану сөздігінде: “белгілі әрекетте, өнерде, шеберлікте қолданылатын әдіс-тәсілдердің жиынтығы” деп көрсетілген. ЮНЕСКО-ның құжаттарында оқыту технологиясына “техникалық және адам ресурстарын, олардың өзара бірлігін ескере отырып, оқытудың тиімділігін арттыруды міндет етіп қоятын мұғалімнің бүкіл оқыту ісі мен оқушының білімді меңгеру әрекетін ұйымдастырудың, қолданудың және анықтаудың жүйелі әдістері” деп анықтама берілген.

Білім берудегі педагогикалық технологиялар «жаңа технология», «озық технология», «оқыту технологиясы» т.б. терминдермен аталуда. Ал бұлардың бір-бірінен айырмашылығы, өзіндік ерекшелігі жайлы ғалымдар арасында қызу пікірталас бар. Жалпы ғалымдар технологияға *шеберлікпен өнім алу, нәтижеге жету, белгілі бір жоба, модельмен оқыту* сияқты түрлі анықтамалар берген. Солардың ішінде кең тарағаны – В.П.Беспальконың тұжырымдары. Оның тұжырымдары бойынша технология төмендегідей шарттарды іске асыруы тиіс:

Оқытуда дайындықсыз әрекеттерді болдырмау;

Оқушының оқу-танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұны оқу-тәрбие үрдісінің жобасына негізделуі қажет. Осыған орай В.П.Беспалько технология «тәжірибеде іске асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы», - деп тұжырымдайды. Ал жалпы айтқанда, педагогикалық жүйе дегеніміз – белгілі бір қабілеті бар дара тұлғаны қалыптастыру мен педагогикалық үдерісті ұйымдастыруға қажет құралдар, әдістер мен тәсілдердің өзара байланысқан бірлігі. Олай болса, Г.К.Селевконың «оқыту технологиясы – оқытудың тиімді жолдары мен үдерісінде қолданылатын әдістер, тәсілдер мен қағидалар», - деген анықтамасы білім беру технологияларының мәнін аша түседі.

Ресейлік ғалымдардың ішінде технологияның мәнін біршама анығырақ айтқан Б.Т.Лихачев: ”Педагогикалық технология – оқыту тәсілдері мен тәрбие құралдарын, оқытудың түрлерін жинақтап, арнайы біріктірудің жолдарын анықтайтын психологиялық-педагогикалық *установка*лардың бірлігі, сондықтан да ол – педагогикалық процестің *инструментарийі* болып

саналады”, - дейді. Белгілі ғалым М.В.Кларин педагогикалық технологияға «педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланылатын барлық дара инструменталдық және әдіснамалық құралдардың қолдану реті мен жиынтығының жүйесі» деген анықтама берсе, В.М.Монахов технологияны «оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудыратын оқу үрдісін ұйымдастыру және жүргізу», - деп санайды.

Ж.А.Қараевтің пікірінше: «Технология дегеніміз – әдістемелік жүйе мен сәйкес дидактикалық үрдістер кешенінің тәжірибиеде жүзеге асырылатын жобасы, ал педагогикалық жағдаяттарға сай қолданылатын әдістер, тәсілдер оның құрамды бөлігі болып табылады. Педагогикалық технологияларға берілген анықтамалар мен түсініктерді топтастырып жинақтайтын болсақ, *«Педагогикалық технология – қоғамның қазіргі таңдағы білім беру саласына қойып отырған талаптарына сәйкес анықталған білім мазмұнын жүзеге асыру үшін оқыту мақсатына қол жеткізу жолындағы тұтас дидактикалық жүйе құрайтын амалдар мен іс-әрекеттер тізбегі»*, - деп тұжырымдаймыз.

Көріп отырғанымыздай, технология туралы қазіргі ғылымда орныққан дәл анықтама болмағанымен, олардың бәрінің тоғысатын ортақ арналары бар. Олар, біріншіден, технологияның шеберлікпен, біліктілікпен байланыстылығы; екіншіден, технологияның сапалық өзгеріс жасау мақсатында қолданылатыны; үшіншіден, технологияның біртұтас әдіс-тәсілдер жиынтығынан құралатындығы. Олай болса, технологияның білім мекемелерінің кез келген типінде жаппай қолдануға қолайлы әрі тиімді оқу процесін құрудың жолдарын іздестірудің нәтижесі ретінде туған тұжырым екендігі даусыз. Білім беру, оқыту процесіндегі технология – қойылған мақсатқа тиімді жолмен қол жеткізуді қамтамасыз етуші жүйе, яғни білім мазмұнын жүзеге асырудың тәсілі.

Технология, бір жағынан, білімдік ақпараттарды өңдеп ұсынудың, өзгертудің, ашудың әдістері мен құралдарының жиынтығы болса, екінші жағынан, мұғалімнің қажетті техникалық және ақпараттық құралдарды оқу процесінде қолдана отырып, оқушыларға ықпал етуінің тәсілдері туралы ғылым. Жалпы педагогикалық технологияның дамуының қайнар көздерін педагогикалық психологияның, әлеуметтану ғылымының, этнопедагогика-ның жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибелер, сондай-ақ өткен жылдардағы отандық, шетелдік педагогикадағы жинақталған асыл қорлары құрайды. Сол себепті де технология өткеннің жетістіктері мен жаңашылдықты тоғыстыратын, оқыту жүйесінің барлық мүмкіндіктерін оқушының дамуына пайдалануды көздейтін біртұтас ұғымға айналады. Түйіндей келгенде, оқыту технологиясы мұғалім мен оқушының мүддесіне қызмет ететін, толық үндесімге негізделген оқытудың әдістемелік жүйесі болып табылады.

*Оқыту технологиясына тән белгілер:*

*негізділігі* (кез келген технологияның өзіндік философиясы, өзіндік тұжырымдамасы болуы шарт);

*жүйелілігі* (құрылымдық элементтерінің біртұтастығы);

*басқарылмалылығы* (оқыту процесін бастан-аяқ жоспарлап, нәтижесін тесеруге болатындығы);

*тиімділігі* (қысқа мерзімде аз шығынмен жоғары нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі).

Дегенмен, бір ғана бағытпен шектелетін монотехнология болмайтыны ақиқат. Кез келген технологияға кешенділік тән. Бірақ өзінің таңдаған басым бағытына орай олардың арасында өзгешелік те сақталады, соған сай белгілі бір атауға ие болады. Сонымен, *технология* – жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе. Технологияны қолдануда мұғалім шеберлігі ерекше мәнге ие. Оның кәсіби шеберлігі мен оқытудың қандай әдіс-тәсілдерін таңдауы ғана технологияның ұтымды болуына алғышарт жасайды. Дәстүрлі оқыту жүйесінен тыс жасалған технологиялар оқытудың мотивациялық сипатын арттырып, оқушылардың пәнге қызығуын тудырады, оқушының өз айналасындағылармен табиғи бәсекелестігін дамытады, оның дара тұлғалық белсенділігін күшейтеді, өз бойындағы қабілетін саналы түрде ашуына қолайлы жағдай туғызады, олардың адамгершілік сапаларын жетілдіреді, шығармашылыққа, еркіндікке ұмтылдырып оқушылардың бейінді біліктілігін арттыруға мүмкіндік туғызады. Сол себепті педагогикалық технология *салалық және локальдік* деңгейлерде қолданылу болып бөлінеді.

*Салалық (пәндік)* – бір пән шеңберіндегі оқыту мен тәрбие мазмұнын жүзеге асыруға негізделген әдістер мен құралдар жиынтығы.

*Локальдік (модульдік)* жеке әрекеттер технологиясы ұғымын қалыптастыру, дара қасиеттерді қалыптастыру және дамыту технологиясы, жана материалды меңгерту технологиясы, қайталау және бақылауды ұйымдастыру технологиясы, жеке жұмысты ұйымдастыру технологиясы болып іштей жіктеледі.

### **Педагогикалық технологияларды іріктеу мен жүйелеу критерийлері**

Оқытуда тиімділік танытатын педагогикалық технологияларды *іріктеу мен жүйелеудің* мынадай *критерийлері* айқындалған:

технологиялардың оқыту талаптарымен үндес болуы;

технологиялардың білім алушылардың мүддесіне басымдылық беруі;

технологиялардың оқыту деңгейлерінің кез келгенінде қолдануға қолайлылығы;

технологиялардың білім сапасын арттыруға ықпалының айқын болуы;

технологиялардың студент білімін объективті бағалаудағы тиімділігі;

технологиялардың студенттің әрекетін белсендіруге ықпалын тигізетіндігі.

Педагогикалық технологияның негізгі мақсаты – білім алушылардың даралық тұлғасын дамыту деп санаймыз. Енді осы ұғымға тоқталатын болсақ, *педагогикалық технология* техникалық және адами ресурстарды ескере отырып оқыту және білімді меңгерудің барлық үдерісін анықтап құру және қолданудың жүйелі әдісі, сонымен бірге білім берудің жолдарын айқындаудың бірі ретінде қарастырады.

Бүгінгі оқу үдерісінде қолданылып жүрген педагогикалық технология бағыттары ізгілік, дамытушылық, жеке қарым-қатынастарға негізделген. Ал, бұл технологиялардың дидактикалық негіздеріне: белгілі бір мақсатқа байланысты проблемалық оқыту, студенттердің қабілеті мен мүмкіндіктерін ескеру, оқу қызметін саралап басқару, оқу үдерісін демократиялық жолмен ұйымдастыруды айтуға болады деп есептейміз.

Педагогикалық технологияның басты ерекшелігі оқу үдерісінің қойылған мақсатқа жетуге кепілдік беретіндігінде. Педагогикалық әдебиеттерде *«педагогикалық технология»* ұғымы үш бағытта қолданылады:

1) жалпы педагогикалық деңгей – белгілі бір аймақтағы, оқу орнындағы білім беру үдерісін сипаттайды;

2) жеке пәндік-әдістемелік деңгей – жеке пән әдістемесі ретінде қолданылады;

3) элементтік (бөлімді) модельді деңгей - оқу-тәрбие үдерісінің жекелеген бөлігінің технологиясы ретінде қарастырған.

Қазіргі таңда студент пен оқытушының СӨЖ кезінде бірігіп жұмыс істеп соған қолайлы жағдай туғызу оқу үдерісінің сапасын артыруда әсер етеді. Ал келесі зерттеуші ғалым Б.Т. Лихачев ғылыми-зерттеу жұмысында және педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық технологияны оқу үдерісіне белгілі бір мақсат көздей отырып педагогикалық ықпал ету ретінде айқындаған. Педагогикалық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым емес, қайта оқушы мен оқытушының үнемі жаңа сипат алып отыратын өзара қарым-қатынасының негізі деп көрсетеді.

Жаңа оқыту технологияларын білім беру жүйесінде жүзеге асыруды-білім беру жүйесінің дамуының заңдылықтарының бірі ретінде қарастыруға болады, өйткені білім беру жүйесін және оның құрамының өзгеруін қажет ететін ескі мен жаңа үдеріс арасында қайшылық болуы табиғи құбылыс. Адам өмірі мен тұрмысының жаңа сапаға көтерілуі, білім мен тәрбиенің мазмұнын жанартуды талап етері сөзсіз. Ал бұл өзгерістер оқыту үдерісінде оқу-тәрбие мақсаты мен мазмұнын, оқыту тәсілдері мен құрал-жабықтарын өзгертумен қатар, оқу үдерісін ұйымдастыру шараларын да түбегейлі өзгертуді талап етеді. Ал,

педогогикалық жаңа технологиялар осы педагогикалық мақсатқа жетудің тиімді жолы екені анық.

Педагогикалық технологияны білім беру саласында пайдаланудың әдіс-тәсілдері, шарттары, дидактикалық-әдістемелік негіздері туралы ғалымдар Ш.Т. Таубаева, Ж.А. Караев, С.Б. Нұрмағамбетова, Н.А. Оразақынова, Е. Жұматаева, С.А. Муликова, Ж.Ы.Сардарова, Н.А. Асанов, С.А. Нурпеисова А. Саипов, С.А. Көшімбетова, Д.М. Джусубалиева, Ә.Е. Әбеуов, Б.К. Тульбасова, В. Кабдықайырұлы, А.К. Мыңбаева, К.З. Халықова т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстарында педагогикалық технологиялардың жалпы ерекшеліктері, ғылыми дәйектілігі туралы құнды пікірлер мен нақты ұсыныстар айтқан. Осы ретте білім беру технологияларын әдіскер-ғалымдардың жіктеуін негізге ала отырып, *тұлғалық-бағдарлы білім беру технологиялары, дамыта оқыту технологиялары, ұжымдық өзара оқыту технологиялары, проблемалық оқыту* деп төртке бөліп қарастырамыз.

Қорыта айтқанда, педагогикалық технологиялар білім сапасын жетілдірудің маңызды компоненті деп саналады.

### **Сұрақ-тапсырмалары:**

1. Қазіргі қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар білім беру сапасына, оқыту үрдісіне қалай әсер етеді деп ойлайсыздар?
2. «Технология» ұғымы қандай қажеттіліктерден туындаған? Пікірлеріңді нақты мысалдармен дәлелдеп айтыңыздар.
3. «Білім берудегі педагогикалық технологиялар» ұғымына берілген ғылыми анықтамаларды саралап, өз ойларыңызбен дәйектеніңдер.
4. Педагогикалық технологиялардың оқыту үрдісіндегі маңызы мен рөлін болашақ педагог маман ретінде түсіндіріңдер.
5. Қазіргі оқыту технологияларына тән белгілерді және олардың өзіндік ерекшеліктерін айқындап, тұжырымдаңдар.
6. Педагогикалық технологияларды іріктеу мен жүйелеудің қандай критерийлерін білесіздер?
7. Педагогикалық технологияларға қойылатын әдіснамалық талаптарды жіктеп көрсетіңіздер.

### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Б.Л.Фаберман. Передовые педагогические технологии. Ташкент, 2000.
2. Зиямухамедов Б., Зиямухамедова С. Новая педагогическая технология. Ташкент, 2002.
3. Ишмухамедов Р.Ж. Инновацион технологиялар ёрдамида таълим самарадорлигини ошириш йўллари. Тошкент, 2004.

4. «Қазақ тілі мен әдебиеті». // Журнал. 2006 жж – 2017 жж.

## **5-ТАҚЫРЫП: Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда инновациялық технологиялар**

### **Жоспар:**

**1. Жаңа педагогикалық технологиялар және олардың жеке тұлғаны қалыптастырудағы орны.**

**2. Инновациялық технологияларды оқу процесіне енгізуде мұғалімнің рөлі.**

**3. Қазақ тілін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану жолдары.**

**4. Қазақ әдебиеті сабақтарының тиімділігін арттыруда инновациялық технологиялардың орны.**

**Тірек ұғымдар:** технология, инновациялық технология, мұғалім қызметі, репродуктивтік деңгей, алгоритмдік деңгей, шығармашылық деңгей, эвристикалық деңгей, интерактивтік әдістемелер, модификациялық инновация, комбинаторлық модификация, радикалдық инновация.

### **Жаңа педагогикалық технологиялар және олардың жеке тұлғаны қалыптастырудағы орны.**

Қазақ тілін оқыту – қиын да қызық жұмыс. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру. Олардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау, оқытушының жеке басының интелектісін, оқу әрекетін, өтетін тақырып мазмұнын аша білу. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Әрине терең білім де, материалдың игеруге қолайлығы да, оқулық деңгейімен шектелу де мүлде нәтижесіз болды деп айта алмаймын. Технология мен әдістеменің мақсаты бір – “қалай оқыту мәселелерін қарастырады. Бұлар оқушының жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды.

Мұғалім үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады.

Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Білім алушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін 4 түрге бөліп қарастыруға болады.

1.Репродуктивтік деңгей. Жалпыға бірдей стандартты білім негізіндегі тапсырмалар беріледі. Мұнда оқушылар алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқулықта бар мәселелерге байланысты құрылады.

2.Алгоритмдік деңгей. Мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған жана ақпаратты пайдалана отырып, тапсырманы орындайды.

3.Эвристикалық деңгей. Оқушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, жауап береді. Бұл тапсырмаларды орындауда оқушының ой белсенділігі негізгі қызмет атқарады.

4.Шығармашылық деңгей. Оқушы таза өзіндік дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

XX ғасырдың басында Ж.Аймауытов: «Сабақ беру-жәй ғана шеберлік емес, ол- жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Сондықтан оқыту әдістерін жетілдіру арқылы оқушылардың белсенділігін, қызығушылығын, ұғуын, ойлауын, іскерлігін арттыратын жұмыстарды көптеп іздестіріп, жүргізу қажет. Мұнда мұғалімнің әр сабағы оқушылардың есту, көру, ойлау, сезу, есте сақтау қабілеттерінің бәрін іске қосатындай дәрежеде ұйымдастырылуы үлкен рөл атқарады. Ал сабақтың мазмұндылығы, тартымдылығы, түсініктілігі оның дұрыс ұйымдастырылуына байланысты. Сабақты дұрыс ұйымдастыру, әдіс-тәсілдерді орынды қолдана білу – мұғалімнің алдында тұрған ең басты мақсат. Қазіргі заман талабына сай өтілетін сабақтар білім берудің жаңа мазмұнына, өмір талабына сай, оқушылардың ой -өрісіне ықпал ететіндей болу қажет. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.



## **Инновациялық технологияларды оқу процесіне енгізуде мұғалімнің рөлі.**

Қазіргі кезде білім беруге қойылатын талаптар түбегейлі өзгерді. Кәсіби біліктілікке қол жеткізу үшін оқушы ақпаратты өзі іздеп табу қажет. Сөйтіп, өмірлік жағдайда алған білімін қолдана білетін болуы керек. Бұл міндеттерді шешу үшін мұғалім оқытудың тиімді әдістерін, тәсілдерін іздестіруі қажет. Басқа сөзбен айтқанда мұғалім оқу үрдісін оқытудың инновациялық технологияларына негіздеп ұйымдастырғаны жөн. “Инновация” ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: “Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея”. Майлс “Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», – дейді. Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жана мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. ” Масырова Р.Линчевская Т – “Жаңару” дегенімізді былай деп түсіндіреді: “Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея. Инновация ұғымына ең алғаш қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов “Инновация” білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке – дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке – дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын). Әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен: – дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілін арттырады. – қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі; – оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет; – саралап деңгейлел оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады. – ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру; – иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады; – ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала –

субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады; Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады. Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады. Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел. Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады. Қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады. Инновациялық процестерді ендіру үш өзара байланысты күштер анықталады: енгізілген технологияның ерекшеліктерімен; жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен; жаңалықты енгізу жолдарымен. Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады.

### **Қазақ тілін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану жолдары.**

Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтай біз болашақ педагог-психологтардың жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына көрсеткіштерді қамтиды: Мотивациялық өлшемдеріне танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы,

инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері кіреді. Мазмұндық өлшемдеріне болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен мәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық үрдістің заңдылықтары, мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қарулануы кіреді. Оған біртұтас педагогикалық үрдістің теориялық негіздерін және жеке тұлға теориясының ғылыми негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясының негіздерін білуі, білім алушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуы жатады. Бейімділік өлшемдерін болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті атады: бейімділік жағдаятына бағдарлана алуы, микроорта өзгерістеріне сай қолайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдай алуы. Бейімділік өлшемдері болашақ маманның білімгер мәртебесінен оқытушы, ұстаз мәртебесіне ауысуының ерекшелігін сезіне білуімен бейімділік іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана алуларымен ерекшеленеді. Танымдық өлшемдері болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуымен, өзін кәсіби жүзеге асырудың нәтижелі әдіс-тәсілдерін пайдалануымен, инновациялық педагогикалық технологияларға қызығу танытумен ерекшеленеді. Оған болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны біліп тануы, кәсіптік білімін өз тәжірибесінде қолдана білуі, инновациялық педагогикалық технологияларды оқып меңгеруі, үйренуі жатады. Іс-әрекеттік өлшемдері болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастық үрдісті тиімді жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Оған болашақ маманның өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-тәрбие үрдісінің психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі, педагогикалық үрдісті жоспарлап, жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Технологияның өлшемдері оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үрдісі, оның міндеттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық -педагогикалық білімдерді меңгерумен анықталады. Оған болашақ маманның біртұтас оқу- тәрбие үрдісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, оқушылармен ынтымақтастық қарым- қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үрдісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуы қажет. Шығармашылық өлшемдеріне шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті болашақ маманның шығармашылық-ізденушілік дамыту кіреді. Оған болашақ маманның ғылыми – зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады. Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп – мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік – оқу, білім, кәсіп, тәжірибе,

ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, операция, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үрдіс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады. Әрбір педагогтің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: инновация туралы білімі; инновацияны жан-жақты меңгеру; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары; инновацияны практикада дұрыс қолдану. Әрбір білім беру ордаларында бүгінгі таңда белең алып отырған кемшіліктері баршылық, атап айтатын болсақ: білім сапасының төмендігі; білім саласына мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оқудың нәтижесінің болмауы; құжаттар көптеп шығарылғанымен мардымсыздығы; білім алушылардың өздігінен білім алу дағдысының болмауы; білім алушылар мен оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбектерінің болмауы. Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы оқу-тәрбие процесінде инновациялық әдіс-тәсілдерін енгізу, әрбір білім алушылардың білімге деген қызығушылықтарын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол ашу. Инновациялық процестің негізі – жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады: – білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты; – жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады; – жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуметтің төмендігі көп кедергі жасайды. Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру міндет. Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай: – әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу; – білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу; – өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту; – аналитикалық ойлау қабілетін дамыту. Қысқасы, мемлекеттігіміздің негізі – қазақ тілін пән ретінде оқытуда бүгінгі таңдағы инновациялық технологиялардың озық тәжірибелерін пайдалануымыз қажет. Ол бүгінгі заман талабы.

## **Қазақ әдебиеті сабақтарының тиімділігін арттыруда инновациялық технологиялардың орны.**

Әдебиет пәнін оқытуда жаңа технологиялардың қайсысы тиімді. Қай технология әдебиет пәнінің мақсат, мазмұнына сәйкес келеді дегеннің жауабын іздеу аса маңызды.

Қазіргі технологияларда «миға шабуыл», дебат, модель, жоба жасату, оны қорғату, оқу, жазу арқылы оқушылардың сыни көзқарасын қалыптастыру жиі қолданылып келеді. «Сын тұрғысынан ойлау», «Дамыта оқыту», «Саралап деңгейлеп оқытудың педагогикалық технологиясы» т.б. көптеген технологияларды пайдаланып жүр.

Бүгінгі білім беру жүйесінде кез-келген жаңа әдіс-тәсілдер жиынтығы педагогикалық технология деген статусты ала алмайды. Педагогикалық технология көптеген факторларға қатысты анықталады.

Дайын рецептті ешкім бере алмайды. Ол рецепт пән иесінің тынымсыз еңбегі мен талғамының, үйлестіре, үндестіре білім шеберлігінің, пәнге деген ынтасы мен сүйіспеншілігінің өтеуінде табылады. Әсіресе әдебиет пәнін оқыту мақсаты мен міндеттері ерекше. Поэзияны сүйіп тұшынып оқымайтын, сөздің шебер сырын танып сүйсініп, ләззат алмайтын мұғалім, көркем шығарманы үнемі оқып, жанына серік етпейтін мұғалім, әдебиетке өзі сүйсінбейтін мұғалім әдебиетті оқытудың әдісін іздеп әуре болмаса да болады. Әр әдіс өз тиімділігімен бағалы. Бұрынғы ата-бабаларымыз бір ғана баяндау әдісімен-ақ әдебиетке ұрпағын құлшындыра алған. Сөздің қадір-қасиетін таныта алған. Кейде әдебиет сабағында мұғалімнің сүйсіне оқыған бір өлеңі-ақ көп міндетті атқаруы мүмкін. «Жүректен шыққан сөз ғана жүрекке жетеді». Әдебиет пәнінің басты мақсаты жүректегі сезімді жүректерге жеткізе білу амалдарын іздеу.

Әдебиет сабағындағы ән де, жыр да, ойналып тұрған күй де маңызды. Олардың бәрі оқушы сезіміне, түйсігіне әсер ететін детальдар. Мәселен, жырдың әуенін тыңдатпай «Батырлар жырын», «лиро-эпостық» жырларды оқыту мүмкін бе?! Жыраулық дәстүрді танытпай жыраулар шығармашылығын өз дәрежесінде оқу мүмкін бе?! Егер оқушыңыз жырау мақамын естігенде күлер болса, жырау шығармасын тұшынып оқуы екіталай. «Ғасырларды көктей өтіп» бізге жеткен асыл сөз маржандарының ішкі астарына үнілту, тілдік қорды құнарландыру да соншалықты қиынға соғар еді. Тіл – ұлттық құндылықтардың бірі. Тілді тану- әдебиеттен тысқары бола алмайды. Тілді білмеу, бағаламау, әдебиетті оқымауға, ұлтты қадірлемеуге әкеліп соқтарары белгілі. Ендеше әдебиет сабағында ұлттық құндылықтарға сса көңіл бөліп, әнді, күйді, жырды тыңдату ұсақ-түйек нәрсе деп қабылдау ағаттық болған болар еді.

Көркем шығарманы оқытқанда да ұсақ-түйек нәрсе дейтін ештеңе жоқ. Әр детальдың өз қызметі бар. Көркем шығарма авторы қаншалықты маңызды болса, кейіпкер де соншалықты маңызды. Себебі олар бір тұтастықтың бөлшектері.

Әдебиетті оқытудың басты мақсаты – оқушыларды сөз өнерінің сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халықтың рухани байлығы - әдебиетін жан-жақты игерту, сол

арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа, талғамға, сұлулыққа, отандық, азаматтық рухта тәрбиелеу.

Мемлекеттік білім стандарты оқыту үрдісінің сапа мен нәтижеге бағытталғанын талап етеді. Демек, әр сабақ шәкірттің нақты мақсаттарға бағытталған жүйелі танымдық әрекетін ұйымдастыруға құрылады деген сөз. Сабақтың әр кезеңінде танымдық әрекетті қалайша іс жүзіне асыруға болады? Сабақты дамыта оқыту технологиясының ұстанымдарына үйлестіре жүргізу үшін мұғалім нені білуі керек? Әдебиетті жаңаша оқыту технологиясын меңгеруде пәннің ішкі мазмұнына сай келетін жақтарына назар аударып, мына мәселеге көңіл бөлу керек.

Білім мазмұнының ерекшелігіне қарай әдіс-тәсілдердің нәтиже беретін жүйесін дұрыс таңдау.

Мазмұнға байланысты нақты мақсаттар мен міндеттерді қоя білу.

Оқу технологияларын мазмұнға сәйкес тиімділігіне қарай іріктеп, синтездеу.

Оқушылардың әрекетін алдын ала жобалаған нәтижеге бағыттай ұйымдастыру.

«Оқу» кең мағынада шәкірттің жаңа білімді меншіктеу үдерісі болып табылады. Бірақ кез келген оқу білімді меңгеру емес. Егер оқушы білім жинақтаса және ол өз бетінше алдына қойған оқу міндетін шешуге бағытталса әрі өзінің әрекетін бақылау, бағалау амалдарын игерсе ғана оқу әрекеті болып табылады. Оқу белсенді әрекет түрінде ұйымдастырылса ғана оқушының оған деген қарым-қатынасы, қызығушылығы артады.

Жасыратыны жоқ, әдебиет пәнінің бағдарламасы бойынша көп сыныпта оқу ақпараты мөлшерден тыс көп. Кейінгі кезде «білім» деген түсініктің өзі «ақпарат» деген ұғыммен астастырыла, алмастырыла қолданылып жүр. Сондықтан да болар ЖОО - на есінде оқу ақпаратын көбірек сақтайтын оқушылар жолдама алып жатады. Психолог мамандардың пікірі бойынша есте сақтау қабілетінің кей балада жоғары, кей балада төмен болуы заңды құбылыс. Ал білімділік баланың есте сақтау қабілетінің жоғары болуына түбегейлі тәуелді емес. Яғни білім меңгерудің түрлі қызметі бары белгілі. Өкініштісі алынған оқу ақпаратын өз қажетіне қолдана алу, өз санасында қорытып, пайымдай білу (интерпретациялау) деген білім, білікке, машыққа көңіл бөлінбеуге айналды. Сонда білімнің көрсеткіші «қай жылы», «қашан», «қандай шығармалары бар?» деген жалаң сауалдардың жауабы ғана болғаны ма?!

«Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану» атты оқу құралында А. Әлімов бүгінгі ақпарат туралы мынадай мәлімет келтіреді: «Білімнің жылдан жылға дамып, өсіп отырғандығында дау туғызбайтын аксиома. Мәселен, адамзаттық бар білетіні 1800-1900 жылдар аралығынды (жүз жылды) екі есе өскен деген есеп келтіреді ғалымдар. Ал білімнің келесі екі есе өсуі енді елу жылда (1901-1950) орын алыпты. Осыдан кейінгі еселену жиырма жылда (1951-1970) содан соң он бес жылда (1971-1985) болған екен. Ал қазіргі кезде білім әр бір төрт жыл сайын екі есе ұлайып отыр дейді ғалымдар. Білім

тура осы қарқында үдей беретін болса, аз уақыттан кейін адамзаттың бар білетіні әрбір 76 күнде екі есе өсіп отыратын көрінеді.

Қазірге заман - ақпарат заманы, ол жан-жақтан әртүрлі формада (кітап, газет-журнал, теледидар, радио, қарым-қатынас, интернет, жарнама т.б.) орасан зор көлемде ағыл-тегіл келіп түсуде. Алайда адам өзінің шектеулі миымен барлық ақпаратты есте сақтап, игере алмайды, оған уақыты, тіпті өмірі жетпейді. Сонымен, білім-ақпарат» формуласы бүгінгі күні ескірген, білім ақпарат емес деп ұйғаруға әбден болады»- деген ойға қонымды пікір білдіреді.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Педагогикалық технологиялардың қандай түрлері бар?
2. Инновациялық технологияларды оқу процесіне енгізуде мұғалімнің рөлі?
3. Қазақ тілі сабақтарында интербелсенді әдістерді қолданудың өзіндік ерекшеліктері неде?
4. Әдебиет сабақтарының сапасын арттыруда интербелсенді әдістерді қолдану?
5. Әдістеме мен технологияның қандай ерекшеліктері бар

### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004.
2. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008.
3. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007.
4. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.
5. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Алматы: 2009.

## **6-ТАҚЫРЫП: Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар мен әдістер**

### **Жоспар:**

1. Әдеби даму және дәстүр жалғастығы.
2. Қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүрлер.
3. Әлемдік әдебиет дамуындағы озық дәстүрлер ықпалы.

**Тірек ұғымдар:** әдеби процесс, әдеби даму және дәстүр жалғастығы, модернизм, постмодернизм.

### **Әдеби даму және дәстүр жалғастығы**

Әдеби процесс – әдеби даму. Көркемдік даму заңдылықтары. Адамзат мәдениетіндегі сабақтастық. Әдеби даму және дәстүр жалғастығы. Дәстүрді

шығармашылықпен игерудің жаңашылдыққа әкелетіндігі, ал жаңашылдықтың негізінде жаңа дәстүр туындайтындығы туралы ұғым. Төл әдебиетіміздегі көркемдік дәстүрлер, олардың сөз өнерінің дамып, өсуіндегі мән-маңызы. Дәстүрдің маңызын мойындамайтын көзқарастарға сын.

Көпшілік зерттеушілер дәстүр мен жаңаның әдебиеттегі орнын, тағдырын байқауға ұмтылды. Бір жанрдың ішкі сыры ретінде ғана қаралмай қазақтың байырғы әдебиетінің ұлттық сипаттары жаңа дәуірде жана жанрдың туып қалыптасуына қалай әсер ететінін сөз етеді. Е.Р. Лизунова роман жанрын зерттегенде, қазіргі эпосты айтқанда, оның арғы тегін қазақтың бай эпикалық мұрасынан шығарады, яғни бұрыннан күрделі сюжетті, шебер композициялы, сан тұлғалы фольклорлық туындылары болған әдебиеттің жаңа кезеңде өзіне табиғи дәстүрлік әлеуметтерін сақтауы заңды екенін көрсетеді. Әрине қазақ прозасының өсіп амуына басқа да факторлар ықпалын тигізді. Дегенімен, ұлттық дәстүрдің жаңа ролінің орны бөлек.

Жақсы дәстүр ұлттық көркем шығарманың қаны мен сөлі сияқты: оның жақсы мазмұнын да, оған лайық формасын да аңғартады. Мазмұн мен форма бірлікті байқатса, ұлттық дәстүр сол бірлікті айқындай түсетін фактор. Мұның басты себебі ұлтты мінез-құлықтың, психиканың ұзақ тарихтық түзілісте белгілі бір тұрақтылыққа ие болуынан: дәстүр осының сәулесі, яғни характердің көрінуі.

Дәстүр тек алдымен әдебиеттік, өнерлік көрініс емес. Дәстүр, әдет, салт, үрдіс, тіпті дағды, ғұрып деген сөздер кең мағынада адам мінезі мен тіршілігіне байланысты қанға сіңген қылықтар. Демек, ұлттық дәстүр тез өзгеріп немесе жоғалып кете қоймайтын құбылыс.

### **Қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүрлер.**

Әдебиеттегі ұлттық дәстүр әрбір халықтың, ұлттың өмірді көркемдік, образдық жолмен тануынан шығып қалыптасқан.

Абай туындылары қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңалықты толық аңғартады.. Әрине, Абай шығармалары үнемі ескіні бұзып, өзінен бұрынғы жақсы дәстүрлерді де мансұқ етті деген ұғым тумасқа керек.. Қайта Абай өзі халық поэзиясының жарамды дәстүрлерін батыл қабылдап отырған, көп жерлерде оны ұстартып, тереңдетіп пайдаланар орнын таба білген. Қазақ поэзиясындағы Абайдың ұлы жаңашылдық орнын жаңалық пен дәстүрді бір-біріне қарасы қою арқылы емес, қайта жаңалық сол жақсы дәстүрлер топырағында туып қалыптасқан деп таныта елеміз.

Дәстүр мен жаңалықтың өзінен тек уақыт өлшеміне қарай ғана ажыратуға болғандай. Жаңалық мейлі форма жағынан болсын, мейлі мағына жағынан болсын әдебиеттің қаны мен жанына дәл келсе, дәстүрге айналып кетуі де мүмкін.

Сонымен, дәстүр, жаңалық көбіне бірін-бірі толықтырып,бірінің бірі жалғасы болып отырмақ.

### **Әлемдік әдебиет дамуындағы озық дәстүрлер ықпалы**



## Модернизм және постмодернизм.

Бүгінгі таңда барлық әдістердің танымдық тұрғылары қым-қиғаш араласқан. Кешегі бір еңбектерде романтикалық арнада жазылды деген шығармалардың енді модернистік туынды ретінде бағалануы сәнге айналды. Керісінше, қазіргі әдебиеттануда модернистік, постмодернистік деп бағаланған шығармалардың көркемдік тілінде, қаламгерлердің суреткер, қоғам, жеке тұлға мен болмыс хақындағы толғаныстарынан, ой-пікірлерінен романтикалық дүние қабылдаудың сізімдерін байқауға болады.

Модернизм ХХ ғасырдың басында қалыптасқан. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін модернистік бағыт «ревизиялауға» ұшырап, соның әсерінен заман талабына сай жаңа әдеби-мәдени, философиялық, эстетикалық жаңа ағым пайда болады.

Модернизм (французша «moderne» ең жаңа, қазіргі) буржуазиялық әлем дағдарысының және олардың қалыптастырған сана типін белгілеген ХХ ғасыр әдебиет пен өнердегі философиялық-эстетикалық қозғалыс.

Модернизм атауының ХХ ғасырдың басында Батыс Европада пайда бола бастаған футуризм, экспрессионнизм, империализм, унизм сияқты көркем бағыт және топтардың жүзеге келуімен байланысты.

Модернизмді бүгінгі таңда Батыс өнерімен қарағанда кеңінен қолданылады. Мәселен, кубизм Францияда, футуризм Италияда, адаизм Швейцарияда пайда болды. Олардың барлығын тән ерекшелік – реалистік шығармашылық әдіс. Барлығын бірлестірген атау – модернизм. Бұл атаудың теориялық, жалпы философиялық негіздерін А.Шопенгауэр, М.Штирнер, С.Керкогтер, Ф.Ницше сияқты философтардың шығармашылық мұрасымен байланыстырады.

Модернистер әлемдік деңгейдегі қоғамдық қайшылықтар, санадағы қақтығыстар кезінде адам дүниенің мағынасыз екенін, өзінің фәнидегі жалғыздығын түсінеді деген пікірлерді алға тартты. Жалғыздық қасіреті қоршаған ортаны адамның жатсынуы модернизм өкілдерінің шығармаларында айрықша көрініс тапты. Қоғам мен адам арасындағы қайшылық сарыны тұрғысынан романтизм эстетикасымен ұқсас тұстары болды. Қазақ прозасындағы адам табиғатының трагедиялығы, болмыстың адам тіршілігімен үйлесе бермейтін қайшылығы бейнеленген, адамның панасыздығын, қорғансыздығын меңзейтін шығармаларда романтикалық сипат пен модернистік ұстанымның берік байланысы жатыр. Орыс әдебиетінде модернизм, постмодернизм құбылыстарын зерттеуші Д.Затонский ХХ ғасыр модернизмінің романтизм құндылықтарынан тамыр тартып жатқанын сөз етеді. «Модернизм мен постмодернизм» деп аталатын кітабының арнаулы тарауында романтизмнің көркемдік жүйесінде кездесетін, ортақ «модернистік» белгілерді «тани» отырып былай дейді: «Если обозреть бытие искусств как бы с птичьего полета, то нетрудно заметить, что они, в свою очередь, тоже тяготеют к движению циклическому: Возрождение объявляло (и даже искренне верило), будто наследует античности, романтизм в некотором роде подражал Средним векам, модернизм ХХ века - романтизму... Модернизм и в самом деле многое

позаимствовал у романтиков, тех в известном смысле даже можно бы наречь «пре-модернистами». Что, тем не менее, вовсе не исключает их сродства с постмодернистами. В частности, и потому, что романтическое не жизнеподобие в общем и целом все-таки чуждо фанатически-революционной экстреме»<sup>2</sup>.

Постмодернизм – көп мағыналылықты ішіне қамтыған және әрқашанда өзгеріске бейім тұратын, құбылмалы тіршілікті бейнелеу түрінің жаңаша тәсілі. Бұл ағымның тарихи контекстік және жалпы халықтық, ұлттық түрлері де болуы мүмкін. Постмодернизмді белгілі бір шартқа жүйелендіру қиын, бұл әлемдік мәдениеттегі тарихи, көркемдік бейнелеу жүйесінің осы заманға сай бейнелеу формасы. Әр түрлі ұлттар әдебиеті мен мәдениетінде өзінің көрінісін тапқанымен, ғаламдық деңгейдегі өзіне ғана тән қағидалары мен көркемдік шарттары бар. Бұл әдеби ағым өзінің бастауын конструктивизм мен деканструктивизмнен алған. Оның өзіне тән сөздері мен терминдері бар.

Постмодернистер әлемді адам санасына бағынбайтын «хаос», маңайымыздағы әлем тек мәтіндерден ғана тұрады деп есептейді. Бұны – «дискустық мәтіндер» деп атайды.

Постмодернизм белгілі бір тарихи кезенді немесе шектеулі нәрселерді ғана сипаттайды. Бұл көркем мәтіндердің авторы болуы да мүмкін, болмауы да ықтимал. Сол мәтіндерді жазып отырған адам «мен» деп жазбайды, жазушы маска киіп жазуы (авторская маска) мүмкін. Өзінің кейіпкерін мазаққа, күлкіге ұшыратып, өзі сырттан аңдушы ретінде қадағалайды және өздерінің кейіпкерлеріне әсте жаны ашымайды.

Постмодернистердің туындыларында астыртын ойы (двойной код) маңызға ие. Қазіргі көркем мәтіннің негізгі шарттарының бірі – постструктурализмге тіреледі (породиный модус повествования). Автор кейіпкерін шығарманың жеке меншігі деп емес, кейіпкердің санасы тек көркем мәтінде ғана деп ойлайды. Мәтін таусылған тұста кейіпкердің санасы бітті деп қарау басым. Ал ары қарай не болатынына автор жауап бермейді.

Постмодернизм – қазіргі зымырап бара жатқан заманның көркем жүйесі. Мәтіндегі фрагменттік дегеніміз, қарапайым айтқанда, бір талды төртке бөліп бейнелеу. Талдың өзін, тамыры, топырағы, жапырағына бөліп қарастыру. Бұл ағымның бізге дейінгі классикалық әдебиеттен негізгі айырмашылықтары осындай.

Постмодернизмнің теориялық түсініктерін АҚШ-тың Йел университетінің әдебиеттанушы мамандары қалыптастырған. Мәселен; ренессанс дәуірінде «адам ғаламның ортасы (центр вселенной) адамның қолынан келмейтін нәрсе жоқ» деп пайымдаса, қазіргі кезде постмодернистер: «адам ғаламның кішкентай ғана бөлшегі, элементі. Сондықтан да адамның санасы ғаламды тануға жеткіліксіз» деп түсіндіріледі.

---

<sup>2</sup> Затонский Д.В. Модернизм и постмодернизм: Мысли об извечном коловращении изящных и неизящных искусств. – Харьков: Фолио, 2000. – 256 с.

Қазіргі постмодернистердің кейіпкерлері дискустық, санасы шектеулі шеңберден шыға алмайтын адам ретінде сипатталуда. Ағым өкілдерінің шығармаларын оқып отырсаң кейіпкерлері қырықаяқ, космостан келген гуманоид ретінде өмір сүреді. Құдайға шүкір, қазіргі қазақ әдебиетінде ондай кейіпкерлер жоқ. Мысалы; Асылан Жақсылықовтың «Сын окаянның» деген төрт томдық шығармалары бар. Кейіпкер жас адам ба, кәрі адам ба- түсініксіз. Ол кейіпкер өзімен-өзі тіршілік етіп жатады. Өз ойларымен өзі алысып, сандырақтап жүреді. Бір жерге кіреді, бір жерден шығады. Арман-аңсары, сезімі жоқ. Әйтеуір тіршіліктің адамы, пенде. Біздің қазаққа ортаның ондай романдарды қабылдай қоймасы анық. Оның себебі, біріншіден, қазақ оқырманы оған дайын емес, екіншіден – біз классикалық әдебиетпен тәрбиеленбегенбіз. А.Байтұрсынов айтпақшы: «Біз әдебиетімізде жыраулардан келе жатқан асыл сөздің» мағынасы болуы қажет. Қазақ бос сөзді ешқашан айтпаған. Әдебиетіміздегі қисса-дастандарда, батырлар жырында, қиял-ғажайып ертегілерінде үлкен ғибратты ойлар бар. Біз мәдениеттанушы, әдебиеттанушы ретінде талдап, ерекшеліктерін көрсетіп береміз. Қазір оқырманның құлаш-құлаш томдарды оқып отыруға уақыты жоқ. Жас жазушылар қысқа жазуға машықтануы қажет, бірақ, мағынасыз, құдайсыз әдебиеттен қашып, өзінің түпкі идеясын көрсете білуі керек. Постмодернистік үлгіні алғанымен де бос сөзге ұрынып қалмағаны дұрыс. Жас жазушыларымыз шетелден үйренейік деп мақсатты түрде жазып отырған жоқ, заман талабы сондай. Біздің жастарымыз 10 ғасырлық асыл поэзиямыздың маржанын теріп алса, өздеріне керегін алып отырса, құба-құп.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

- 1.Әдеби процесс дегеніміз не?
- 2.Мазмұн мен пішін дегеніміз не?
- 3.Модернизм бағытында жазылған көркем шығарманың ерекшелігі неде?
- 4.Әдебиеттегі постмодернизм дегеніміз не?

#### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, «Қазақ университеті», 1992. – 352 б.
2. Қирабаев С.Тәуелсіздік рухымен.– Астана, «Фолиант», 2002-504 б.
3. Жұмабек С. Сын әуені. (әдеби ой-толғаныстар). – Астана, «Елорда», 2001. – 288 б.
4. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары.– Астана, «Фолиант», 2004-304 б.

#### **7-тақырып: Қазақ әдеби сынының бүгінгі даму үдерісі**

##### **Жоспар:**

1. Әдебиет сыны- әдеби сын, көркем әдеби сын – әдебиеттану ғылымының бір саласы.
2. Қазақ әдеби сынының зерттелу тарихы.
3. Қазақ әдеби сынының бүгінгі даму үдерісі

**Тірек ұғымдар:** сын, әдеби сын, көркем әдеби сын, сыншы-ғалым, жанр, сын-пікір, сын-мақала, сын-очерк, жарнама сын, дәйекетеме сын, аннотация.

**1. Әдебиет сыны- әдеби сын, көркем әдеби сын – әдебиеттану ғылымының бір саласы.**

Ол өмір шындығы мен әдеби шығармадағы көркем шындық арақатынасын саралап, көркем шығарманы әдеби тұрғыдан бағалайтын, әдеби дамудың ағымдағы мәселелерін талқылап, бағыт сілтеп отыратын әдеби-публицист., ғылыми-эстетика шығармашылық түрі. Әдебиет сыны – аса күрделі сала. Оның негізгі зерттеу объектісі – көркем әдебиет, әдеби процесс. Сыншы белгілі бір әдеби шығарманы талдап, баға беру үшін әдебиеттану ғылымының зерттеу әдістерін, методологиялық-сын қолданады. Әдеби сынның басты ерекшелігі, көбінесе, қазіргі әдебиеттің жай-күйін қарастыруында, әдеби мұраларды бүгінгі заман тұрғысынан пайымдауында. Әдеби сын әдебиеттің теориясы, әдебиеттің тарихы жеткен жетістіктерге сүйенеді. Көркем шындыққа айналатын өмір – аса күрделі құбылыстардың біртұтас жиынтығы. Міне, сол сан қырлы өмір оқиғаларының көркем әдебиетте қалайша көрініс тапқандығын анықтап отыратын Әдеби сынның да оларды түрлі жақтарынан зерттейтін ғылым салаларының жетістіктерін қажетінше пайдаланып отырады. Әдеби сында берілген баға сол кезеңдегі әдеби процестің үні. Онда пікірлер қайшылығының кездесуі заңды да. Әдеби сыны көркем шығармашылыққа дер кезінде үн қосып, сыр-сипатын айқындайды, баға беріп, пікір білдіреді.

Әдеби сынның тарихы ертеден басталады. Қазақ ауыз әдебиетінің көркемдік, идеялық сапалары аса жоғары классик. үлгілерін парықтауда Әдеби сынның рөлі зор болды. Ол жазба әдебиетінің, ғылымның дамуымен бірге өрбіп отырады. Отырарлық ғұлама Әбу Наср әл-Фарабидің, Махмұт Қашқаридың, Жүсіп Баласұғынның сөз өнері жайлы жазған пікірлері, Ш. Уәлихановтың, Ы. АЫбырай Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың әдебиетке қатысты айтқан ойлары қазіргі қазақ әдеби сынының бастау алар қайнар көзі деуге болады. 19 ғ-дың 2-жартысында “Түркістан уалаяты”, “Дала уалаяты” газеттерінің бетінде әдебиетке қатысты материалдардың жиі көрінуі. Әдеби сынның тарихындағы жаңа кезеңнің басы болды. “Айқап” журналы мен “Қазақ” газеті беттерінде жаңа кітаптардың шығуы туралы хабарлардан бастап, жекелеген жазушыларға арналған ғұмырнамалық мақалалар, әдеби шолулар, түрлі тақырыптағы мақалалар көптеп көріне бастады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров т.б. қазақ әдебиеті жайлы құнарлы пікірлер айтты. 20 ғ-дың 20-жылдары қазақ әдебиеті жаңа дәуірде қандай бағытта дамуы керектігі, көрнекті әдебиет қайраткерлері жайлы қызу пікір алысулар болды. Әсіресе Абай, Мағжан шығармашылықтары жайлы айтыстар 20 ж-дардағы әдеби сынның орталық мәселелеріне айналды. Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқышы” (1927), Х. Досмұхаметовтің “Қазақ халық әдебиеті” (1928), Ғ. Тоғжановтың “Мағжанның ақындығы мен Жүсіпбектің сыны” (1926), “Әдебиет және сын мәселелері” (1929) сияқты еңбектер қазақ Әдеби сынның жаңа биіктерге бет алғанын байқатты. Ұлттық әдебиетіміздің түрлі мәселелері жайлы С. Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Тоғжанов,

Н. Төрекұлұлы, С. Сұлтанбек Қожанов, Ы.Ыдырыс Мұстанбаев, Досмұхамедов, С.Сәдуақасов, Қ.Кемеңгеров, Ә. Бәйділін, Х. Жүсіпбеков, Е. Бекенов, Ш. Тоқжігітов, Б. Кенжебаев т.б. өз ойларын ортаға салып, әдеби өмірде белсенділік танытты. Әдеби сынның аннотация, рецензия, мақала, айтыс мақала, шолу, шығармашылық портрет сияқты түрлері баспасөз бетінде жиі көрініп, жанрт ретінде қалыптасты.

Соғыстан соңғы кезеңде Әдеби сынның көкжиегі кеніп, әдеби ой-толғамдардың ғылыми негізі арта түскенімен, әдебиеттің партиялық принципі барынша қадағаланып отырды. Көркем әдебиетте, сын-зерттеу саласында саяси қырағылықты күшейту мақсатында жүргізілген істердің барысында бірсыпыра қаламгерлер тағы да қуғынға ұшырады. “Ұлтшылдыққа”, “ескілшілдікке” қарсы саяси науқанның барысында әдебиеттің бүкіл тарихы Абайымен қоса теріске шығарылды. Алғашқы екі кітабы жарық көрген “Абай жолы” эпопеясында қазақтық өткен ғылымдағы өмірінің суреттелуінен бастап, бар қадір-қасиеті жоққа шығарылып, теріс идеялар береді деп танылды. Осы саяси науқанның салдарынан Ысмайылов, Жұмалиев, Қ. Мұқамедханов т.б. қудаланып, әдебиеттен шеттетілді. Кенжебаев, Т. Нұртазин, Қоңыратбаев т.б. қуғындалды. Тоқырауға ұшыраған қазақ Әдеби сынның 1955 жылы. республика басшылығы ауысып, идеолология солшыл бағыттағы тоң ептеп жібіп, шығармашылық жұмысқа мүмкіндіктер туа бастаған кезде қайтадан жанданып, кең арнасына түсе бастады. Ысмайылов, Жұмалиев, Нұрқатов, А.Нұртазин, Қ.Нұрмаханов, М.Ғабдуллин, С.Қирабаев, Р.Бердібаев, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, Б.Сахариев және т.б. сыншылар қазақ әдеби сынның жаңа биіктерге көтерді. 60 жылдары көп томды қазақ әдебиетінің тарихын жасаумен бірге әдебиеттің ағымдағы күрделі мәселелерін терең талдаған мақалалар жарық көрді. Әдеби сынның осы жылдары қарқынды дамып, баспасөзде қызу пікір-таластар болды. Әдеби сынның саласында А. Сүлейменов, З. Серікқалиев, Р. Нұрғалиев, Тоқбергеновтер көрінсе, оған жалғаса 70-жылдары С.Әшімбаев, Б.Сарбалаев, Қ.Ергөбеков, Б.Ыбырайымов, Т. Шапаев т.б. келді. 70 жылдары әдеби сынның дамуына мол мүмкіндіктер жасалынды. Газет-журнал беттерінен сын бөлімі тұрақты орын алды; “Уақыт және қаламгер”, “Сөзстан” сын мақалалар жинақтары тұрақты шығып тұрды.

80 ж-дардың соңына қарай елімізде басталған түбірлі бетбұрыстар қазақ әдеби сынына да тың серпіліс әкелді; алға жаңа міндеттер қойды. Мұндай үлкен міндеттерді атқаруға сынның ғылыми. сипаты артып, әдебиеттану ғылымының өрісі кеңейе түсті. Қазіргі кезде әдеби сынның жан-жақты өркендеп, жанрлық түрлері дамыды. Әдебиеттану ғылымының бұл саласында сын мақала, сын пікір (рецензия), шолу мақала, эссе (публист. немесе ғыл. очерк), сын-монография т.б. жанрлық түрлері дами бастады.

## **2. Қазақ әдеби сынының зерттелу тарихы.**

Сын, сын тарихы және оны дәуірлеу мәселелері қазақ ғалымдары тарапынан біршама қарастырылған. Ол негізінен, қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуге қатысты айтылған. Алайда бұл салада жүйелі зерттеулер мен өз

бағыты айқындалған ізденістер бірден көріне қоймады. Бұл бір жағынан заңды да. Себебі кәсіби сынның қанаты қатайып, қалыптасып, кемелденбей жатып, оның тарихын дәуірлеу мәселесінің көтерілмейтіндігі, көтерілген күнде де нақты шешімін таба алмайтындығы мәлім. Ал қазақ әдеби сынының алғашқы нышандары сонау ауыз әдебиетінде көрініс бергенімен, шын мәніндегі сынның жалпы жұртшылыққа жол тартуы мерзімді баспасөзге байланысты болды. Осы кезеңде сынның жанрлық тұрғыдан жіктелуі, кәсіби сипатының анықталуы, кәсіби сыншылардың бой көрсету процесі жүріп, шындап қалыптасып дамуға бет бұрды. Көркем әдебиеттің асылы мен жасығын таразылар, адал бағасын берер сыншылар пайда бола бастады.

Бұл орайда ақын-жазушы, қаламгерлеріміздің кәсіби сынның өрісін кеңейтуге қосқан үлесі ерекше. Әрине мұнда ауыз толтырып айтар ардақты есімдер қатарында А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, С.Торайғыров, М.Дулатов, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Жолдыбаев, Е.Бекенов, Ғ.Тоғжанов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, М.Қаратаев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов және т.б. сап түзейтіндігі белгілі. Бұлардың әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымының қалыптасуына қосқан үлестері мол.

30-жылдары әдебиет сыны саласында аянбай еңбек еткендердің бірі сыншы Е.Ысмайыловтың, Қазақстан Жазушылар Одағының 1937 жылы мамыр айында сын туралы арнайы пленумы өтті. М.Қаратаевтың “Қазақ әдебиетіндегі сынның міндеттері” деген баяндамасы, 1939 жылы маусым айында өткен Қазақстан жазушыларының II съезінде жазушы Ғ.Мүсірепов сынның жай-күйі туралы баяндамасы және М.Әуезов әдебиеттану ғылымы, әдебиет сыны, әдебиет тарихы жайында мынадай ой тұжырымдары ерекше әдеби сын тарихында орын алады. М.Әуезов әдебиеттану ғылымы, әдебиет сыны, әдебиет тарихы жайында мынадай ой тұжырымдарын ұсынады: “Қазақ халқының мәдениет тарихында әдебиеттану ғылымының тарихы әзір қысқа. Бұл жас ғылым. Ол әдебиеттік сын. “Қазақ әдебиетінің теориясы”, “Қазақ әдебиетінің тарихы” деген салаларға бөлініп, енді ғана дамып келеді.

Сынның тарихына және бүгінгі мәселелеріне қатысты ойлар “Қазақ әдебиеті” газеті жарық көргеннен кейін молайып, ақын-жазушылар, сыншылар арасындағы пікірталасты қыздырып жіберді. С.Мұқанов “қазақ сыны Шоқаннан басталады” деген пікір айтты. Ғ.Мүсірепов сынның үш түрін бөліп көрсетті.

Бұдан кейінгі кезеңдерде де бұл мәселе ұдайы көтеріліп, қазақ әдебиет сынының туу, қалыптасуы туралы ғалым-сыншыларымыз әртүрлі пікірлерді ортаға салған. М.Қаратаев “Қазақ әдебиетінде сынның белгілі орын алуға ұмтылуы тек кеңес өкіметі тұсында, айналасы осы 10-15 жылдың ішінде. Қазанға дейін бізде сын атаулының болмауы тіпті заңды нәрсе” – десе, ғалым Е.Ысмайылов “Біздегі әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымы тек совет дәуірінің жемісі, бұрын сыншылдық, әдебиетшілік дәстүрі мүлде жоқ, тыңнан туып жасалған” – деп тар шеңберден шырып айналып, тереңнен қазбаған. Оған белгілі дәрежеде үстем көзқарас, яғни орыс елінің тарихынан асып түсер, ерте пайда болар құбылыстар болмауы керек дегенді қызыл сөзбен тұмшалаудың

салдары себепші болғанын жоққа шығармау керек. Алайда 60-жылдардағы “жылымықта” жаңаша толғаулар айтыла бастады. Соның нәтижесінде ғалым Т.Кәкішұлы сынның қайнар көзі ауыз әдебиетінде жатқанын айтып, оның қанаттануын Шоқаннан, Ыбырайдан, Абайдан таратқан. “Оянған ойға кең өріс” еңбегінде әдебиет сынының қалыптасып, дамуы баспасөз арқылы жүзеге асатынын дәлелдеп көрсетеді. Өйткені халықтың әлеуметтік жағдайы, көкейтесті мәселелері, арман-тілегі, мұң-мұқтажы халық өмірінің айнасы болып табылатын – баспасөз арқылы көрініс беретінін дәлелдей бастады.

Бірқатар жас сыншылардың сын кітаптары жарық көрді. К.Керейқұлов, Қ.Ергөбеков, А.Нағметов, Т.Мәмесейітов, Б.Майтанов, Б.Ыбырайымов, Б.Сарбалаев т.б. өз кітаптарын соңғы жылдардағы әдеби процесті қарастыруға арнай отырып, ондағы жанрлардың баюын, тақырыптық өрісінің кеңеюін, көркемдік ізденістердің молаюын талдап көрсетуде білімділік танытты. Бұлардан басқа өздерінің күнделікті баспасөз бетіндегі сын мақалаларымен әдеби сынымыздың дамуы мен тереңдеуіне ойлы пікір қосып жүрген авторлардың саны да көбейді. Олардың қатарында Ш.Елеуқенов, З.Серікқалиев, Х.Садықов, С.Жұмабеков т.б. есімдерін атау орынды. Бұлардың бәрі де қазақ әдебиеттану ғылымының бар саласында жемісті еңбек етіп жүрген — сыншы-ғалымдар. Қазақ әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымының негізін салған алғашқы буын қаламгерлердің бәрі де саяси қуғын-сүргін көрді, атылды-асылды, репрессияға ұшырады, көктей орылды. Бірақ соған қарамастан рухани тарихымыздағы өнердің ізі сайрап жатыр еді.

60-90 жылдарда қазақ әдебиетінің бұрын қарастырылмаған жанрлық проблемалары бойынша көптеген маңызды ғылыми жұмыстар жүйелі түрде қолға алынып, сан-алуан еңбектер жарық көрді. Монографиялық зерттеу стилінде І.Жансүгіров (М.Дүйсенов), Б.Майлин (Б.Наурызбаев), Қ.Аманжолов (Т.Әбдірахманова), С.Мұқанов (М.Хасенов), Х.Есенжанов (З.Серікқалиев), М.Әуезов (М.Мырзахметов, Л.Әуезова) шығармалары талданса, юмор, сатира-сын (Т.Қожақеев, М.Тілеужанов, Т.Кәкішев, Д.Ысқақов), драматургия (С.Ордалиев, Ә.Тәжібаев, Р.Рүстембекова, Е.Жақыпов, Р.Нұрғалиев), проза (Ш.Елеуқенов, Ә.Шәріпов, Б.Майтанов), поэзия (М.Базарбаев, Ә.Нарымбетов, З.Ахметов), әдебиеттер байланысы (Ш.Сәтбаева, Е.Лизунова, Е.Ғабдиров), аударма (Ә.Сатыбалдиев, С.Талжанов, Н.Сағындықова), көне әдебиет тарихы (Х.Сүйіншәлиев, Қ.Өмірәлиев, Ж.Бектұров, Н.Келімбетов), фольклор (Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, О.Нұрмағамбетова, Е.Тұрсынов, Н.Төреқұлов, С.Қасқабасов, С.Садырбаев, Ш.Ыбраев), текстология (Қ.Мұхаметжанов, М.Бөжеев) проблемалары тарам-тарам салалар бойынша сарапқа түсіп, жеке зерттеулер, кітаптар, ұжымдық жинақтар, тізбекті басылымдар жарыққа шықты. Осы еңбектер негізінде кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғады; орта мектепке, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жазылды.

### **3. Қазақ әдеби сынының бүгінгі даму үдерісі**

Газет-журнал беттерінде қызулы, өткір мақалалар жазған, қазіргі әдеби қозғалысқа білек сыбанып араласқан, есімдері жұртшылыққа мәлім бола бастаған Бақытжан Майтанов, Сайлаубек Жұмабеков, Асқар Егеубаев, Бақыт

Сарбалаев, Бекен Ыбырайымов, Құлбек Ергөбеков, Батырхан Дәрімбетов, Жаңғара Дәдебаев, Құныпия Алпысбаев тырнақалды туындыларын оқып шыққанда, ең алдымен, байқалатын нәрсе заманы, ортасы, талғамы бір болғанмен, әр түрлі арналардағы ізденістердің сорабы, әр түрлі рухты, әр түрлі стильдік өрнектерді ұшыратамыз. Қашанда даралық, ерекшелік-сапалық көрсеткіш, сан-алуан ырғақ, бояу, әуез молдығынан эстетикалық байлық, көркемдік игілік құралмақ. Әрине “проза сыншысы болу үшін алдымен өзі роман жазып алсын, поэзия сыншысы болу үшін өзі поэма жазсын, драматургия сыншысы болу үшін өзі драма жазып алсын” деген талғамсыз пікірдің төрге шығар орны жоқ. Дегенмен, жеке жанрларды үнемі бағдарлап бағып отыратын, маманданған, бір бағытта істелетін жұмыстардың нәтижесі әмбебап, барлығына құлаш ұратын жалған универсализмнен әлдеқайда мол болары хақ. Осы реттен келгенде, қазіргі жас сыншыларда нысананы таңдап алуда бой баққан, ойланған, сарабал талғам барлығы қуатпай қалмайды.

Құрдастарының ішінде ертерек көзге түскен Бақыт Сарбалаев алғашқы мақалалары жарияланғанына он шақты жыл өткен соң, “Қызыл алма”, “Өткірдің жүзі” сын кітаптарын шығарды. Бақытты өзгелермен шатастыруға болмайды, оның өзіндік дауысы бар.

Мұқағали Мақатаевтың ақындық мұрасы, бүгінгі прозаның көркемдік ізденістері, әдеби-көркем сынның функциясы – осы орайда Бақыт Сарбалаев айтқан бірқыдыру байлам, қорытынды ойлар көкейге қонымды.

Жас сыншылардың кітабы тұтастығымен, желілі мәселелерге арналған толғамды сипатымен ерекшеленеді. Мерзімді баспасөзде жиі көрініп келе жатқан Асқар Егеубаевтың “Сыр мен сымбат” жинағы қазіргі қазақ поэзиясының кейбір көкейкесті сырларын алдымызға тартады. Жеке шығармаларды талдау үстіндегі дәлдікке жинақтаулар жасаудағы білімділікті қоссақ, жас сыншының негізгі қаламгерлік сипатын аңғарамыз. Қазақ поэзиясында қазір кең дами бастаған шоғыр өлеңдер жүйесі, тұтас өлең кітабы орыс әдебиетінің ықпалынан туды деген сыншы пікірінде шындық бар. Жеке бөлімдер, композиция принциптері ғана емес, тіпті шығармаға ат қою жөнінде де орыс, Европа әдебиетінен алған үлгіміз толып жатыр. Александр Блок: “Арфы и скрипки”, “Соловьиный сад”. Қазақ поэзиясындағы осылар аттас “Домбыра”, “Бұлбұл бағы” сияқты шығармаларды Асқар Егеубаев дәл басып айтады. Бірақ түптеп келгенде, мұндай салыстырулардың негізгі мақсаты кім, қайдан не алды деген қысыр даудың майына от құю емес, шығармашылық құбылыстың заңдылықтарын ашу, әдеби байланыстар диалектикасын көрсету болмақ.

Сыншы Бекен Ыбырайымов “Көркемдік көкжиегі” кітабында, негізінен, бүгінгі проза материалдары бойынша талдаулар жасайды. Жас буын, орта буын қаламгерлер туындыларындағы құбылыстарды көрсетуге көңіл бөлінген. Қазақ әдебиетінің фактілерін басқа ұлт әдебиеттеріндегі мысалдармен салыстыра қарағанда автор ұтымды тұжырымдар жасайды. Қатарластары ішінде Бекеннің стилі салмақты, академизмге жақындығын көрсету керек. Кей тұстарда



автордың терминдерді, категорияларды орынды қолданбай, бұлдырлыққа, схоластикаға кетіп қалатынын ескерткіміз келеді.

Тегінде сындағы тереңдік жөн-жосықсыз тықпаланған сілтеме, тізім, термин есесінен емес, ой, пікір, тұжырым байлығынан туатын болу керек. Жас сыншы, жас әдебиетші, мәтінге ерекше мән беретін, қолжазбаларға үңілетін, архив материалдарын қарастыратын ізденгіш, еңбекқор – Құлбек Ергөбеков.

Қазір жарияланып жүрген әдеби-зерттеу, сын кітаптарының негізгі мінінің бірі – әр тақырыптылық, құрандылық, көп нәрсенің басын зорлап ию десек, жас әдебиетші еңбегі бұл кемшіліктен ада. Қ.Ергөбеков бірнеше кітап жазып Сәбит Мұқанов шығармашылық ұстаханасын зерттеді. Әрине, қазақ әдебиетінің терең сыншысы, қажырлы ғалым Темірғали Нұртазиннің “Жазушы және өмір” күрделі, іргелі зерттеуінен кейін жаңа сөз айта қою кез келген көген көздің қолынан келер шаруа емес.

Бай мұра қалдырған зор жазушы Сәбит Мұқановтың “Балуан Шолақ”, “Сұлушаш”, “Біздің заманның батырлары”, “Тыңдағы толқындар”, “Аққан жұлдыз” романдарының жазылу тарихынан қызықты деректер келтіре отырып, сыншы көркемдік қиял, бейне сомдауға қатысты әдеби тұжырымдар жасайды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ғылыми зерттеулерге кең жол ашылып, фольклор (Ш.Ибраев, Б.Әбілқасымов, Ә.Молдаханов, М.Жармұхамедов, С.Негимов, Б.Рахимов, Ш.Керім, Б.Әзімбаева, Т.Қоңыратбай), әдебиет тарихы (З.Бисенғали, У.Қалижан, С.Дәуітұлы, А.Шәріп, Б.Омаров, А.Жақсылықов), әдебиет теориясы (Т.Есембеков, К.Сыздықов, А.Исмақова, Х.Рүстемова, С.Әшімханова), жанр проблемалары (Ә.Рахымжанов, Т.Сыдықов, Ж.Әбілев, Б.Кәрібаев, Ж.Смағұлов), әдеби байланыс (Н.Сағындықова, М.Маданова, Б.Мамыраев, З.Сейітжанов), әдебиет тарихы (Т.Еңсегенов, Қ.Алпысбаев, А.Еспембетов, А.Егеубай, Б.Әбіғазиев, Р.Тұрысбек), қазіргі әдебиет туралы (Б.Кәрібозов, Қ.Ергөбек, Қ.Әбдезұлы, Б.Ыбрайым, С.Таханов) докторлық диссертациялар қорғалды.

Сонымен азды-көпті талданған, шолу түрінде айтылған, аталған еңбектерден бүгінгі қазақ әдеби ойының жетістіктері мен кемшіліктері жақсы көрінеді. Бүгінде қазақ сыны мен әдебиеттануының сан алуан жанрлық формалары қалыптасты. Олар негізінен мыналар: мақала, рецензия, сұхбат, шоғыр мақала (цикл), әдеби параллель, диалог, сын-библиографиялық очерк, шолу, әдеби портрет, хат формасы, әдеби айтыс (полемика, диспут), теориялық, проблемалық сипаттағы ғылыми пайымдама, монография, оқулық, нұсқалық (хрестоматия), көп томдық зерттеулер.

Тәуелсіздік заманында қалыптасып келе жатқан саяси-қоғамдық ахуалдар әр алуан өмір салаларындағы демократиялық ағымдардың өріс жаюына, ақиқаттың кең айдынға шығып, тереңнен сыр қозғауына тиімді жағдай жасап, келелі мәселелер мен түрлі құбылыстарға жаңа көзқарас туғызып, жаңаша ойлау жүйесін орнықтырып отыр. Бұл істе қоғамның ар-ұждан тұрғысынан тазаруына, тарихи, әлеуметтік жеңісін нығайтуға, адамдардың белсенді азаматтық позициясын күшейтуге жауапкершілін жүгін артар салмақ та жеңіл болмақ емес. Қазіргі әдебиет пен өнер, міне, дәл осы ыңғайда бағаланса керек,

әдебиеттану мен өнертану да осы бағытта ізденуі тиіс. Әдебиет пен өнер, олар туралы ғылымдағы соны міндеттер аз емес.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Әдебиет сыны – әдебиеттану ғылымының бір саласы?
2. Қазақ әдебиеті сынының қалыптасуы тарихы жайлы не білесіз?
3. Қазақ әдебиеті сынының жанр ретінде қалыптасуы қай тұстан басталады?
4. 60-90 жылдардағы әдебиет сынының қалыптасуына үлес қосқан сынышылар мен олардың қандай еңбектерін білесіз?
5. Бүгінгі қазақ әдебиеті сынының даму үдерісі қай дәрежеде?

### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Кәкішұлы Т. «Қазақ әдебиеті сынының тарихы». – А.: 1994.
2. Жүсіпова А. Әдеби сын тарихы. – А.: ҚазҰУ, 2008.
3. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: Сын мақалалар, портреттер, эссе. – А.: Жазушы, 1993.
4. Ергөбек Қ. Қарасөз. – А.: 2014.
5. Елеукенов Ш. Сын және сыншы немесе сынтану ғылымы туралы толғаныс. // Ақиқат, 1998. № 4.

## **8-тақырып: Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиетінің жанрлық тұрғыдан дамуы**

### **Жоспар:**

1. Қазіргі қазақ поэзиясының даму арналары.
2. Қазіргі қазақ әңгіме жанрының өзіне тән ерекшелігі және даму жайы.
3. Қазіргі қазақ романындағы дәуір, тарих және заман мәселесі.
4. Қазіргі қазақ драматургиясы.

**Тірек ұғымдар:** поэзия, проза, жанр, әңгіме, роман, тарих және заман, драматургия, образ және образдылық, ұлттық идея және идеология.

### **Қазіргі қазақ поэзиясының даму арналары.**

Егемендік жағдайындағы халықтың ұлттық сезімін оятушы, сенімділікке үндейтін өлеңдер – бүгінгі әдеби процесте алдыңғы және жетекші жанр болды. Қазір поэзияның жекелеген даму кезеңдерін арқау етіп, талдау жасайтын ғылыми жұмыстар баршылық. Олардың жетістіктері – ғылыми жұмысқа негіз болған белгілі бір кезең ақындар өлеңдерінің құрылымдық жүйесіндегі жаналықтар мен даму үрдістерін дөп басып, тани алғандығында. Ал олардың жұмыстарында кейбір сауал тудырған тұжырымдар жалпы қазақ поэзиясының шешімін күткен мәселелері болып табылады. Қазіргі қазақ өлеңіндегі кейбір тосын, жаңа ырғақтық-интонациялық сипаттардың орын алуын бүгінгі

поэзиядағы мазмұндық-идеялық, тақырыптық ерекшеліктердің ықпалымен түсіндіруге болады. Қазіргі қазақ лирикасында интимдік сырлардың бірінші кезекке шығуын, сонымен қатар субъективті көңіл-күй мен ой-сезімнің поэзия тілінде тереңдікке, нәзіктікке жетіп, жалпылық, объективті мәнге ие болуын қазақ өлеңіндегі бүгінгі түбегейлі мазмұндық-сапалық жаңару тенденциясына жатқызуға болады.

Бұл жөнінде В.Брюсов: «Поэзиядағы өзгеріс – үнемі, тынбай жаңа түр іздеу, адамның ойын, сезімін дәл, терең, әсем бейнелейтін құралдар табу» - дейді де, сол өзгерісті тудырушы құралдар «...тіл, үн, бейне. Ақын соларды жақсы білуге, сезуге, орынды және жарасты қиыстыруға тиісті. Әдебиетке келген әрбір жаңа ақын оған өзімен бірге жаңа сөз, жаңа ырғақ, жаңа бейне ала келеді. Сонымен бірге бұрынғыны өңдейді, ұстартады, ілгерілетеді, дамытады» - деп ғылыми тұжырым жасайды.

Қазіргі қазақ поэзиясы мағыналық, құрылымдық жағынан жаңа бір сипатта дамып келе жатқандай сезіледі. Өлеңнің түрленуі, сөз талғампаздығы, бейнелілік, автордың теңеулері, ақын жеке «меніне» сұрақ қоя білуі, сол арқылы қоғамдағы психологиялық қайшылықтарды ақтара білуін қадап айтуға міндеттіміз. Мұндай жаңалықтар әдебиеттің қай дәуірінде де болған, алайда өлең өрісіндегі ізденістер бір-біріне ұқсамайды. Қазіргі жастар поэзиясының постмодерндік сипатта дамып, өрістеуіне біршама жылдар, ізденістер қажет болды. Қазіргі жастар поэзиясының эстетикалық, ырғақтық түрленуінеаға ақындар Е.Раушанов, Т.Әбдікәкімов, С.Томанов, Г.Салықбай, Н.Мәукенұлы, А.Ыбыраев, Ә.Ботпанов, Б.Үсенов, М.Райымбекұлы үлкен әсер етті.

Қазіргі қазақ поэзиясында ізденіп жүрген Ерлан Жүніс, Тоқтарәлі Таңжарық, Талапбек Тынысбекұлы, Ілияс Мұқаев, Мирас Асан сынды ақындардың өлеңдерін оқып отырғанда көктемнің алмағайып күндеріндей сезім сәттерін, тәтті де сәтті шумақтарға ара-тұра жолығып қалатынымыз көңіл қуантады.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасының көркемдік деңгейін көтеруге Ш.Мұртаза, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Б.Нұржекеұлы, Т.Нұрмағамбетов, Қ.Түменбай, Ә.Тарази сынды қаламгерлер үлес мол. Мысалы, Ш. Мұртазаның шағын жанрды ұмыт қалдырмай, оған өзіндік үлес қосып жүргендігін «Алапар мен Динго», «Бұршақ», «Тәуекел той» сықылды әңгімелері растайды. Қ. Жұмаділовтің «Жалдамалы күйеу», «Жемдеген қырғауылдар», «Құдайдың үйі», «Бір ғана ғұмыр», «Дөңгеленген дүние-ай», «Тіленші» (2000), «Бұқарбайдың бұқасы» (2000), «Ит базары» (2001) секілді әңгімелерінің негізгі өзегі де бүгінгі күннің оқиғалары, кейіпкерлері жаңа заманның адамдары.

Әңгіме жанрына тұрақты түрде араласып жүрген жазушының бірі – Асқар Алтай. Оның «АҚШ консулының тас лақаты», «Лайбаран», «Түсік», «Тараншы Жолбарыстың сатқындығы», «Кентавр» әңгімелерінен мазмұндық, түрлік ізденістер байқалады. Ұлттық танымға ерекше мән беретін жазушының мифке құрылған «Кентавр» әңгімесіндегі Басарыс атты «айғыр кісі» мен «Салбурындағы» тотемдік таным қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістерге мысал бола алады.

Қазіргі роман жанрындағы күрделі шығармаларда халық тағдыры, тарихи кезеңдер шындығын бейнелеуде уақыт тынысы, жеке адамдардың, отбасылардың, әлеуметтік ортаның даралықтары мен өзара байланыстары айқындала түсті. Қазіргі қазақ романдары – қазақ сөз өнері мұраларының бұрынғы және кейінгі көркемдік дәстүрінің жалғасы, сонымен бірге әлем өркениетіндегі әдеби үдерісінің бір арнасы. Қазіргі қазақ романның еңсесін көтеруге І.Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық», Д.Досжановтың «Алаң», С.Досановтың «Қылбұрау», «Ұйық», Т.Ахметжанның «Ақиқат жолы», С.Елубайдың «Ақ боз үй», Ғ.Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал» сынды жазушылардың қосар үлесі мол. Сондай-ақ Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», С.Жұбатырұлының «Абыржы», Қ.Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны», т.б. табиғат – адам – қоғам қарым-қатынастарын әлеуметтік-психологиялық сарынмен жазу ерекшеліктері ғылыми байыпталды.

Қазіргі қазақ драматургиясы – қазақтың XX ғасырдағы классикалық әдебиеті дамуының заңды жалғасы. Қазіргі кезде аға буын жазушыларымыздың ізін жалғастырушы Д. Исабековтің пьесалары да әралуан тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерімен әдебиетіміздің драматургия саласының дамуы қорын молайтты. Драматургтің «Ректордың қабылдау күндері», «Анасын аңсаған қыз», «Ескерткіш операциясы», «Алтын тордағы тоты» («Актриса»), «Ескі үйдегі екі кездесу», «Тор» пьесалары театрлар сахналарында үздіксіз қойылуда. Сұлтанәлі Балғабаев – қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрнекті драматург-қаламгер. Жазушының «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек», «Қыз жиырмаға толғанда», «Қазақша күрес», «Жамбала, Мико және қасқыр», «Біз де ғашық болғанбыз», «Ғашықсыз ғасыр», «Әйелдер әлемі» пьесаларында өмір шындығының сан түрлі мәселелері қамтылған.

Поэзия – ұлы әлем, тылсым күш. Мұңайғанның жүзіне күлкі сыйлатқан, бейқам көңілді тұңғыық ойға шомдырған, ғашық көңілдердің асық жүректерін бір арнаға тоғыстырған не құдірет?... Әрине, ол – поэзия. «Поэзияның асылы әдемілік, әсемдік. Онда оғаштық, кедір-бұдырлық, олпы-солпылық болмашы нәрсе деп есептелмейді, тіпті, кешірілмейді. Өйткені ол көркем шығарманың ажарын түсіреді. Кейде бір ғана жаман шумақ, бір ғана жабайы, қарапайым сөйлем, бір ғана мағынасыз сөз, бір ғана орынсыз қолданылған сөз бүкіл шығарманың және ең тамаша деген шығарманың құнын жойып жібереді», - дейді ұлы сыншы В.Г.Белинский. Бұл қағиданы біздің ақын-жазушыларымыз естерінде мықты ұстауға тиіс.

Абай ата көрсетіп кеткен ұлы жолдың үстімен жүріп, поэзия көгінің айқанат қырандарына айналған қаншама ақын-жазушыларымыз бар: М.Жұмабаев, С.Торайғыров, С.Сейфуллин... бертін келе М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Қ.Мырзалиев, Ф.Оңғарсынова, К.Ахметова, М.Шаханов... Осы аталған ақындардың жыр-жауһарларының куәсі XX ғасыр.

Қазіргі қазақ поэзиясы мағыналық, құрылымдық жағынан жаңа бір сипатта дамып келе жатқандай сезіледі. Осы тұрғыдан қарағанда, бүгінгі тілге тиек, әңгімеге арқау болып отырған тәуелсіздік жылдарының әдебиеті несімен ерекшеленеді, сипаты, идеясы, бағыты мен тұжырымдамасы бар ма деген

сауалдар басын ашып алу керек шығар. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиыншылықтар, қолына қалам ұстағандарды да айналып өтпегені белгілі. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары әдебиетке келген буын өкілдері не жазып, не тындырып жүр деген сияқты сұрақтар өздігінен туындайды. Бұл тұрғыдан қарасақ, қазіргі әдебиеттегі поэзия жанрының орны бөлек.

Тәуелсіздік кезіңіндегі қазақ прозасындағы ұлттық идеяның әлеуметтік талдау пайымымен көркем бейнеленуі жан–жақты сөз болған. Қазіргі қазақ прозасының тақырыптық деңгейі кеңіп, кеңестік жүйе кезіндегі жазбақ түгілі айтуға болмайтын «жабық» тақырыптарға қалам тарту мүмкіндігі туды.

### **Қазіргі қазақ әңгіме жанрының өзіне тән ерекшелігі және даму жайы.**

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік деңгейін көтеруге Ш. Мұртаза, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Б.Нұржекеұлы, Т.Нұрмағамбетов, Қ.Түменбай, Ә.Тарази, Ә.Асқар сынды қаламгерлер үлес қосты.

Ш. Мұртазаның шағын жанрды ұмыт қалдырмай, оған өзіндік үлес қосып жүргендігін «Алапар мен Динго», «Бұршақ», «Тәуекел той» сықылды әңгімелері растайды. «Тәуекел той» әңгімесінің атының өзі айтып тұрғанындай, шығармаға қазіргі замандағы бәсеке тойы арқау болған. Бақталастық пен күндестіктің шегінен асқынғандығы сонша той десе жанын салатын қазақ бүгінде дәстүрлі тойларды жоғалтып, тойдың өзін бәсекеге айналдыра бастады. Даңқ пен дақпыртқа мастанған жандардың өзгеден асып түсу мақсатында тойдан кейін қарызға белшесінен батып жатуы бүгінгі күннің шындығы.

Қ.Жұмаділовтің «Жалдамалы күйеу», «Жемдеген қырғауылдар», «Кұдайдың үйі», «Бір ғана ғұмыр», «Дөңгеленген дүние-ай», «Тіленші» (2000), «Бұқарбайдың бұқасы» (2000), «Ит базары» (2001) секілді әңгімелерінің негізгі өзегі де бүгінгі күннің оқиғалары, кейіпкерлері жаңа заманның адамдары. «Жалдамалы күйеудегі» (инженер) Баймырзаның өз бала-шағасын тастап, басқа бір бай әйелге (Айсұлу) кетіп қалуы өмірден алынған шындық. Шағын әңгімелерінде ауыл өмірінің көркем суреттерін жасаған Т. Нұрмағамбетовтің тәуелсіздік тұсында жазылған «Анасын сағынған бала» әңгімесі тоқсаныншы жылдардағы өмір шындығына негізделген. Шаруашылықтар тарап, ауылдағы ер азаматтардың бәрі жұмыссыз қалған тұста бала-шағаны асырау қамымен әйел-аналардың ала қапты арқалап қалаға ағылғаны белгілі. Қала кезген ана мен ауылда қалып, Алматыдан келген Есмағамбеттен анасының хабарын күткен Сержанның үш күндік әңгімесімен сол тұстағы ауылдың қайғылы халі көркем бейнеленген.

Қазақ әдебиеті дамуының желісінде әдеби тек жанрларының жаппай дамуы ХХ ғасырда өрістеді. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі әдеби тек (эпос, лирика, драма) жанрлары әлем әдебиетінің классикалық деңгейіндегі туындылар болып саналады. Қазіргі қазақ әдебиетінің дамуында ұлт тарихының ежелгі замандардан қазіргі кезеңге дейінгі аралығында бұрын кең түрде қамтылмаған ақтаңдақ беттерін толық қамтып жазу үрдісі кеңінен өрістеуде. Сонымен бірге, көркем шығарманың мазмұны мен пішінде бұрынғыдай саяси-идеологиялық

қатаң бақылауға, шектеуге жалтақтап жазудан да арылған хал-ахуал қалыптаса бастады.

### **Қазіргі қазақ романындағы дәуір, тарих және заман мәселесі.**

Әдебиеттану ғылымының зерттеулеріне тақырып нысаны болып келе жатқан роман жанрындағы шығармалар сөз өнері үдерісіндегі өзектілігімен ерекшеленеді. Роман – адам тағдырын кең тынысты көркем шындықпен суреттейтін эпикалық туынды. Қазіргі қазақ романы әлем әдебиеті дамуы үдерісіндегі классикалық үлгілермен сабақтаса, үндесе дамуы жолында жанрлық сипатын жетілдіру бағытын үздіксіз жалғастыруда. Қазақ әдебиетіндегі роман жанрының классикалық түрлері (тұрмыстық-әлеуметтік роман, деректі роман, мемуарлық роман, тарихи роман, философиялық роман, публицистикалық роман, детективті роман, психологиялық роман, т.б.) де әдеби үдерістегі эстетикалық тағылымымен танылуда. Бұл орайда қазіргі қазақ әдебиетіне қосылып жатқан жаңа романдардың романтизм мен реализм көркемдік әдістерімен жазылу ұстанымдарының айқын екендігін айта аламыз. Қазіргі қазақ прозасының романдары – ұлттық және жалпы әлемдік әдеби үдеріс қозғалысы жүйесіндегі шығармалық еңбек нәтижелері. Қазақ тарихының кезеңдерін қамтыған алдыңғы толқын жазушылар ізімен кесек туындылар жазған кейінгі толқын қаламгерлер шоғыры қазіргі қазақ оқырмандарының ұлттық-тарихи санасын оятуға, жаңаша қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Бұл орайда, І.Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық», Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы (роман-хамса)», С.Елубайдың «Ақ боз үй» (роман-трилогия), Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы», С.Жұбатырұлының «Абыржы», Т.Ахметжанның «Ақиқат жолы», М.Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы», Ғ.Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжал», С.Досановтың «Қылбұрау», «Ұйық», Қ.Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны», т.б. романдарын ерекше айтуға болады.

### **Қазіргі қазақ драматургиясы.**

Қазіргі қазақ драматургиясы – қазақтың ХХ ғасырдағы классикалық әдебиеті дамуының заңды жалғасы. Драматургия – көркем әдеби тек (драма, трагедия, комедия) жанрларының өнернамалық жүйесі. Қазақ сөз өнеріндегі дәстүрлі негізі әдебиет шығармалары мен фольклор мұраларында (би-шешендер сайыстары, ақындар айтыстары, жар-жар, беташар, алтыбақан, т.б.) негізі қаланған ұлттық сөз өнерінің бұл саласы қазақтың рухани мәдениетінің әлем өркениетіндегі көрнекті орнын да танытты. Драматургия шығармалары қаламгерлердің тарихи кезеңдердегі халық тағдырын көркем шындық поэтикасы заңдылықтары аясында бейнелеуімен ерекшеленеді. Драматургия туындылары (пьесалар, спектакльдер, либреттолар) арқылы әдеби тек саласы драма жанрларының (драма, трагедия, комедия) теориялық ерекшеліктері саралана айқындалады. Драматургия ұғымының аясында театр сахналарындағы туындылар мен деректі, ғылыми-фантастикалық, көркем фильмдердің де қойылымдық-режиссуралық көркемдік шешім ерекшеліктері айқындалады.

Қазақ драматургиясы – әлем өркениетіндегі классикалық жанрлар үлгілерімен үндес туындыларымен өзіндік даму белестерінен өтіп келеді. ХХ ғасырдың басындағы қазақ драматургиясы К.Тоғысовтың «Надандық құрбаны» (1915), Ж.Аймауытовтың «Рәбиға», «Ескерту», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар», «Қанапия мен Шәрбану», «Шернияз», Қошмұхаммед (Қошке) Кемеңгеровтің «Алтын сақина», «Парашылдар», «Ескі оқу», М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Ел ағасы», «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз», «Абай», «Хан Кене», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Айман-Шолпан», «Тас түлек», «Шекарада», «Түнгі сарын», «Сын сағатта», «Намыс гвардиясы» (Ә.Әбішевпен бірігіп жазған), С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», «Бақыт жолына», Б.Майлиннің «Шаншар молда», «Ел мектебі», «Неке қияр», «Айша», «Сәлде», «Көзілдірік», «Майдан», «Аманкелді» (Ғ. Мүсіреповпен бірігіп жазған), І.Жансүгіровтің «Кек», «Түрксіб», «Біздің жігіттер», «Исатай-Махамбет», С.Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов», «Күрес күндерінде», Ғ.Мүсіреповтің «Аманкелді» (Б. Майлинмен бірігіп жазған), «Ақан сері – Ақтоқты», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» операсының либреттосы т.б. көрнекті драматург-қаламгерлердің, Ә.Тәжібаев, Ә.Әбішев, М.Ақынжанов, т.б.) пьесалары-спектакльдері ұлттық әдебиет пен театр өнерін дамытуға мол үлес қосты.

Қазақ драматургиясының жаңа толқын қаламгерлермен толығы кезеңі – ХХ ғасырдың 60-70 жылдары. Бұл кезеңдегі қазақ драматургиясына қосылған қаламгерлер Қалтай Мұхамеджанов, Қанабек Байсейітов, Қуандық Шаңғытбаев, Тахауи Ахтанов, Сәкен Жүнісов, Әкім Тарази (Әкім Әшімов), бұлармен ілесе Әбіш Кекілбаев, Оралхан Бөкеев, Қалихан Ысқақов, Баққожа Мұқаев, Оразбек Бодықов, Дулат Исабеков, Асқар Сүлейменов, Софы Сматаев, Төлен Әбдіков, Нұрлан Оразалин, Иранбек Оразбаев, Сұлтанәлі Балғабаев, Жолтай Әлмашұлы, Роза Мұқанова, т.б. қаламгерлер қазақ драматургиясының көркемдік-эстетикалық қазынасын байыта түсті.

Бүгінгі күнде драматургияның шарттарына сай түрде жазылған мынадай туындыларды атауға болады: Қалихан Ысқақовтың «Қараша қаздар қайтқанда», «Таңғы жаңғырық», «Есеней – Ұлпан», «Жан қимақ», «Сабатаж!», «Қылкөпір», «Мазар», «Ерліктің екі сағаты», «Апатай», «Жәке-Жәкетай», «Сайқының тұқымдары», «Қазақтар» (Шахимарденмен бірлесіп жазған) барлығы жиырмаға жуық пьесасы бар.

Дулат Исабековтің пьесалары да әралуан тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерімен әдебиетіміздің драматургия саласының дамуы қорын молайтты. Драматургтің «Ректордың қабылдау күндері» (1975), «Әпке» (1982), «Ертеңді күту» (1979), «Мұрагерлер» (1982), «Алыстан келген ананас» (1984), «Кішкентай ауыл» (1986), «Анасын аңсаған қыз», «Ескерткіш операциясы», «Алтын тордағы топты» («Актриса»), «Ескі үйдегі екі кездесу», «Тор» пьесалары театрлар сахналарында үздіксіз қойылуда. Қаламгердің «Жеті желкен» (1987) атты таңдаулы пьесалар жинағы жарық көрген.

Иранбек Оразбаевтың (Иранғайып) «Хайуандық комедия», «Алтын адам», «Естайдың Қорланы», «Қорқыттың көрі», «Махамбет», «Мауглидің оралуы», «Шоқан», «Мен ішпеген у бар ма?..», «Былыққа батқан қала» пьесалары бар.

Нұрлан Оразалиннің «Шырақ жанған түн», «Тас киіктер», «Ақ құс туралы аңыз», «Қара қазан ғасыры» пьесалары оның ақындық сыршылдығы ықпалындағы лирикалық, психологиялық сарындылығымен ерекшеленеді.

Сұлтанәлі Балғабаев – қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрнекті драматург-қаламгер. Жазушының «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек», «Қыз жиырмаға толғанда», «Қазақша күрес», «Жамбала, Мико және қасқыр», «Біз де ғашық болғанбыз», «Ғашықсыз ғасыр», «Әйелдер әлемі» пьесаларында өмір шындығының сан түрлі мәселелері камтылған.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Қазіргі қазақ поэзиясының өзіндік ерекшеліктері неде?
2. Жаңа басқыштағы қандай поэзиялық туындыларды білесіз?
3. Тәуелсіздік жылдардағы ақындар шығармашылығының қандай өзіндік ерекшелігі бар?
4. Роман дегеніміз не?
5. Қазіргі қазақ әңгіме жанрының тақырыбы мен идеясы?
6. Қазіргі қазақ романдарының өзіне тән ерекшеліктері?

### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Бектаев А., Турткулбаева Т. Қазіргі әдеби процесс. – Т.: ТДПУ, 2013.
2. Омаров І. Әдеби толғамдар. – А.: 1996.
3. Мақпыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994.
4. Ахметов З. Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - А.: 1997.



## IV. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МАЗМҰНЫ

### 1-практикалық жаттығу: Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің даму бағыттары

**1-тапсырма:** ХХІ ғасырдағы лингвистикалық зерттеулердің жаңаша бағыттары, сөз экологиясының қалыптасуы. Лингвоэкологияда қарастырылатын мәселелердің бірі – тілдік ортаның сөз тазалығы. *Дөрекі, былапыт, боқтық* сөздер – қоғамның, жеке адамның рухани саламаттылығына зиянын тигізетін дерттің бірі екендігі. жайлы мәлімет топтаңыз.

**2-тапсырма:** Қазіргі ғылыми-техникалық дамудың жеке адам мен қоғамдық санаға ықпал-әсері. Әлемдік әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістердің мәні мен маңызы, бағдары мен бағыттары туралы жазылған еңбегермен танысып, талдау жүргізіңіз.

#### Бақылау сұрақтары:

1. Сөзтану – тіл ғылымының бір саласы екендігі?
2. Әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы жаңа мәселелер?
3. Модернизм ұғымындағы әдебиетке жататын экспрессионизм, символизм, футуризм, сюрреализм, абстракционизм туралы не білесіздер?

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2011.
2. Маманов, Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007.
3. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Өлке, 2010.
4. Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. – Алматы: Арыс, 2009.
5. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. – Қарағанды: «Аркон», 2008.
6. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана: Елорда, 2007.

### 2-практикалық жаттығу: Қазақ тілінің теориялық мәселеріне жаңаша жандасулар.


**1-тапсырма:** Мәтін лингвистикасының тіл біліміндегі жаңа бағыт ретінде өзіне тән ұғымдары, ұстанымдары, әдіс-тәсілдері бар.

дәстүрлі тіл білімінің (құрылымдылық парадигма)	жаңашыл тіл білімінің (антропоцентрикалық парадигма)	ғылыми-ізеністік қатынастарының
---	--	---------------------------------

--	--	--

**2-тапсырма:** Мәтінді зерттеу тарихында 1960 жылдары семантикалық-құрылымдылық концепция да пайда болды. Бұл концепция негізінде мәтіннің үш мәселесі бірігіп зерттелетін болды: семантикасы, стилистикасы, құрылымы. 1980 жылдардан бастап мәтін зерттеудің жаңа кезеңі басталды. Бұл кезде мәтінді күрделі көп деңгейлі (я көпсалаласы) құрылым деп түсіне бастады. Мәтін зерттеудің жаңа бағыттары пайда болды. Мәтіннің жалпы лингвистикасы пайда болды. Осы тұрғыдан мәлімет топтаңыз.

**3-тапсырма:** Тілдің коммуникативтің қызметі әр түрлі болады: тілдесімді (ауызекі, жазбаша), оның вербальды, бейвербальды көрсеткіштері болады. Бұл көрсеткіштерді ұқсас және ерекшеліктерін «Венн диаграммасы» әдісі арқылы ажаратып берең?



**Бақылау сұрақтары:**

1. Мәтін дегеніміз не?
2. Мәтін лингвистикасының қандай бағыттары бар?
3. Мәтін және коммуникация туралы не айталасыз?
4. Мәтінді зерттеудің дискурсивтік жолы туралы ой толғаңыз?

**Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2011.
2. Маманов, Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: Арыс, 2007.
3. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. –Алматы: Өлке, 2010.


**3-практикалық жаттығу: Қазақ тілін оқытуда заманауи жандасулар: тілді коммуникативті және компетенциялық жандасулар негізінде оқыту.**

### 1-тапсырма.

Компетенция бұл - .....

Профессионализм бұл - .....

Төмендегі сызбадағы компетенция мен профессионализм ұғымдардың ерекшеліктері туралы ой толғау.



**2-тапсырма.** Әдебиет сабақтарында оқушылардың жазбаша тілін дамыту мақсатында өтілген тақырып бойынша “**Мен ұнатқан кейіпкер, .....**” психологиялық-коммуникативтік тренинг өткізу. Бүгінгі күнде адам тағдыры, оның болашағы алған білімі мен сауаттылығына байланысты болу мүмкін. Қазіргі дәуірде ақпарат коммуникациялық технологиялардың заманы болғандықтан сауаттылықты асыру мәселесі екі есе өсті. Сондықтан қазақ әдебиет пәндерінде осы тәрізді тренингдер өткізілсе мақсатқа сай болар еді.

*Немесе*

*“Мен сізге мына кітапты беремін, себебі.....”*

#### Бақылау сұрақтары:


1. Компетенция дегеніміз не?
2. Жоғары оқу орындарында студенттердің ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптар?
2. Қазақ әдебиеті пәнінде оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамыту бойынша қандай жұмыстарды ұйымдастырған жөн деп ойлайсыз?

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Т.: Өзбекстан, 2003.
2. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – А.: Білім, 2009.
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – А.: Рауан, 2007.
4. Қалдыбаев Т. Әдебиет сабақтарында тіл ұстарту. – Т.: Өзбекстан, 1999.


#### 4-практикалық жаттығу: Қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқытуда инновациялық технологиялар

**1-тапсырма:** Қазақ тілі сабақтарында педагогикалық технологиялардың мүмкіндіктері мен кемшіліктерін «SWOT» әдісі арқылы түсіндіріңіз.



**2-тапсырма. Қазақ әдебиет тарихы сабақтарында инновациялық технологияларды пайдалану.** Лирикалық, эпикалық шығармаларды оқытуда «Ақыл картасы», «Екі жақты күнделік стратегиясы», «Панораμμα», «ПСМҚ» т.б. интербелсенді әдістерден пайдалану.

**Қазақ әдебиет сабақтарында өтілетін тақырыптарды тараулар бойынша “Ақыл картасы” кестесіне толтырыңыз.**



**С.Торайғыровтың “Бір адамға” өлеңін “Екі жақты күнделік стратегиясы” әдісі арқылы талдау жүргізіңіз?**

Өлеңнен өзіңізге әсер еткен шумақты жазыңыз	Шумақтың мән-мазмұнын айтып береңіз	Шумаққа мақал-мәтел немесе қанатты сөздермен қорытынды жасаңыз

### Бақылау сұрақтары:

1. Педагогикалық технология дегеніміз не?
2. Қандай интербелсенді әдістерді белесіз?
3. Қазақ тілі сабақтарында “Сөз таптары” тақырыбы бойынша “Кластер” әдісін жасаңыз?
4. Әдебиет сабақтарында көркем шығарманы талдауда “Паннорама” әдісінен пайдаланыңыз?

### Әдебиеттер тізімі:

1. Толипов Ы., Усмонбоева М. Педагогик технологияларнинг татбиқий асослари. – Т.: Фан, 2006.
2. Толипов Ы.Қ., Усмонбоева М. Педагогик технология: назария ва амалиёт. – Т.: “Фан”, 2005.
3. Бітібаева Қ. Қазақ әдебитін тереңдетіп оқытуда инновациялық әдістемесі және технологиясы. Бірінші. – А.: Дәуір-Кітап, 2012.
4. Бітібаева Қ. Қазақ әдебитін тереңдетіп оқытуда инновациялық әдістемесі және технологиясы. Екінші. – А.: Дәуір-Кітап, 2012.

### 5-практикалық жаттығу: Қазақ әдебиеті сынының бүгінгі күй-жайы

**1-тапсырма.** Қазақ сыны тарихына қатысты еңбектерді хронологиялық жағынан қарастыра отырып, олардың эстетикалық-әлеуметтік, әдеби-теориялық мазмұнына сипаттама жасаңыз.

№	Автордың аты-жөні	Кітаптың аты, баспасы, жылы	Кітапқа қысқаша сипаттама
1			
2			
3			

**2-тапсырма:** Кәсіби сынның, сыншылдық шеберліктің өсу және толысу жолдарын осы тұрғыдан жазылған еңбектерді талдау арқылы дәлелдеңіз.

1. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: Сын мақалалар, портреттер, эссе. – Алматы: Жазушы, 1993.

2. Қ.Ергөбек Қарасөз. – Алматы: 2014.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Қазақ әдебиеті сынының жанр ретінде қалыптасуына кімдер үлес қосты?
4. 60-90 жылдардағы әдебиет сыны бойынша қандай еңбектер жарық көрді?
5. Бүгінгі қазақ әдебиеті сынының даму үдерісі қай дәрежеде?

#### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Кәкішұлы Т. «Қазақ әдебиеті сынының тарихы». – А.: 1994.
2. Жүсіпова А. Әдеби сын тарихы. – А.: ҚазҰУ, 2008.
3. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: Сын мақалалар, портреттер, эссе. – А.: Жазушы, 1993.
4. Ергөбек Қ. Қарасөз. – А.: 2014.
5. Елеукенов Ш. Сын және сыншы немесе сынтану ғылымы туралы толғаныс. // Ақиқат, 1998. № 4.

### **6-практикалық жаттығу: Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиетінің жанрлық тұрғыдан дамуы**

**1-тапсырма:** Әдебиеттің тектері мен түрлерін төмендегі кесте бойынша толтырыңыз?



**2-тапсырма:** Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің жанрлық тұрғыдан дамуына үлес қосқан қандай еңбектер жарыланған. Мәлімет топтау және көркемдік тұрғыдан талдау жүргізу.



### Бақылау сұрақтары:

1. Қазіргі қазақ поэзиясының өзіндік ерекшеліктері неде?
2. Қазіргі қазақ әңгімелерінің тақырыбы мен идеясы неде?
3. Қазіргі қазақ романдарының өзіне тән ерекшеліктері?
4. Тәуелсіздіктен кейін жарияланған драмалардағы негізгі көтерілген мәселелер неден тұрады

### Әдебиеттер тізімі:

1. Бектаев А., Турткулбаева Т. Қазіргі әдеби процесс. – Т.: ТДПУ, 2013.
2. Омаров І. Әдеби толғамдар. – А.: 1996.
3. Мақпыров С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. – Алматы, 1994.
4. Ахметов З. Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - А.: 1997.

## V. ОҚУ МОДУЛІ БОЙЫНША КЕЙС ҮЛГІСІ

Оқытудың интерактивті әдісі ретінде кейс студенттер тарапынан қолдау табуда: олар мұнда оқу материалының теориялық ережелерін меңгеру мен практикалық игеруді қамтамасыз ететін ойынды көреді. Сонымен қатар, жағдайды анализ жасау студенттердің кәсіби жетілуіне өте күшті әсер етеді, олардың есеюіне әкеледі, олардың сабаққа деген қызығушылығы мен оң көзқарасын қалыптастырады.

Кейс-әдісі оқытушының ойлауын бейнесі ретінде көрініс табады, оның басқаша ойлау мен әрекет жасауына, өз шығармашылық күш -жігерін жаңартуға әсер ететін ерекше парадигмасы. Бұл жерде негізгі мәселелер оқу барысын кең түрде демократияландыру мен түрлендіру, оқытушылардың еркіндігі, олардың прогрессивті ойлау стилін, педагогикалық қызметінің этикасы мен мотивациясын қалыптастыру ретінде көрініс табады.

### Кейс-стади туралы түсінік



Кейс-стади ағылшынша case - анық жағдай, stadi – оқу сөздерінің тіркесінен жасалған болып, анық жағдайларды үйрену талқылау және нәтижелерге қол жеткізуге негізделген оқыту әдісі. Бұл әдіс проблемалы оқыту түрінен айырмашылығы реал оқиғаларды үйрену негізінде анық қаулылар қабылдауға негізделеді. Егер ол оқу процесінде белгілі бір мақсатқа жету жолы ретінде қолданылса, әдіс характеріне ие болады, белгілі бір процесі талқылауда басқыша-басқыш, алгоритм негізінде іс асырылса технология тұрғысынан көрініс табады.

### Кейс типологиясы

Типологиялық түрлері	Кейс түрлері
Негізгі материалдар	1. Тікелей объекте алып барылатын 2. Оқу процесіндегі 3. Ғылыми-зерттеу еңбектерінде
Сюжет	1. Сюжетті 2. Сюжетсіз
Жағдайдың баяндалу уақытының бірлілігі	1. Өткен мен бүгінгі күнді байланыстыру негізіндегі кейстер 2. Бұрын болып өткен оқиғаларға негізделген кейс 3. Болашаққа бағытталған кейс
Кейс нысаны	1. Жек объектке бағытталған 2. Көп объектке бағытталған
Материалды ұсыну әдістері	1. Әңгіме 2. Эссе 3. Есеб 5. Очерк 7. Фактілер кешені 8. Статистикалық материалдар кешені



## Кейс типологиясы

Типологиялық белгілері	Кейс түрі
Көлемі	1. Қысқа 2. Орта көлемді 3. Ауқымды
Структуралық өзіндік ерекшеліктері	1. Анық структураға не болған 2. Анық структураға не болмаған
Оқу тапсырмаларын ұсыну әдісі	1. Сұрақтар 2. Тапсырма көрінісінде
Дидактикалық мақсаты	1. Проблема, шешім немесе концепцияны талқылау 2. Белгілі бір тақырыпқа байланысты тренинг жаттығуына байланысты 3. Анализ және бағалауға байланысты 4. Проблеманы табу және шешу, басқаруға тиісті қаулылар қабылдауға үйрету
Ұсыну әдісіне қарай	1. Баспа 2. Электронды 3. Видео-кейс 4. Аудио-кейс 5. Мультимедиа-кейс

## Кейсті амалға асыру басқыштары:



Кейс бірыңғай ақпараттық кешен болғандықтан, ол үш түрлі бөлімнен тұрады:

- 1) кейс дайындау бөлімі
- 2) нақты жағдаяттар бөлімі
- 3) кейске кіретін қосымша тапсырмалар.

Мектеп оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда кейс мынадай кезеңдер бойынша дайындалды.

1-кезең. Мектеп оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың мақсатын айқындау.

2-кезең. Кейсті түзуге материалдар жинау. Сыныптағы оқушылар саны және олардың қазақ тілі пәнінен білім деңгейлері мен сөздік қорының көрсеткіші;

3-кезең. Мектеп оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды жинақтау;

4-кезең. Сабақтың қай кезеңінде кіргізуге болатынын болжау;

5-кезең. Оқушылардың күтілетін нәтижені болжау;

6-кезең. Нәтижеге қол жеткізу үшін кейсте кемшіліктерді жою.

7-кезең. Мектеп оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды қазақ тілі сабағына енгізу.

### ***1 – үлгі-сабақ.***

1) презентация – мұғалім оқушылардың барлығына бірдей сабақтың мақсатына қарай белгілі бір проблема қояды. Осы проблеманы түсіндіреді.

2) Ұстанымы – оқушылар мұғалім түсіндірген проблема бойынша өз пікірлерін дәптерлеріне жазады. Әрбір оқушы өз идеяларын жеке жазып, басқа оқушылардан көшірмейді. Оқушылардың жазған ұстанымдары кейінірек проблеманы топ болып талқылағанда қажет болады.

3) Проблеманы талқылау – оқушылар проблеманы топ ішінде талқылап, дұрыс шешім шығарады. Топ ішінде оқушылар бір-біріне үйретеді, үйренеді.

4) шешім шығару – топ ішінде қабылданған шешімді басқа топтарға айтып, өзінің пікірін дәлелдеу. Басқа топтарда айтылған пікірге өз көзқарастарын білдіреді. Мысалы, мұғалім оқушыларға мынадай мазмұнда мәтінді тақтаға жазады:

### **«Бұлақ»**

Біздің ауылдың маңында бұлақ ағып жатыр. Бұлақтың суы лас,лай. Бұлақ бірнеше жылдан бері қараусыз қалған. Жан-жағына шөптер өсіп кеткен. Бұлақтың суын ауыл тұрғындары пайдаланбайды.

Мұғалім мәтінді оқып, оқушыларға мынадай проблеманы шешуді ұсынды.

Шешілетін проблема: Бұлақтың суы қандай болуы керек.

Оқушылар проблеманы шешуге топ болып кірісті. Әрбір топ өздерінің көзқарастарын ортаға салды.

Бірінші топтың оқушылары мынадай мазмұнда мәтін құрастырды:

Біздің ауылдың маңында бұлақ бар. Бұлақтың суы мөлдір, таза болуы керек. Ауыл адамдары бұлақты үнемі күтіп, таза ұстайды.

Екінші топтың оқушылары: Бұлақты үнемі тазалау қажет. Сонда оның суы таза болады. Бұлақтың суымен адамдар шөлін қандырады.

Үшінші топтың оқушылары: Бұлақ көрсең – көзін аш деген бар. Балалар, үлкендер үнемі бұлақты тазалап ұстауы керек. Бұлақтың суы қыста жылы, жазда салқын болады.

Кейс технологиясының ұтымдылығы төмендегідей:

- оқушылар өзара пікірталастыруға, өзінің пікірін дәлелді құруға дағдыланды;

- топ ішінде белсенді тілдік қатынас орнады;

- проблеманы өздігінен шешуге ұмтылды, шығармашылық жұмыстарды орындауға үйренді;

- тапсырмада берілген сұрақтарға жауап іздеп, өзіндік пікір айтуға дағдыланды;

- ауызша сөйлеу дағдылары жетіліп, мәтін құрастыру біліктері дамыды.

## VI. ӨЗІНДІК БІЛІМДІ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Өзіндік білімді ұйымдастыруда әр бір тыңдаушы өзінше меңгеруі мен қабілетін есепке ала отырып төмендегі формалардан пайдалануға болады: 1) кейбір теориялық тақырыптарды оқу әдебиеттер көмегеніде үйрену; 2) берілген тақырып бойынша реферат дайындау және қоғрау; 3) шығарма, мақала дайындау.

### **Өзіндік білім тақырыптары:**

1. Инновациялық технологиялардың білім беру жүйесіндегі орны.
2. Қазақ тілі сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану ерекшеліктері.
3. Дәстүрлі және дәстүрлі емес сабақ үлгілері.
4. Қазақ тілі сабақтарында интербелсенді әдістерді қолдану
5. Қазақ әдебиеті тарихы сабақтарында проблемалы оқыту түрінен пайдалану
6. Педагогикалық технология бойынша бір сағаттық сабақ жоспары үлгісін жасау.
7. Қазақ тілі сабақтарында дамыта оқыту түрінен пайдалану.
8. Педагогикалық технология және оның білім сапасын арттырудағы орны.
9. Өзбекстан Республикасы білім беру системасындағы реформалар.
10. Интербелсенді әдістер және оны сабақ процесінде тиімді қолдану жолдары.
11. Кейс-стади технологиясы.
12. Қазақ тілі сабақтарында “Блиц-ойын” әдісінен пайдалану.
13. Қазақ әдебиеті тарихы сабағында оқушылардың ауызша тілін дамытуға компетенциялық жандасу.
14. Қазақ әдебиеті тарихы сабақтарында оқушылардың жазбаша тілін дамытуға компетенциялық жандасу.
15. Жалпы орта білім беретін мектептің оқу бағдарламасы және оқулықтарын талқылау.
16. Жалпы орта білім беретін мектеп оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін есепке алу.
17. Әдебиет сабақтарында АКТдан пайдалану жолдары.
18. Көрекем шығарманы лингвистикалық талдау жолдары.
20. Тілді оқытуда компетенциялық жандасу.
21. Заманауи сабақ үлгілері.
22. Заманауи оқытушы моделі.
23. Әдебиет сабақтарында кейс үлгісін жасау.
24. Педагогикалық технология туралы түсінік. Жаңа педагогикалық технологияның қалыптасу және даму тарихы.
25. Қазақ тілі және әдебиеті пәнінен «технологиялық карта» бойынша бір сағаттық сабақ жоспарының конспектісін түзу.
26. Қазақ әдебиеті тарихы сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

## VII. ГЛОСАРИЙ

<b>Методология</b> <b>Methodology</b>	зерттеу, әдіс, ілім деген сөздерден алынған термин	term derived from the term "study", "learning" and "teaching"
<b>Технология</b> <b>Technology</b>	білімдік ақпараттарды толықтырып, өңдеп, өзгертіп ұсынудың әдістері мен құралдарының жиынтығын, қажетті құралдарды оқу үрдісінде тиімді пайдалана отырып, оқушыларға жеткізе білудің тәсілдері туралы ғылым.	the science of methods and tools for completing, modifying and modifying educational information, ways to effectively communicate the necessary tools with students in the learning process.
<b>Инновация</b> <b>Innovation</b>	Инновация - жаңаша ойлаудың жолы болғандықтан, оқытудың жаңа мазмұндағы түрі.	Innovation - this is the new content that is new to the newest.
<b>Инновациялық әдістеме</b> <b>Innovative methodology</b>	инновациялық әдіс-тәсілдер мен дидактикалық құралдарды қолдану арқылы білім негіздерін меңгертудің сипатын жаңа технологиялармен толтыруға, өзгертуге бағытталған.	innovative methods and the use of didactic tools for learning the latest technologies.
<b>Аударма</b> <b>transfer</b>	әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге көшіріліп қайта жасалуы.	Reproduction and reproduction of literary works from one language to another.
<b>Әдебиет теориясы</b> <b>Theory of Literature</b>	әдеби шығарманың табиғаты мен қоғамдық қызметін зерттейтін және оны талдаудың методологиясы мен	is one of the main branches of science in literature, which determines the methodology and methodology of studying

	методикасын айқындайтын әдебиет жөніндегі ғылымның негізгі салаларының бірі.	the nature and social activity of literary art and its analysis.
<b>Дидактикалық әдебиет</b> <b>Didactic literature</b>	(грек тілінен үлгілі, өнегелі, ғибратты) ғылыми-танымдық сипатта түзілген көркем шығармалар.	(exemplary, Greek, exemplary), literary works of science and cognitive character.
<b>Идея</b> <b>Idea</b>	әдебиет шығармасында өмірдегі жай-жағдайлар, адам тағдыры баяндалғанда, суреттелгенде жазушының сөз болып отырған мәселелерге қатынасы, көзқарасы	The literature describes the situation in human life, the description of human destiny, the attitude and attitude of the writer to the problem
<b>Кейіптеу</b> (олицетворение) <b>impersonation</b>	әр түрлі табиғат құбылыстарына, жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп немесе қалайда жан бітіргендей етіп суреттейтін көркемдік тәсіл.	an artistic approach illustrating various natural phenomena, lifeless objects or figuratively animated.
<b>Меңзеу</b> (синекдоха) <b>synecdoche</b>	аз бен көпті, үлкен мен кішіні ауыстырып, немесе, бүтіннің орнына бөлшекті айту, жекеше ұғымның орнына көпше ұғымды алу, алмастыру.	small or large, large or large, or, instead of the whole, say this subject, replace the concept of the plural, replace the concept of the plural.
<b>Пейзаж</b> <b>Landscape</b>	(франц. – ел, жер) - әдеби шығармадағы жаратылыстың, яки табиғаттың әсем көрінісі, көркем бейнесі.	a beautiful image of nature or nature in the creative arts.
<b>Повесть</b> <b>The Tale</b>	(орыс тілінен баяндау) – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін қарасөзбен	A versatile composition based on a story story, an average epic genre

	жазылған, көлемді шығарма, эпикалық жанрдың орташа түрі.	
<b>Портрет Portrait</b>	(француз тілінен бейнеленген ) - әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу.	Describe the appearance of a literary hero, his appearance, his personality.
<b>Интонация дегеніміз Intonation</b>	сөйлеу сазы. Ол сөйлеудің ритмі мен үнін, дауыстың бірде жоғарылап, бірде төмендеуін білдіреді. Интонация мына элементтерден тұрады: өз бен ой екпіні, сөйлеу қарқыны, ритмі (ырғағы), пауза (кідіріс), сазы.	to sing music. It means that the rhythm and tonight, humility, or glimmering.
<b>Жанр Genre</b>	әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары.	some virtuosity of literary works, vetwi profitable literary works
<b>Әдеби процесс Literary Process</b>	бұл белгілі бір дәуірде, сонымен қатар, ұлттар мен елдердің, аймақтардың, әлемнің күллі тарихи кезеңдерінде өмір сүріп келе жатқан әдебиеттің тарихи заңды қозғалысы.	This is a legitimate statutory movement in the definition of the epoch, as well as nationalities and countries, regions and literatures all over the world.

## VIII. ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. (Вопросы казахского языкознания). – А. Арыс, 2008. – 618-б. 45,0 б.т.
2. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. (Вопросы казахского языкознания). – А. Арыс, 2008. – 587-б. 60,0 б.т.
3. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. (Вопросы казахского языкознания). – А. Арыс, 2008. – 482-б. 40,0 б.т.
4. Мусабаяев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. (Вопросы казахского языкознания). – А. Арыс, 2008. – 469-б. 42,25 б.т.
5. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – А.: Ан Арыс, 2006.
6. Джусупов М., Ибраймов Қ. Ахмет Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика. – А.: Әлем, 2015. – 231-б. 13,5 б.т.
7. Бектұров Ш.К. Қазақ тілі: фонетика, лексика, морфология, синтаксис. – А.: «Атамұра», 2006.
8. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А.: Абзал-ай, 2014.
9. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. – А.: Білім, 1997.
10. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – А.: Санат, 2007.
11. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. – Қ.: Рауан, 1998.
12. Сүйіншіалиев Х. Қазақ әдебиеті тарихы. – А.: Санат, 1997.
13. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық методикасы және технологиясы. Бірінші кітап. – А.: Дәуір-Кітап, 2012.
14. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық методикасы және технологиясы. Екінші кітап. – А.: Дәуір-Кітап, 2012.
15. Инновацион тағлым технологиялары /Муслимов Н.А., Усмонбоева М.Х., Сайфуров Д.М., Тұраев А.Б. – Т.: “Сано стандарт” нашриёти, 2015. – 81-б.
16. Муслимов Н.А. Бұлажак касб тағлими ўқитувчиларини касбий шакллантириш /Монография. – Т.: Фан, 2004.
17. Муслимов Н.А., ва бошқалар. Касб тағлими ўқитувчиларининг касбий компетентлигини шакллантириш технологияси/ Монография. – Т.: “Фан ва технология” нашриёти, 2013.
18. Педагогика назарияси / ОТМ учун дарслик. Муал.: М.Х.Тохтаходжаева ва б. Проф. М.Х.Тохтаходжаеванинг умумий тахрири остида. – Т.: “Iqtisodmo'ya”, 2010. – 136-140-б.
19. Педагогика: 1000 та саволга 1000 та жавоб / Методик қўлланма. У.И.Иноятов, Н.А.Муслимов, М.Усмонбоева, Д.Иноғомова. – Т.: Низомий номидаги Тошкент давлат педагогика университети, 2012. – 193 б.
20. Рўзиева Д., Усмонбоева М., Ҳолиқова З. Интерфаол методлар: моҳияти ва қўлланилиши / Мет.қўлл. – Т.: Низомий номли ДТПУ, 2013. – 115 б.
21. Сайидахмедов Н. Педагогик маҳорат ва педагогик технология. – Т.: Олий педагогика институти, 2003.



22. Султонова Г.А. Педагогик маҳорат. – Т.: Низомий номидаги ТДПУ, 2005.

23. Толипов Ў., Усмонбоева М. Педагогик технологияларнинг татбиқий асослари. – Т.: Фан, 2006.

24. Толипов Ў.Қ., Усмонбоева М. Педагогик технология: назария ва амалиёт. – Т.: “Фан”, 2005.

### **Электрон таълим ресурслари**

1. <http://www.edu.uz> - Ўзбекистон Республикаси Олий ва ўрта махсус таълим вазирлиги портали

2. <http://www.uzedu.uz> - Ўзбекистон Республикаси Халқ таълими вазирлиги веб сайти

3. <http://www.eduportal.uz> - Ўзбекистон Республикаси Халқ таълими вазирлиги ахборот таълим портали

4. <http://www.multimedia.uz> - Ўзбекистон Республикаси Халқ таълими вазирлиги ҳузуридаги Мультимедиа умумтаълим дастурларини ривожлантириш маркази сайти

5. <http://www.bimm.uz> - Ўзбекистон Республикаси Олий ва ўрта махсус таълим вазирлиги ҳузуридаги Бош илмий-методик маркази сайти

6. <http://www.pedagog.uz> - Тошкент давлат педагогика университети веб сайти

7. <http://www.giu.uz> - Тошкент давлат педагогика университети ҳузуридаги халқ таълими ходимларини қайта тайёрлаш ва уларнинг малакасини ошириш ҳудудий маркази сайти

8. <http://www.ziyonet.uz>. - ахборот таълим портали

9. <http://www.natlib.uz> – Алишер Навоий номидаги миллий кутубхона веб сайти.